

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Заң институты

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

А.М. Дүйсембеков

Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің кәсіби этикасы

Дәрістер курсы

Қарағанды 2017

Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша басылды. Хаттама № 3 «16» қараша 2017 жыл

Пікір жазғандар:

Қарағанды «Болашақ» академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты Е.Е. Серімов.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, с.ғ.к., полиция майоры Е.М. Баймұханов.

«Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» пәнінен дәрістер курсы; Қарағанды, 2017-135 бет.

«Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» пәні бойынша дәрістер курсына еліміздегі ІІО қызметкерлерінің кәсіби әдеп ұстанымдарының қалыптасу негіздері, мораль элементтері және қызметкерлердің бір-бірімен кәсіптік қарым-қатынас жасау мәдениеті сипатталған.

Дәрістер курсы заң институтының күндізгі оқыту факультетінің курсанттарына және сырттай оқыту факультетінің тыңдаушыларына арналған.

Дәрістер курсы Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды. Хаттама № 4 «24» қазан 2017 жыл.

Құрастырған: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция майоры А.М. Дүйсембеков.

1 – дәріс. Дәріс тақырыбы - «Этика ұғымы және оның пәні»

Дәріс жоспары:

Кіріспе

1. Этика тарихы: этиканың негізгі кезеңдері және бағыттары.
2. Ежелгі Шығыстың этикалық ілімдері.

Қорытынды

Кіріспе

Қазіргі кезде біздің қоғамда адамды танып, білуге деген ұмтылыс күннен-күнге артуда. Этика да, құқық та адамтанушы пәндер ретінде қалыптасуда. Бұл екеуін біріктіретін басты өзек - адам. Осындай тоғысудың нәтижесінде ғылыми талдаудың жаңа бағыттары ретінде құқық философиясы немесе тәжірибедегі құқықты орнықтырумен байланысты жеке құқық және жергілікті құқық қалыптасады. Құқық философиясына жүгіну — қазіргі заманғы адам өмірінде құқықтың алатын орнын түсінуге ұмтылыс. Құқық философиясы - құқықтың танымдық, құндылықты және әлеуметтік негіздері туралы ғылым, құқықтың мәні туралы ілім. Басқаша сөзбен айтқанда адамның қандай себептердің нәтижесінде және қандай мақсаттар үшін құқықты орнықтыратындығы туралы ғылым.

Құқық этикасы белгілі бір дәрежеде құқық философиясының сипатына ие. Алайда, құқық этикасының өзіне тән бірқатар ерекшеліктері де бар. Философия әртүрлі мектептер мен бағыттарға объективтік шолу жасауға, барлық құқықтық теориялардың жиынтығы мен олардың дүниетанымдық негіздерін қамтитын белгілі бір көзқарас қалыптастыруға ұмтылады. Ал құқық этикасы тек бір ғана аспектіні таңдайды. Ол біріншіден, құқықты емес, құқықтағы адамды қарастырудан, екіншіден, адамның құқыққа деген құндылық қатынасын талдаудан құралған. Бұл қатынас адамның құқықтық шындықты бағалауын білдіреді. Мұндай бағалау әрқашан жекелік сипатқа ие және іштей еркін бола

тұрып, адамгершілік сипатты да иеленеді: адамның еркіндік, әділдік, жақсылық пен жамандық, басқалар мен өзінің алдындағы борышы туралы көзқарасымен тығыз байланысты болады.

Құқықты түсінуде негізгі екі бағыт бар: объектіге зор мән беретін (объектоцентристік) және субъектіге зор мән беретін (субъектоцентристік) бағыттар. Этика бұлардың екіншісін таңдайды. Яғни, құқық этикасының субъектоцентристік бағыты басқа бағыттарды жоққа шығарады: бұл жерде ең маңыздысы — субъектінің мүдделері (бұл мәселеге ұқсас жағдай ретінде сот процесіндегі адвокатты тағайындау мен оның рөлін атауға болады).

Ал объектоцентристік бағыт адамға құқықта қалыптасқан мүмкіндіктерге тәуелді ауыспалы сипат береді. Яғни, адам жүріс-тұрыс еркіндігі "берілетін" немесе "берілмейтін" объект ретінде түсіндіріледі.

Құқық этикасының пәніне анықтама берместен бұрын этиканың пәні мен құқықтың пәнінің анықтамаларын келтіріп өткен жөн болар.

Мораль дегеніміз не? Бұл сұрақтың жауабы зерттеушінің объектоцентристік немесе субъектоцентристік бағытты ұстануына байланысты әртүрлі болады.

Объектоцентристік дүниетаным адамды табиғи және тарихи үрдістің нәтижесі ретінде қарастырады. Бұл көзқарасқа сәйкес, адамның дамуы экономикалық, саяси, техникалық жағдайлармен анықталады. Мұндай дамудың жоғарғы сатысы адамның ақыл-парасаты болып табылады. Аталған бағыт арқылы көптеген мәселелерді түсіну қиынға соғады: неге тарих көп жағдайларда адамды гуманизациялаудан алшақтатады, неге адам нақты жағдайларға нашар бейімделеді, неге ол қарама-қайшылықсыз бақытты көтере алмайды және т.б.

Субъектоцентристік дүниетаным адамды басқаша қабылдайды. Бұл бағытқа сәйкес адамның бойында болмыстың барлық құпиялары көрініс тапқан. Оны тек ұтымды әдістермен танып-білу мүмкін емес. Адам — микрокосмос, оның әлемінің нақты айқын шегі жоқ. Тарих дегеніміз адамның өзін-өзі

дамытуының «соқыр тәуекелі», ал объективтік шындық — адамның ішкі күш-қайратының дамуының, көрініс табуының нәтижесі.

Құқықтың пәніне жүгінуде, құқық туралы әдебиетте оны түсінудің кем дегенде екі жолы бар екендігін ескеріп өткен жөн: құқықты кең мағынада түсіндіру және тар мағынада түсіндіру. Кең мағынада құқық әдет-ғұрыпты (әдет құқығы), дінді (канондық құқық), табиғи құқықты, позитивтік құқықты, тірі құқықты және т.б. қамтиды. Тар мағынада құқық мемлекет жариялаған нормалар мен заңдардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, іс жүзінде құқықты түсінудің екі жолы қалыптасқан. Құқық қорғау органдары қызметінің негізгі мәні олардың атауынан айқын көрінеді: бұл мемлекеттің маңызды конституциялық міндеті - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды және сақтауды жүзеге асыру. Олардың басқа да қалған функциялары — қоғамдық тәртіпті сақтау, меншікті қорғау, қылмыстылықпен күрес, қоғамға қарсы бағытталған құбылыстардың алдын алу және тағы да басқа маңызды міндеттің элементтері. Құқық қорғау органдарының өзі де мемлекеттің элементі, оның негізгі құрылымдарының бірі - белгілі бір қоғамның қалыпты өмір сүруін ұйымдастыратын, әлеуметтік нормалар мен қатынастардың жүйесі ретінде құқықтың кепілі қызметін атқаратын билік құрылымы болып табылады.

Құқық қорғау органдары өз қызметін жүзеге асыруда мынадай негізгі әдістерді қолданады: құқық бұзушылықтардың алдын алу және ерекше жағдайларда тікелей зорлау нысанын иеленетін мәжбүрлеу санкцияларын қолдану. Жоғарыда келтірілген анықтамадан көрініп тұрғандай, «биліктік күш» түсінігі құқық қорғау органдары қызметінің негізгі сипаттамасы болып табылады.

Құқық қорғау органдарының қызметі туралы нақты білмейтін тұлғалар бұл жұмыстың адамгершілік мазмұны туралы ойланбайды да. Қарапайым, бұл қызметке қатысы жоқ адамның көзқарасы бойынша бұл құрылымдар тек қорқыту және зорлау құралдарын ғана қолданады. Олардың ойынша, бұл саладағы талаптар - осы құралдарды қолдану қабілетіне қойылатын талаптар.

Олар құқық қорғау органдары қызметкерінің жұмысында төмендегідей адамгершілік қасиеттердің ерекше рөл атқаратынын білмейді де: адалдық, адамдарға деген махаббат, әділеттілік, батылдық, қоғам алдындағы өз әрекеттері үшін жоғары жауаптылық. Қызметкерде аталған қасиеттердің бар болуы оның кәсібилігінің міндетті өлшемі болып табылады. Олардың бойында осы қасиеттерді тәрбиелеуге басшылардың, қызметтік ұжымдардың барлық іс-әрекеттері бағытталған. Қызметтің бұл жағына талаптарды қоғам да, қызметтік құжаттар да қояды.

Сол себепті де құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өз әрекеттерінің қаншалықты әділ екендігі жөнінде тұрақты түрде ойлануы заңды да. Мұндай жағдайда өз әрекеттеріне заң тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік, ар-ұят тұрғысынан да баға бере алған қызметкерді ғана жоғары кәсібилік ерекшелендіреді.

Бүкіл әлемде мемлекеттік қызметтің кәсіпкерлікке қарағанда пайдасы азырақ екендігі белгілі. Алайда, қоғамның саған билікті бергенін сезіну, мемлекеттік қызметтің кейбір артықшылықтары белгілі бір материалдық шығындардың орнын толтырады. Қоғамды, мемлекеттік қызметкерлерді сыйлау – қоғамның рухани және адамгершілік жағдайының, мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктілігінің маңызды көрсеткіші.

Әрине, қызметтің негізгі мәні болып заңға қызмет ету табылады. Алайда, бұл жерге ескеріп өтетін бір жайт, заң өз бетімен мақсат болып табылмайды, ол қоғамның игілігі үшін қызмет етеді. Қоғам заңды әділеттіліктің, яғни, қоғам мен мемлекеттің қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін жоғары адамгершілік бастаманың көрінісі деп таныған жағдайда ғана ол игілік болып саналады.

Егер азаматтар заңды әділетсіз, адамгершілік пен адамдыққа қарсы деп тапса, онда оны орындау қарама-қайшы, яғни, қоғамды тұрақсыздандыратын нәтижеге алып келеді. Заң- қасиетті ережелер. Сол себепті де, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қасиетті міндеті болып қандай жағдайда болмасын заңға қайшы әрекеттер жасамау болып табылады. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарының басты міндеттерінің бірі болып өзінің қызметтік борышын

орындау, басқаша айтқанда, заң талаптарын орындауда, оның нәтижесі адамгершілік сипатта болатындай және әлеуметтік әділеттілік талаптарының өмірге енуіне жағдай жасайтындай қызмет ету.

Сонымен құқық қорғау органдары қызметкері тұрақты түрде қоғам мен өзінің қызметтік құрылымының адамгершілік тұрғыдан бір-біріне әсер теу саласында қызмет атқарады. Бір жағынан ол қоғамның адамгершілік тәрбиешілік әсерін сезінеді, екінші жағынан, ол өзі азаматтарға тәрбиелік етеді: егер оның заң талаптарын орындауы әлеуметтік әділеттілік ісіне қызмет етсе және адамдар терең адамгершілік сипатта деп сезінсе, оның тәрбиелік әсері оң сипатта болады, ал егер азаматтар бұл әрекеттерді әділетсіз және адамгершілікке қарсы деп қабылдаса- кері әсері тиеді.

1. Этика тарихы: этиканың негізгі кезеңдері және бағыттары.

Адамдар әрекеті мен өнегелік сипатын айқындау үшін әр ұлттың өз өлшемі болған. Этностық өлшем моральдан да тереңірек жатыр. Белгілі бір таптың тұрмыс-тіршілігін, мұратын белгілейтін қоғамдық сананың айрықша формасы, қоғамдық қатынастардың ерекше түрі мораль (имандылық, имансыздық) дегеніміздің өзі жалпы адам баласының өнегелілік құбылыстарының туындысы.

Өсіп келе жатқан жас өрендер өздерінің ұлттық мәдениетін дамыта отырып, ғылымда, өндірісте, әскери және құқық салаларында еуропалық сияқты алға басу, яғни өркениетте оларға теңелуі қажет. Адамның мәдени болмысы өзі туып-өскен, тәрбиеленген мәдениеттің болмысына байланысты толысады. Адам баласының рухани жетілуінде шарықтаулар мен құлдыраулар алмасып отырған. Адамзат баласының әлеуметтік және рухани өмірінде үздіксіз қозғалыс болуы заңды құбылыс. Ұрпақ өткенді меңгеріп, қабылдап, түсініп, өзіміздің тарихи, рухани, мәдени байлықтарымызды, оның берік іргетасына сүйене отырып игеретін, бүкіл әлемдік өркениетке лайықты орын алатын кез туды.

Жалпы адамзаттың өркениет қазынасына өз үлестерін қосқан халықтардың мәдени және ғылыми мұраларын зерттеу – ғасырлар тереңінде өздерінің ізгі ойларын ұсынған ұлы адамдардың есімдерін ғана емес, әр ұлттың өзіне тән бай мәдениетін де көрсетеді. Басқа әлем халықтары сияқты қазақтар да бай, дамыған мәдени-ғылыми, философиялық ойлары бар халық. Мұндай зерделі халықтың әлемдік мәдениеттен тыс қалуы қиянат. Мақтануға да, өзгеге жарқыратып көрсете аларлық рухани қазынамыз, ата-баба қалдырған өткеніміз бар. Әрбір халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген әлеуметтік-философиялық ой-пікірлері болады. Жастардың мәдени және рухани өсу белестерін анықтау ісі өз алдына бір мәселе. Сонымен, ұлттың рухани мұрасы азаматқа ортақ болғанымен, әр халық оны түсінуге өз тіршілігі тұрғысынан келеді. Қазақ жерінің батысы Атыраудан, шығысы Алтайға дейін созылып, орасан зор көлемді алып, ертеден рулық, тайпалық бөлінуіне қарамастан түрлі аймақтардағы дүниетанымдық көзқарастары ортақ.

«Қазақтың кең алқапқа қоныс тепкен, сан жағынан көп өзіндік этномәдени мұрасы бар. Бірегей антропологиялық тұрпаты, ұлттық мінез-құлқы бар екенін де естен шығаруға болмайды. Бір ғажабы – аса зор кеңістікті мекендегеніне қарамастан, әр кезеңде өз рухына қуат берелік нәр таба алады да, рухани дүние байлығы адамзатқа ортақ болғанымен, әр ел оны түсінуге өз тіршілігі тұрғысынан келеді», - деп жазады Қазақстан философтары І. Ерғалиев пен Е.Телібаев.

Егемендікке қол жеткізгеннен соң жаңа тәуелсіз мемлекеттер өздерінің ұлттық ой-сана, салт-дәстүрлерімен қоса, жалпы мәдени – рухани дүниелеріне зер сала бастады. Ұлттық қоғамдық ойлар ішінде дәстүр мен қазіргі уақыт арасындағы қайшылық пайда болды. Батыстың рухани байлықтарына тәнті болудан арылып, ұлттық ойдың ерекшелігін меңгерудің уақыты келді. Бірақ Еуропаға тән нәрсенің барлығын бойды ала қашудың қажеті жоқ. Қазіргі кезде ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлықтары тиімді үйлестіру мәселесін алға қоя отырып, оларды мүлдем жаңа жағдайда сабақтастыра жүйелеу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі өркениеттіліктің тіке жолына түсінуге

мүмкіндік берумен қатар, біздің қоғамдық-әлеуметтік және рухани өміріміздегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Осы айтылып отырған тұжырым білім алушылардың қазіргі ұлттық санамыздың өткенін, бүгінгі игілігін, болашақ мақсатын диалектикалық тұтастыққа қарастырып, дүниетанымдарының сапалық нәтижелерін дамытуға мүмкіндік береді.

Белгілі тарихшы Қазақстанның ежелгі тарихын жетік меңгерген, XX ғасырдың көрнекті ғалымы, тарихшы-этнолог, тарих және география ғылымдарының докторы, ақын аудармашы Л. Гумилев «Өз тарихын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес», - деген пікірін қолдауға тұрарлық. Ендігі жерде қоғамның рухани өміріндегі қажеттіліктерді (факторлар. әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени-рухани кешендер, т.б.) жан-жақты түбегейлі зерттеп, бағыт-бағдарын саралап, жасөспірімдердің дүниетанымдарын нарықтық экономика талаптарына сай қалыптастыру білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған ауқымды мақсат.

2. Ежелгі Шығыстың этикалық ілімдері. Этикалық білім Ежелгі Шығыс (Египет, Месопотамияда, Қытай, Үндістан), мемлекеттер VI-II мыңжылдықта қалыптаса бастады. Суармалы негізінде бассейндер «ұлы өзен», табиғи апат ырғағы, қажеттілік өнімді саласындағы ұйымдастырылған ұжымдық күш, тілегі, табиғат тепе-теңдігін сақтауға, қол сұғылмауын және тиімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік негіздері, сондай-ақ терең діни және таралуы Cults - Ежелгі Шығыс осы барлық алдын ала анықталған жолы адам. Адамның өмірі - туғаннан өлгенге дейін - әлеуметтік нормалар мен ережелерді сақтаңыз және оларды өз ауқатының басты шарты болып табылады, оған тиесілі бір мағынада оған берілген әлеуметтік құрылымы, басқалары, жеке қауіпсіздік деген тұжырыммен шектеледі. Шығыста даналық «өмір» ғылым, сондықтан шығыс этикалық ілімдері шыққан олардың батысшыл өмір салтын түрлі адамдардың әлеуметтік-өндірістік, тұрмыстық қызметі. Этикалық даму арнайы, әлеуметтік және мәдени жағдайында өтеді:

Шығыс елдерінде жоғарғы билік шектелместен монархтың (халиф, хан, патша, сұлтан, король, император және т.т.) қолында болды. «Жерге мемлекет иелік етеді, ал мемлекет бүкіл халықтың игілігі үшін қызмет етеді» деген көзқарас қалыптасты. Патша әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарға әкелік қамқорлық көрсетеді, ал оның қол астындағылардың оған ешқандай талап қоюға қақылары жоқ. Себебі билеуші халық алдында емес, тек құдай алдында ғана есеп береді. Бұл елдердің тәртібі, саяси ойы өткен ұрпақтың дәстүр-салтына берік берілгендікті білдіретін. Қоғамда орнатылған тәртіп өмір бақи өзгерместей көрінді. Ондағы өзгерісті адамдардың құдай қағидаларын орындамағандықтан туып отыр деп ұқты. Билік орнатылған тәртіпті, шындықты, әділеттікті, мамлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құралы деп есептелінді. Біздің з.б. бірінші мыңжылдықтың ортасында саясат діни-мифологиялық танудың орнына философиялық-этикалық түсіну түрі келеді. Мұнда аса зор еңбек еткендер –Конфуций, Платон, Аристотель сияқты ғұлама ғалымдар. Бұл ойшылдар саясатты теориялық тұрғыдан зерттеп, оны этикамен тығыз байланыстыра қарады. Олар саясатты адамдардың мақсат-мүддесіне сай келуге, адамгершілікке негізделуге тиіс деп ұқты. Әдетте, саясаттанудың негізін қалаушы деп данышпан ғалым Аристотельді атайды. Өйткені ол лицей ашып. сонда саяси ғылымды жеке пән ретінде оқытып, өзі жүргізді. «Саясат» деген еңбек жазып, онда ежелгі грек мемлекеттерінің (онда әрбір қала мемлекет болып есептелетін) саяси жүйесін зерттеді. Дегенмен ұлы ғалым саясаттанудың пәнін қазіргі біздің - түсінігіміздей басын ашып бере алмады. Ол саясаттың негізі адамның өзімшіл, хайуандық табиғатында жатыр деп ұқты. Жеке адам көзсіз құмарлыққа берілгіш келеді. Сондықтан оның соқыр сезімін тежеп, жалпыға ортақ игілікке, әділеттілікке жетуді жеңілдету, адамның адамгершілік қасиетін арттыру үшін саясат жүргізу керек деп түсінді. Сонымен қатар ол саясаттану мәселелерін, фәлсафа (философия) мәселелерімен бірге қарады.

Шығыс ойшылдары мемлекеттің, саяси биліктің мән-мағынасы неде және кімге қызмет етеді, қоғамдық құрылыстық қандай түрлері бар және олардың ең жақсысы, халыққа ең қолайлысы қайсысы деген сияқты сауалдарға жауап іздеген. Бірақ ол кездегі пайымдаулар негізінен діни-мифологиялық сарында болатын. Себебі, ертедегі адамдар жер бетіндегі өмірге құдайдың құдіретінен туған жалпы әлемдік космостық тәртіптің ажырамас бөлігі ретінде қарадық. Мысалы, Мысырда (Египетте), Вавилонда (қазіргі Ирак), Үндістанда, сол кездегі мифтарға сүйенсек, басқарушының билік көзі құдайда және ол жер бетіндегі істерді реттеп, тындырып отырады. Көне Қытай мифы бойынша билік құдайдың құдіретімен жүргізіледі де, ал іске асырушы онымен байланысты император болып есептелген. Ежелгі гректерде ең алғашқы билікті жүргізуші құдайлардың өздері болыпты-мыс. Біздің з.б. бірінші мыңжылдықтың ортасында саясат діни-мифологиялық танудың орнына философиялық-этикалық түсіну түрі келеді. Мұнда аса зор еңбек еткендер — Конфуций, Платон, Аристотель сияқты ғұлама ғалымдар. Бұл ойшылдар саясатты теориялық тұрғыдан зерттеп, оны этикамен тығыз байланыста қарады. Олар саясатты адамдардың мақсат-мүддесіне сай келуге, адамгершілікке негізделуге тиіс деп ұқты.

Сократ – б.э.д. 469 жылы Грецияның Афина қаласында туған ежелгі грек философы. Табиғат пен адамды тығыз байланыста қараған. Антикалық философияның негізін қалаған. «Әркім зұлымдықты ойлап таппайды, ол адамның өз еркімен болатын шаруа» және «Ешкім жамандық жасамайды, жамандықты білмегендіктен жасайды» деп есептеген.

Аристотель б.з.б. 384 ж., Стагира (Орталық Македония) дүниеге келген ежелгі грек философы, Платонның шәкірті, Ескендір Зұлқарнайынның (Ұлы Александр) ұстазы, «адамзаттың бірінші ұстазы» деген құрметті атаққа ие. Ол ғылым мен парасаттың көптеген тақырыптарын жүйелі әрі жан-жақтылы зерделеп, жаратылыс пен өмірдің түрлі құбылыстарына нақты ғылыми зерттеулер жасап, артына сүбелі еңбектер жазып қалдырды. Аристотель ғылымның көптеген саласының алғашқы негізін қалады, олардың арасында

физика, метафизика, поэтика, театр, музыка, логика, риторика (шешендік өнері), саясат, этика, эстетика, биология, зоология және экономика қатарлылар айрықша аталады. Ол қалдырған философиялық пайым жүйесі мен ғылыми зерттеу дәстүрі кейінгі мұсылмандық және христиандық мәдениетке, шығыс-батыс өркениетіне айрықша ықпал етті. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы өзінің «Ескендір» поэмасында Ескендірдің көзтоймастығына салыстырмалы Аристотельдің ғажайып даналығын айқын сипаттайды.

Сократ, Платон, Аристотель үштігі ежелгі грек философиясының шыңы ретінде айрықша құрметпен аталады.

Аристотель ең алғаш этика, эстетика, логика, ғылым, саясат және метафизика сияқты мәселелерді толық қамтитын жан-жақты философиялық жүйені құрды.

Аристотельдің физикалық көзқарастары ортағасырлық ғылымның қалыптасуына терең әсер етіп, ренессанс дәуіріне дейін созылды. Бірақ кейін ол Ньютон физикасына орын берді.

Оның алты кітаптан тұратын «Органоны» ойлау әдісін қарастыратын логиканы тұңғыш рет философиялық деңгейге көтерді. Оның еңбектерінде ең алғашқы логикалық зерттеулер жасалған, соның негізінде ХІХ-шы ғасырда формальды логика ғылымы қалыптасты.

Аристотельдің метафизикалық ілімі иудаизм және ислам философияларына зор ықпал етті. Аристотель этикасы — Никомах этикасы деп те аталады, қазіргі заманға дейін айтарлықтай маңызға ие. Дегенмен ұлы ойшылдың барлық мұрасы түгел айқындалды деуге болмайды, Аристотель философиясының түрлі қырлары әлі де терең зерттелуде.

Биология ғылымдарында ол жасаған кейбір зерттеулердің дұрыстығы тек ХІХ ғасырда ғана расталды. Аристотель - Гиппократтың шәкірті, философия ілімінің бірінші ұстазы ретінде сол кездегі басқа да ойшыл ғалымдармен қатар барлық ғылымдардың, оның ішінде морфологияның дамуына да зор үлес қосты. Аристотель салыстыру әдіснамасын пайдалана отырып, жануарлардың 500-ден аса түрлерінің дене құрылысын зерттеу жасап, морфологиялық ғылыми тұжырымдар туғызды. Аристотель жануарлар денесінің еркін қозғалысын

мидың басқаратынын, сүйекқаптың маңызын, жүрек пен қан тамырлар байланысын дұрыс түсініп, жүйкені басқа мүшелерден ажырата білді. Аристотель өзінің ғылыми еңбектерімен салыстырмалы анатомияның, зоологияның және эмбриологияның негізін қалаған болатын.

Аристотель мұсылман ғалымдарына да жете таныс болды. Көптеген шығармалары орта ғасырда араб тіліне аударылды. Шығыс ойшылдары Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн-Рушд қатарлы Аристотель танушы, Аристотель ілімін жалғастырушы ойшылдар мұсылман перипатетиктері Аристотельді зерттеу мен ғаламды философиялық және ғылыми тануды қатар жалғастырды. Аристотель құрметтеліп «Бірінші Ұстаз» деп дәріптелді. Ал екінші ұстаз – түркі-қыпшақ ойшылы Әл-Фараби болатын.

Аристотель кезінде көптеген өте көркем шығармалар мен диалогтар (Цицерон оның әдеби стилін «алтын өзен» деп атаған) жазса да, оның жазбаларының көпшілігі бізге дейін жетпеген. Оның кейбір еңбектері біресе табылып, біресе қайта жоғалып отырды. Кейбір пайымдаулар бойынша, оның жазбаларының тек бестен бірі ғана сақталған.

Құқықтар мен этикалық құқықтардың қайнар көзі- біреу. Олардың құрамына әдет-ғұрып, діни және жекелеген тыйым салушы ғұрыптар жатады.

Құқықтық этиканың қайнар көзін анықтауда үш принципті басқаруға алуға болады. Бірінші, қазіргі уақытта пайдаланылып жүрген, құқықтық және моральды-этикалық жүйелерді зерттеу.

Екінші принцип, осы құқықтық және моральды-этикалық жүйелердің даму динамикасы мен олардың өзгеруін, өзара байланысын және бір-біріне қарама-қайшылықтарын көрсету.

Үшінші принцип- сыртқы, көрінетін реттеуші механизмдердің және көрінбейтін, жасырын механизмдердің есебін жүргізу. Бұл механизм тек қана сырттай бақылаушы ғана емес, адам үшін де, жасырын құпия. Сыртқы және ішкі себептердің өзара салмағы және байланысы, әр түрлі жағдайларда өзгеріп отырады.

Этика саласы моральмен тығыз байланысты екендігі баршаға аян. Ал А. А. Гусейнов моральдың ерекшеліктерін былай анықтаған:

а) ол адамның бірігіп өмір сүру қабілетін сипаттайды және адамдар арасындағы қатынастардың нысанын білдіреді;

ә) моральдық заң әрекетінің субъект ісі мен объектісін бөліп қарастыруға жол бермейді, яғни, моральды жариялау мен оны өз басынан өткеру — бұл біртұтас үрдіс;

б) мораль — адамның ерікті түрде өз мойнына алған ауыр жүгі. Мораль — адамның өзін-өзі бәске тігуімен сипатталатын ойы. Сократ у ішуге мәжбүр болған. Иса пайғамбар керіп шегеленген. Джордано Бруно отқа жандырылған. Ганди өлтірілген. Міне, бұл ойдың ұтыстары осындай.

Заңдар жекелеген адам санаттарына қатысты катал, моральға қайшы, қайырымсыз болуы мүмкін. Неге? Бұл сұраққа жауап беру үшін, мораль мен құқықтың өзара әсерін талдауға тырысып көрелік. Яғни, алдымен, құқықтың адамгершілік құндылықтар мен моральдық нормалар туралы көзқараста қалай көрініс табатынын, содан кейін, моральдың құқыққа қалай әсер ететінін қарастырайық.

Мораль адамзат қоғамының немесе жеке адам дамуының белгілі бір кезеңінде, яғни, филогенезде және онтогенезде пайда болады. Моральдан бұрын адамдық "Меннің" қалыптасуының сатылары орын алады:

а) *Табыну сатысы* адамның "Біз" феноменінен көрініс табатын әлеммен біртұтастығын, оның әлем мен басқа адамдардан ажырамайтындығын, адамның дүниетанымының басқалармен біртұтастығын білдіреді;

ә) *Мәдениет сатысы* адам қызметінің және адамдық ерекшеліктердің алуан түрлілігі жағдайындағы мәдени нысандарды іріктеуді білдіреді. Бұл сатыда біз адамгершілік деп атайтын адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың табиғи нормалары қалыптасады, негізгі адамгершілік құндылықтар: еркіндік, жақсылық, жамандық, әділдік пайда болады. Мәдениет сатысы өркениеттің пайда болуымен аяқталады.

б) *Социум сатысында* жақсылық, жамандық, еркіндік құндылықтары борыштың әлеуметтік түсінігіне ауысып, нақты бір қоғамда әлеуметтендіріледі де, әлеуметтік және құқықтық нормаларға айналады. Бұл кезде олардың адамгершілік бастамасы біртіндеп жоғалып, жойылып кетеді. Егер алдыңғы сатыда біз *гуманистік этика* (фр. *hitaпііe* — адамды сүю) туралы сөз қозғасақ, бұл сатыда *әлеуметтік этика* жөнінде пікірлер айтылды. Әлеуметтік этиканың ерекшелігі — ол жекелеген, нақты бір адамның емес, социумның мүдделеріне бағытталған. Адам бұл этикада қоғам әсер ететін объект ретінде немесе басқа социум (қоғамның немесе белгілі бір әлеуметтік институттың бөлігі) ретінде көрініс табады.

Әлеуметтік этика, ең алдымен, адамның жүріс-тұрысының сыртқы келбетіне, оның этикеттік имиджіне назар аударады. Ол адамдағы сыртқы мен ішкі элементтерді тікелей түрде бөліп қарастырады, сөйтіп, оны еркіндіктен айырады. Осыған байланысты, адамға сыртқы әсер мен жеке мінез-құлық арасындағы ішкі шиелініс қайнар шегіне жетіп, ол сыртқы қарама-қайшылықтардан көрініс табады.

Осылай, қазіргі кездегі түсініктегі құқық салыстырмалы түрде кеш, өркениеттің пайда болуы жағдайында пайда болған. Ол күрделенген сыртқы әлеуметтік өзара әсерлесулердің жүйесінде адам тұлғаға айналған кезде пайда болады. Осы кезде адамның жекелеген адамдық бастамасы көлеңкеге, яғни, жыныстық, достық қарым-қатынастар, жеке шығармашылық әлеміне ауысады, ал бұл жағдайда адамгершілік норма, құндылықтың қажеттігі туындайды. Занды социологизм асқан дәлдікпен әлеуметтік психологияның, антропологияның, адам биологиясының жаңалықтарынан, техникалық өнертабыстардан не алуға болатынын "ескере" отырып, құқықтың, заңның барлық салаға талғаусыз әсер ететіндігін керсетеді.

Құқықтық субъектіндегі этика ұғымы - дербес зат. Ол адамның мемлекетпен бекітілген құқық пен заңдарға деген өзіндік арақатынасы болып табылады. Бұл арақатынас адамның жеке азаматтық және саяси институттарға деген көзқарасы арқылы білінеді.

Сонымен құқықтық этиканың субъектілігіне кез-келген, құқықтар мен міндеттерді иеленген адам ие бола алады. Ол құқықтарды жүзеге асыра отырып, өзінің қалыптасқан құқықтық межелерге деген қатынасы мен көзқарасын көрсетеді.

Этиканың субъектісі дегеніміз - заң шығарушылық пен қолдануды тікелей жүзеге асыратын маман адам.

Заң әртүрлі мақсатта пайдаланылуы мүмкін. Бұл заңға байланысты емес, бұл заңды өзінше түсініп, қолданып отырған заңгерге тікелей байланысты.

Кәсіби этика субъектісінде бірінші орынға құқыққа деген бағалы қатынас қалыптасуы керек. Оның құқықтық шығармашылықтағы рөлі өте төмен. Адам мінез-құлқын мақсатты түрде жүзеге асырады, яғни алдыға мақсат қояды және оған қозғалыстың стратегиясын таңдап, бір жағдайда бола тұра оған тарихи және әлеуметтік үрдісті, қоғамдағы материалдық және рухани іс-әрекетті енгізеді. Өзінің мақсатына жетудің қажеттілігі мен мүмкіндігі және кәсіби іс-әрекеттің нәтижесіндегі қажеттілік — адамның мінез-құлқын мақсатты түрде жүзеге асыруда пайда болған іргелі әлеуметтік алғышарт.

Ішкі істер қызметкерлері үшін өзінің мінез-құлқындағы уәждеменің өте маңызды екендігін ұғынуы керек, себебі оның тәжірибелік қызметінде маңызды әлеуметтік мақсатқа жету — азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Бастапқы оңайлатылған таңдау сызбасы барлығымызға белгілі. Ежелгі қазақ халық ертегісінің сюжеті бәрімізге де белгілі, ондағы батыр құздың алдына тоқтайды және алдынан оның жасаған әрекетінің кейінгі салдарын анықтайтын, әрбір таңдаған жолы: «Оңға барсаң... солға барсаң...» деген үш нұсқаулыққа бағытталған жолды көрсетеді.

Шынайы тәжірибеде тұлға өзінің ізгілік ұстанымын анықтауды талап етуін және амал жасауын анықтайтын мыңдаған жағдаяттармен кездеседі. Тұлға парыз бен ұжданды басшылыққа ала отырып, мейірімділік пен зұлым-

дық, ізгілік пен әдепсіздік туралы көзқарасын білдіре отырып, шешімді қабылдайды. Таңдау адамның барлық өмірінде қабаттасып жүреді.

Таңдау — толық түсініктер кешенін негізге алып, адамның іс-әрекетінің басты актісін сипаттайтын сөз. Таңдау — нысаналық мінез-құлықтың алғашқы бөлшегі мен әмбебап құрылымы. Таңдау — адамның іс-әрекеті саласындағы қарапайым нұсқаулықтарды, оның өміршеңдік күшіне ұсыныс беру аясын, кез келген әрекетінің мағынасын анықтауды, мейірімділік пен зұлымдық әлеміне бағытталған оның құндылықтарын, міндетті толықтыруларды талап ететін сөз.

Әдеп қарым-қатынас жасау жағдайында әсіресе, қайталанып келетін жағдаяттарда (амандасу, танысу, қонақ қабылдау, қоғамдық жерлердегі мінез-құлық және т. б.) тез бағыт алуға көмектеседі. Әдеп нормалары ереже бойынша, қарым-қатынас нормаларының әліппесі болып саналады. Әдеп мәдениеті, әлеуметтік және ізгіліктің қиындықтары мен қайшылықтарына байланысты қоғаммен бірге дамиды. Танысу кезіндегі әдеп ережесі бойынша жалпы таныс адам сізді таныс емес адамға (немесе оны сізге) таныстыруы талап етеді. Біріншіден, әдеп өте жақын адамды таныстыруды үйретеді. Егер ер адам мен әйел адамның жастары шамалас болса, онда ер адам әйел адамды таныстыруы тиіс.

Қарым-қатынастың этикалық формаларын қалыптастыруда прагматикалық (іскери) байып өз әсерін тигізеді. Мұндағы қарым-қатынастың әртүрлі этикалық формаларының түрлі қызметтегі өкілдерді бар. ІІБ инспекторының қарым-қатынас формасынан экономикалық қылмыстармен күрес бойынша бөлім инспекторының қарым-қатынас формасының ерекшелігі бар.

Әдепте эстетика мен әдеп үйлесім табады. Әдеп — әдемі «эстетикалық әдеп» болып табылады.

Қорытынды.

Құқық жүріс-тұрыстардың сыртқы жағына, ал этика олардың ішкі жағына мән береді. Олардың өзара күресіне қарамастан, құқықтық норма өзінің моральдық, адамгершілік мазмұнының арқасында ғана өмір сүреді. Осы жағдай арқылы көптеген «бос» заңдардың өмірде көздесуі түсіндіріледі. Сондықтан да, құқық моральдық климатты, адамгершілік құндылықтарды сақтау үшін мүдделі. Себебі олар құқықты қоректендіріп отырады.

Құқықтық және адамгершілік нормалардың шиелінісі көп жағдайларда адамды зорлауға, қанауға бағытталған тоталитарлық жүйе заманында мемлекет мүдделерінің адамның табиғи құндылықтарымен қайшы келетін заманында орын алады. Бұл шиеліністен шығудың бірден-бір жолы — құқықты өзгерту, оны адамға қарай ыңғайландыру, адамның мүдделері мемлекет мүдделерінен жоғары тұратындай, ал мемлекет адамның өзін-өзі жүзеге асыруына мейлінше мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін құрал болатындай етіп жағдай жасау.

Егемендікке қол жеткізгеннен соң жаңа тәуелсіз мемлекеттер өздерінің ұлттық ой-сана, салт-дәстүрлерімен қоса, жалпы мәдени – рухани дүниелеріне зер сала бастады. Ұлттық қоғамдық ойлар ішінде дәстүр мен қазіргі уақыт арасындағы қайшылық пайда болды. Батыстың рухани байлықтарына тәнті болудан арылып, ұлттық ойдың ерекшелігін менгерудің уақыты келді. Бірақ Еуропаға тән нәрсенің барлығын бойды ала қашудың қажеті жоқ. Қазіргі кезде ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлықтары тиімді үйлестіру мәселесін алға қоя отырып, оларды мүлдем жаңа жағдайда сабақтастыра жүйелеу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі өркениеттіліктің тіке жолына түсінуге мүмкіндік берумен қатар, біздің қоғамдық-әлеуметтік және рухани өміріміздегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Осы айтылып отырған тұжырым білім алушылардың қазіргі ұлттық санамыздың өткенін, бүгінгі игілігін, болашақ мақсатын диалектикалық тұтастыққа қарастырып, дүниетанымдарының сапалық нәтижелерін дамытуға мүмкіндік береді.

Белгілі тарихшы, Л. Гумилев «Өз тарихын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес», - деген

пікірін қолдауға тұрарлық. Ендігі жерде қоғамның рухани өміріндегі қажеттіліктерді (факторлар, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени-рухани кешендер, т.б.) жан-жақты түбегейлі зерттеп, бағыт-бағдарын саралап, жасөспірімдердің дүниетанымдарын нарықтық экономика талаптарына сай қалыптастыру білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған ауқымды мақсат.

2 – дәріс. Дәріс тақырыбы - «ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының категориялары»

Дәріс жоспары:

Кіріспе

1. Кәсіби борыш.
2. Кәсіби әділдік.

Қорытынды

Кіріспе.

Барлық ғылым түрлеріндегі сияқты этикада да бірқатар категориялар бар. Категориялар заңдармен, қағидалармен, әдістермен біріге отырып, кез-келген ғылымның мазмұнының негізін құрайды. «Категория» сөзінің өзі грек тілінен шыққан. Ол арқылы шынайы өмірдің маңызды жақтарын көрсететін мейлінше жалпы түсініктер сипатталады. Ол — адам танымының өзекті пункттері.

Этика категориялары — моральдың ең мәнді жақтары мен тұстарын көрсететін, ғылым ретіндегі этиканың теориялық аппаратын құрайтын жалпы түсініктер. Этика категориялары адамгершілік сананың теориялық деңгейінде өмір сүреді. Олар — рухани, идеалды тәртіптің құрылымдары, болмыстың адамгершілік жақтарының субъективтік көрінісі, әлеуметтік құбылыс ретіндегі мораль туралы жүйеленген, ғылыми негізделген, теориялық білімдер жиынтығы.

Сонымен қатар, моральдық құбылыстардың көрініс табуы тек теориялық деңгейде ғана жүзеге асырылмайтындығын ескеру қажет. Олар нақты сезімдер. Көзқарастар, арман-тілектер және т.б. түрде карапайым сананың деңгейінде де көрініс табады. Жоғарыда аталған екі деңгейде де, көрініс тапқан элементтер бірдей сөздермен сипатталады. Мысалы, борыш категориясы бар екені белгілі, сонымен қатар жеке тұлғаның борыш туралы көзқарасы да бар.

1. Кәсіби борыш.

Борыш категориясы — этикадағы маңызды категориялардың бірі. Ал кәсіби этикадағы оның алатын орны тіпті ерекше. Мораль саласын жеткілікті негіз бен міндеттіліктер саласы деп те атайды: қайырымды бол, адал бол, әділ бол. Борышта басқа категорияларға карағанда міндетті себепті жақ әлдеқайда жоғары дамыған. Ол тек идеяға нақты анықтама беріп қоймайды, сонымен қатар, оған бұйрықтық сипат береді: шақырады, талап етеді, оның жүзеге асуын қалайды. Борышты адам болу — оның мәнін, талаптарын білу ғана емес, осы талаптарды тәжірибеде сақтау да.

Көпгеген ғұламалар борыш сезімін жоғары бағалаған. И. Кант жазғандай, борыш — адамды өзінен өзін жоғары етіп қоятын ұлылық. А. Блок та оған қосылғандай: «Борышыңды ұмытпа, ол — бұл әлемдегі жалғыз әуен. Борышсыз өмір де, құштарлық та жоқ» деген.

Борыш категориясы кең қолдауды тапқан сала болып ежелден бері әскери және құқық қорғау қызметтері саналады. Осы салаларда шынайы да, жалған да борыш адамдарға әсер етуші негізгі күш ретінде қолданылып келген және әлі де қолданылуда. Сол себепті де, мансапқорлық мақсаттарға жетуде осы категорияны пайдалану жиі кездесіп жатады. Мұндай борыш шынайы ма, жалған ба — оны анықтау өте қиын.

Құқық қорғау органдарының қызметкерінің кәсіби борышы қоғамдық борыштың құрамдас бөлігі бола тұра, өзінің объективтік және субъективтік көрінісі бойынша адамгершілік сипатқа ие. Борыштың объективтік мазмұнының моральдық құндылығы оның ең жоғарғы және әділ міндетті шешуге бағытталуымен тығыз байланысты. Бұл міндет — тұлғаның құқықтары

мен бостандықтарын қорғау, өз мемлекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті нығайту. Алайда, әскери борыштың шынайы мүмкіндіктері субъективтік адамгершіліктік қатынаспен толықтырылғанда ғана айқын көрінеді. Себебі, адам қоғамдық міндеттерді өзінің жеке міндеттеріндей қабылдап, сезінгенде ғана, өз қызметіне бар жан-тәнімен берілгенде ғана борыш туралы сөз қозғауға болады.

Құқық қорғау органдары қызметкерінің борышы — тұлғаны, қоғамды және мемлекетті қорғаудың объективтік қажеттіліктерінен туындайтын, мемлекеттік-құқықтық талаптармен және адамгершіліктік ішкі сезімдермен толықтырылатын ерекше міндет.

Негізгі тілек пен борыштың сәйкес келуі адамгершілік үшін ерекше бір мәселе. Борыш пен тілектің объективтік талаптарының сәйкес келуін түрлі ғалымдар түрліше түсіндіреді. Кейбір ғалымдардың ойынша, міндетті нәрсе мен қалаулы, нәрсенің арасында ешқандай қарама-қайшылықтар жоқ. Алайда, кез келген адам эмпирикалық жол арқылы басқаша қорытындыға келе алады. Әрине, қоғамдық міндеттілікті өзіндік талап ретінде түсіну міндеттілік пен қалаушылықтың арасын біршама қысқартады. Мұндай жақындастыққа күмән жоқ, бірақ, ол ешқашан абсолюттік сипатқа ие бола алмайды және міндеттілік пен қалаушылықтың арасындағы белгілі бір қарама-қайшылықтарды жоя алмайды. Сонымен қатар, борыш пен тілекті бірін-бірі жоққа шығаратын талпыныс, оларды мәңгілік қарама-қайшылық ретінде қарастыратын көзқараста дұрыс емес. Ақиқат осы екі көзқарастың ортасында деген дұрыс болар. Борыш пен тілек — бірін-бірі жоймайтын қарама—қайшылықтар, Олар бір-біріне жақындасуы немесе бір-бірінен алшақтауы мүмкін, бірақ іс жүзінде бірін-бірі ешқашан жоймайды. Бұл жерде ерекше атап өтетін бір жайт — ақыр аяғында борыш белгілі бір тілекке жетуге негіз болып табылады, ал тілекті дұрыс түсіну борышты нәтижелі орындауға алып келеді. Борыш сезімі жоғары дамыған тұлға әрқашан өзінің субъективтік талаптары мен құштарлықтарынан жоғары тұра алады және өзін борыштың талаптарына бағындыра алады. Осылай, міндеттілік белгілі бір дәрежеде тілекке айналып, сыртқы талпыныстан

тұлғаның ішкі талпынысына ауысады. Борыш пен тұлғаның талпыныстары, құштарлықтары арасындағы, борыш пен өзін-өзі сақтап қалу сезімінің арасындағы қарама-қайшылықтар тапсырылған істің жүзеге аспай қалуымен қатар құқық қорғау органдарының қызметкері үшін өте ауыр салдарға әкеп соғады. Тіпті, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жүріс-тұрысының механизмі, олардың ұжымындағы адамгершіліктік қатынастардың мәні үш маңызды факторға негізделеді:

- қызметкердің ұжымнан, мемлекеттен және қоғамнан тәуелділігі, абырой сезімінен көрініс табатын оның қоғамдық қолдауға мүдделілігі;
- объективтік анықталған мүмкіндіктер түрінің шегінде қызметкердің белгілі бір жүріс-тұрыс түрін таңдау мүмкіндігінен көрініс табатын тәуелсіздігі, бостандығы;
- өз әрекеттерінің «еркіндігінің» нәтижелері мен салдары үшін қызметкерлердің жауапкершілігі, яғни, әрбір жекелеген қызметкердің ұжым мен қоғам қалыптастырған адамгершіліктік нормалар шегінде өзінің моральдық тандауына жауап беру міндеті.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік борышының объективтік және субъективтік жақтары болады. Объективтік жақ — мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау, оның азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттігімен анықталады. Субъективтік жақ — мемлекеттің құқық қорғау органдарының алдына қойған төмендегідей нақты міндеттерімен анықталады: құқықтық тәртіпті нығайту, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігінің, оның азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға байланысты өзіне жүктелген міндеттерді орындаудағы қызметкерлердің саналылығы және жауапкершілігі, әрбір қызметкердің борыш талаптарын, жалпы істегі өз орны мен рөлін түсінудегі өзінің борышқа деген ішкі сезімін анықтаудағы, өзіне-өзі жоғары талаптар қоя білудегі қабілеті мен дайындығы.

Құқық қорғау органдарының кейбір мақсат—міндеттері ерікті және мақсатқа жетелеуші қызметке айналады, себебі, оларды қызметкерлер әділ әрі ақиқат ретінде қабылдайды. Ішкі қозғаушы себеп құқық қорғау органдарының әрбір

қызметкерінің адамгершілік борышының мәніне тұлғаның адамгершіліктік күштерінің қайнар көзі ретінде еніп кетеді.

Ескеріп өтетін бір жайт, қоғамдық борыштың талаптары қоғамның барлық мүшелері үшін бірдей. Алайда, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегі ерекше. Олардың борышына қойылған талаптардың ерекшеліктерін олардың алдына қойылған міндеттерімен, олардың қызметтерінің ерекшеліктерімен байланыстыруға болады. Мұндай қызмет жоғары жауапкершілікті, ұйымдастырушылықты және адамгершілік, дене күштерін барынша пайдалануды талап етеді.

Құқық қорғау органдары қызметін ұйымдастырудың ерекшелігіне қарай олардағы адамгершіліктік қатынастар азаматтық өмірдің басқа салаларына қарағанда құқықтық нормалармен әлдеқайда жан-жақты реттелген. Сол себепті де, борыш — тілек емес, ол ең алдымен, мемлекет пен қоғамның талабы және бұл талаптың орындалуы міндетті сипатқа ие. Борыштың адамгершіліктік мазмұны заң күшіне ие құқықтық талаптармен бекітіледі. Борыштың адамгершілік сезімі арқылы көптеген жоғары қасиеттер ашылады. Олар: саналы ынта, қайрат, абырой, қоғамдық міндеттерге деген белсенді қатынас.

Кәсіби борышты тікелей көрсететін және бекітетін қатынастардың барлығы адамгершіліктік және құқықтық беделге ие. Моральдық нормаларды бұзу көп жағдайларда заң нормаларын бұзуды да білдіреді. Аяқталма, жарғыларда, нұсқауларда көрініс табатын заңды рәсімделген борыш талаптарында моральдық бағалау мен құқықтық норма бірдей орын алған. Кәсіби борыш саласында моральдық күші жоқ заңды талаптар болмайтыны секілді құқықтық белсенділігі жоқ адамгершілік нормалары да болмайды.

Алайда, құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін құқықтық актілерде қоғамдық талаптардың бұл екі түрінің өзара әсері әлдеқайда тығыз, әрі тереңірек. Құқықтық және адамгершілік нормалар ұйымдастырушылық нақтылық пен тәртіптің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Кәсіби борыш белсенді күшке ие, ол қызметкерлердің істері мен ойларын жұмысты нақты

және мерзімінде орындауға, барлық күшін қойылған мақсаттарға жетуге бағытталатын ұмтылыспен толықтырады.

Кәсіби борышта құқықтық және адамгершіліктік талаптарды нақты бөліп қарастыруға болмайды. Борыштың құқықтық жағының ерекше қасиеті болып қатысты болса да, жоғарғы бақылаудың болуы, әкімшілік санкцияны қолдану мүмкіндігі және ережелерді орындамаудағы жазалаудың орын алуы болып табылады. Ал моральдық нормалар ішкі сенімнің, ар-намыстың негізінде және қоғамдық көзқарас күшінің әсер етуімен жүзеге асырылады. Осы жерде борыштың екі жағы біртұтас сипатқа ие болады.

Яғни, кәсіби борыш құқықтық және адамгершілік жақтардың біртұтастығын білдіреді, себебі, моральдық талаптар мемлекет еркімен сәйкес келеді. Құқықтық санкция мен моральдық итермелегіш күш құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің санасы мен еркіне әсер етуде түрліше сипатқа ие. Құқық жедел түрде әсер етеді, ал ішкі сеніммен, моральдық итермелегіш күшпен жүзеге асырылған әрекеттер негізділікке, тұрақтылыққа ие, алайда, моральдық тұрғыдан дайындығы бар қызметкер өз әрекеттерін адамгершіліктік қағидаларға сәйкес қатаң түрде жүзеге асыру үшін уақыт қажет. Құқықтық санкция бірден әсер етеді және жекелеген қызметкерлерге мемлекеттік мәжбүрлеуді қолданумен сипатталады. Адамгершіліктік талаптар адамның әрекеттерінің барлық түрлеріне таралады. Олар қызметкерлердің қатынастарындағы өзгерістерді бағалау мен көрініс табу жағынан белсенді сипатқа ие.

Адамгершіліктік борыштың маңызды құрамдас бөлігі болып өзіндік тәртіп табылады. Егер жеке сеніммен, ар-намыспен сәйкес келмесе, құқықтық әсер ету күші де, ұжымның әсері де жедел-қызметтік іс-әрекеттерде қызметкердің моральдық нормаларды сақтап, өз мінезінің беріктігін көрсетуінің кепілі бола алмайды. Ең алдымен, адамның борышқа деген адамгершілік қатынасының жоғарғы дәрежесі қажет, борышты орындау ар-ожданның талабына сәйкес болуы тиіс және кәсіби борыштың басты көрінісі ретіндегі тәртіп өзіндік тәртіпке айналуы тиіс. Себебі, өзіндік тәртіп дегеніміз

кәсіби борыштың талаптарын орындау қажеттігін түсіну, өз әрекеттерін кәсіби борыш талаптарына келістіруге дайындық, ішкі мүдделілік. Анттың, жарғылардың, өз басшыларының талаптарын орындаудағы ішкі дайындық, оны қажеттік ретінде түсіну — жауапкершіліктің ең жоғарғы көрсеткіші, кәсіби борышты мәжбүрлеу арқылы емес, өз ар-ожданына қарай, ерікті орындау дайындығы. Борыш пен жеке моральдық сезімдер арасында, борыш пен ар-ождан арасында оңтайлы қатынастарды орнықтыру борыштың талабы ретіндегі қоғамдық тәртіптің өзіндік тәртіп деңгейіне көтерілуіне алып келеді. Борыш адамгершіліктік қажеттілікке айналады. Сол себепті де, өзіндік тәртіп дегеніміз борыш пен ар-ожданның жақындасуы негізінде жүзеге асырылатын, жоғары адамгершіліктік сипатқа ие мінез-құлық қалпы.

Алайда, кәсіби борыштың қоғамдық қажеттігін түсіну, сезіну — өзіндік тәртіптің бір жағы ғана. Оның екінші жағы болып алдыға қойылған міндеттерді орындау шегіндегі жүріс-тұрысты тандау бостандығы, ерік бостандығы болып табылады. Орындаушылық қасиет ынтамен өз дербес шешімі үшін жауапкершілікті мойнына алуға дайындықпен толықтырылғанда ғана қызмет үшін маңызды сипатты иеленеді. Ынтаның болмауы орындаушылықтың адамгершілік құндылығын жоғалтады, ал орындаушылықсыз ынта - тәуекел ретінде көрсетуге тырысатын кемшілік. Саналы тәуекел жалпы мүдделерден, борышқа деген адалдықтан туындайды.

Ерекше атап өтетін бір мәселе, құқық қорғау қызметінде адамгершілік қатынастарды қалыптастырудың тәжірибедегі міндеті қызметкерлер қызметінің моральдық талаптары мәселесін шешуді қажет етеді. Кәсіби борышты орындауды моральдық бағалау талабын анықтау қызметкер мен ұжымның жүріс—тұрысының себептерін зерттеуді талап етеді. Кәсіби борыштың адамгершілік өлшемі болып сөздер емес, мемлекет пен қоғамға, қызметкерлердің бір-біріне деген қатынасынан туындайтын істер табылады. Қызметкерлердің жоғары моральдық-патриоттық және кәсіби қасиеттері көп жағдайда олардың кәсіби және қоғамдық қызметке белсенді араласуы кезінде қалыптасатыны белгілі.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби борышын орындаудың адамгершілік талабы түсінігіне оның тәжірибелік нәтижелерімен қатар жүріс-тұрыс себептері де кіреді. Жекелеген түрде қызметтің объективтік салдары (оның нәтижелері) да, субъективтік себептер (жүріс-тұрыс себебі) де кәсіби борышты орындаудың адамгершілік құндылығы туралы жауап бере алмайды.

Оны жүзеге асыру үшін қызметкердің алдыға қойылған міндетін орындаудағы жауапкершілігінің деңгейін, тұлғаның мәселелерді шешу мүмкіндігін және өз әрекеттерінің салдарын есепке алу деңгейін анықтаудың маңызы зор.

Сонымен қатар, қызметкердің нақты әрекетін адамгершілік тұрғыдан бағалау оның бұрынғы қызметін есепке алуға негіз бола алады.

Кәсіби қызметтің моральдық талабы қызметкерлердің адамгершіліктік күш-қайратын барынша дамытуға бағытталады және кәсіби борыштың субъективтік жағын тереңдетуге негізделеді.

Кәсіби этиканың маңызды категорияларының қатарына абырой категориясын жатқызуға болады. Кәсіби абырой — бұл өз борышын жан-тәнімен орындаудың жоғары әлеуметтік құндылығын (қажеттігін және маңыздылығын) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өздерінің түсінуі және оның қоғамдық көзқараспен танылуы. Абырой сезімі — бұл құқық қорғау органдары қызметкерлерінің істері мен әрекеттерінің қуатты қозғағыш күші.

Абырой категориясы қадір-қасиет категориясымен тығыз байланыста. Бұл категориялар іс жүзінде өздерінің объективтік мазмұны бойынша сәйкес келеді, бірақ оларды нысандары бойынша ажыратуға болады. Абыройды бағалау - бұл қоғамдық көзқарасты бағалау, ал қадір-қасиетті бағалау — бұл, ең алдымен, тұлғаның өз қалауы бойынша жүзеге асырылады. Әрине, қадір-қасиетті бағалау қоғамдық көзқарастан алшақ жүзеге аса алмайды, алайда, бұл жерде өзіндік бағалау ерекше рөлді иеленеді. Ал бұл бағалау, өз кезегінде, тұлғаның қоғам алдындағы жетістіктерін сезінуіне негізделеді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің басым көпшілігі - абыройдың адамдары. Бұл қасиет олардың қызметтік борышты орындауында көрініс

табады. Оның ерекшелігі бейбіт өмір кезінде де қайраттылықты, ұстамдылықты, өз ісіне жан-тәнімен берілуді талап етумен сипатталады. Әрине, олар өз қызметінің маңыздылығы, борышты орындаумен байланысты тұрақты қауіп туралы ешкімге жария салып айтпайды. Олар өз міндеттерін жай ғана атқарады, халық осы үшін де оларға риза.

Құқық қорғау органдары қызметкерінің абыройын ол өзі қызмет етіп жүрген ұжымның, бөлімшенің абыройынан бөліп қарастыруға болмайды. Сол себепті де, ол өзінің қызметтес серіктерін ұятқа қалдырарлықтай әрекеттер жасамауға тырысады. Ұжымның абыройы — жеке қызметкердің де абыройы. Абыройды сүю құқық қорғау органдары қызметкеріне тән қасиет. Дұрыс түсінілген абырой жалпы іске кедергі жасамайды, керісінше, оны орындауға қосымша күштер береді. Ал абыройға табыну жағымсыз сезімдермен ұштасса, онда ол мансапқорлыққа айналады. Мұндай жағдайда адам өзінің пайдакүнемдік мақсаттарына жету үшін кез-келген құралдар мен жолдарды пайдалануға дайын болады.

Қызметкер абыройы мен ұжым абыройының ұштасуы мақтаныш сезімін, яғни, құқық қорғау органдары қызметкерінің осы жүйеде қызмет ететіндігін сезінудің моральдық қанағаттанған сезімін тудырады. Соңғы жылдары құқық қорғау органдарының беделі қоғамдық көзқарас алдында біршама төмендегенімен, құқық қорғау органдары жүйесін халық қажетті деп түсінеді және жалпы алғанда оған оң баға берілуде. Қызметкердің борышы — құқық қорғау органдарының беделін қоғамдық көзқарас алдында тұрақты түрде көтеріп отыру және бұл органдардың ең жақсы дәстүрлерін қайта жаңғырту. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің абыройы оның жақсы дәстүрлерге деген қатынасынан да көрініс табады. Дәстүрлерді ұмыту немесе оларды аяққа таптау қызметтік ортада қатаң сөгіс табатыны сөзсіз. Дәстүрлер — бұл тек тарих емес, сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті қорғаушы жас буынды тәрбиелеудің қуатты құралы.

Сонымен қатар, дәстүрлерге сүйену олардың дамуын, алдыға қарай қозғалысын білдіретінін ескеріп өткен жөн. Құқық қорғау органдары

қызметкерлерінің абыройы олардан болашаққа деген ұмтылысты, өзінің кәсіби міндеттерін орындау үшін жаңа әдіс-тәсілдерді және қазіргі заман техникасын меңгеруді талап етеді. Ол үшін басқа елдердің құқық қорғау органдарының жетістіктері мен жұмыс тәжірибесімен танысудың маңызы зор. Бұл біздің құқық қорғау органдарының абыройы мен қадір-қасиетін нығайтып, жоғарылата түседі, қызметкерлердің кәсіби борышын тиімді орындауға көмектеседі.

Абырой категориясының тағы да бір құрамдас бөлігі — өз сөзінде тұру. Сөзінде тұратын адам! Бұл — адамның маңызды қасиеті, тіпті, оны кейде абырой түсінігімен теңестіріп жатады. Сөз бердің бе — сөзінде тұр, уәде бердің бе — орында. Әйтпесе, адамдар сені сыйлаудан қалады және өтірікші, бос сөздің адамы деген атқа қаласың. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің абыройын түсіретін басты кемшілік — айтқан сөзінде тұрмау. Ақыр аяғында мұндай қызметкер беделінен айырылады. Абырой (араб тілінде ар-ұят, қадір-қасиет) - қазақтарда бұл сөз кең мағынасында - ар-ұят, бедел, құрмет, қадір-қасиет ұғымдарының жиынтық мазмұнын білдіреді, тар мағынасында - сәттілік, істің көңілдегідей, ойдағыдай шығуы, тиімділік ұғымдарының баламасы ретінде қолданылады. Абыройдың ауызекі тілдегі «әбүйір» тұлғасы көбіне осы соңғы мәндерін білдіреді. Абырой философияда моральдық ұғым, этикалық категория тұрғысынан қарастырылады. Абырой — адам бойындағы ең асыл құндылықтардың бірі; кісілік, адамгершіліктің тірегі. **Абырой** - ар-намыстың тазалығы және адамгершілік, еңбек, шығармашылық т.б. қызмет арқылы көпшілік тарапынан сый-құрметке ие ететін адамның қадір-қасиеті, қоғамдық бейнесі, беделін білдіретін іргелі этикалық категория. Абырой арабша «аб» - «су», және «рой» - «бет, жүз» дегенді білдіреді. Қазақы дәстүрлі ортада Абыройдың жеке басқа қатыстылығынан гөрі ол жалпы қауымдық сипатқа ие болатын тұстары мол.

Абырой көшпелі ортада қауымның ойлау қабілеті, мәдени қалыптасқан нормалар мен құндылықтарға, дәстүр-салтты «ата жолын» қаншалықты берік ұстанатындығына байланысты болады. Жеке бас пен рудың (қауымның)

абыройы (мәртебесі) сынға түсетін кездерде қауым өкілдерінің зиялылық пен парасаттылығы, дәстүрлі жосын-жоралғыларды ұстанатындығы ескеріледі. Абырой ұғымы өте кең және *ой, сана, зерде, зейін, ұят, ибалық, айбын, алғырлық, қылық, көшелілік, азаматтық, көрегендік, намыс, ұждан, пайым, ізгілік, бедел* сияқты сан алуан ұғымдар мен категорияларға тікелей қатыстылығы бар.

Абырой қаншалықты биік, әрі ұзақ уақыт бойы тірнектеп жиналғанымен, бір сәтте ғана, сын сағатта шалыс басқан қадамнан оған кесір келуі мүмкін. Сондықтан да ел арасында берілетін батада «Абыройлы бол!» деген принцип орын алған. Ал сын сәтте абыржыған кезде «А, Құдай, абыройымнан айырма!» деп жалбарынады, оның азаймауын тілейді. Яғни қазақ баласы үшін Абыройдан айырылудан асқан жаза жоқ. Халық «абыройынды жасыннан сақта» деп ұдайы ескертеді, елдің абыройын қорғаған күрескерлерді құрметпен ардақтайды, олардың өнегелерін жыр-аңыз етіп, мұрат тұтады. «Абырой атақ шығарады, даңққа жеткізеді», - деген нақыл сөз осыны меңзейді.

Қазақтар қыз абыройына да ерекше мән берген. Қыз баланың тәрбиесінде, өзін күйеуге шыққанға дейін ер адамнан сақтауын қазақтар: абыройы өзінде, абыройын сақтаулы, - дейді. Бедел – (лат. *autoritas* - билік, ықпал) - бағындыруды көздеп, нұсқаулар мен қарарларды, ережелерді енгізуін басқалардың өз еріктерімен мойындауына негізделетін субъектілердің ықпалы.

Саясаттануда: 1) қандай да бір іс-әрекеттер негізінде ие болған бедел немесе қоғамда ерекше бағаланатын құндылықтарға негізделген билікті жүзеге асыру түрі;

2) күш қолданбай ықпал ету құралы;

3) бағынушылар ерікті түрде заңдылығын мойындаған билікті басқару түрі.

Бедел категориясы - қоғамның, әлеуметтік топтың, ұжымның, мемлекеттің, қоғамдық- саяси ұйымның- өз кезегінде жеке тұлғаның немесе топ адамдардың қоғам немесе мемлекет ісіне шынайы, байсалды ықпалын мойындауы. Беделді қолдану - қоғамда саяси билік жүргізудің, әлеуметтік реттеудің аса маңызды түрі.

Бедел білімге, жоғары әлеуметтік жағдайға, тұлғаның ар-ұждан қасиеттеріне, харизматикалық мінез-құлқына, жұмыс әдістерін ұтымды ұйымдастыру қабілетіне, жас шамасына, дәстүрге, діни сеніміне сүйенеді. Саяси тұлғалардың беделі бұқаралық ақпарат құралдарында үгіт-насихат жүргізу нәтижесінде қалыптастырылып немесе асыра сілтеніп, авторитаризм мен жеке басқа табынушылыққа жол ашуы мүмкін. Биліктің беделі - әлеуметтік-саяси тәртіптің маңызды факторы, ал биліктің беделінің төмендеуі - әлеуметтік-саяси тұрақсыздандудың көзі.

2. Кәсіби әділдік.

Этикалық категориялар туралы сөз қозғай отырып, олардың ғылымның кейбір «қызметтік» функцияларын атқаратынын да атап өткен жөн. Біріншіден, олар қоғамдық қатынастардың саласы ретіндегі моральды танудың таусылмас баспалдақтары. Екіншіден, олар танымның дербес құралы болып табылады. Үшіншіден, этика категориялары — моральдық танымның бірінші тәртіптегі мәннен екінші тәртіптегі мәні және т.б. дамуының, қозғалысының нысаны.

Әділдік, әділеттілік, әділқазылық, шыншылдық сөздерінің мағыналары бір-біріне жуық. Турашылдық, адалдық, дұрыстық — дәстүрлі құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың белгілі тәртібіне тікелей қатысты принцип, адамның қоғам алдындағы ғана емес, сонымен бірге қоғамның тұлға үшін де жауаптылығын көрсететін, адамның өмір сүру жағдайлары мен сапасын білдіретін әлеуметтік-этикалық категория.

Әділдік — ізгіліктің ірге тасы. “Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ” (Абай). Әділдік уақыт ағынында өзгеріп отырады. Оның алғашқы түріне көне қоғамдағы “жазалаушы әділеттілік” деген жатады. “Қанға қан, жанға жан”, талион, кек алу принциптері ілкі санада әділдік саналды. Қылмыс пен жаза, әрекет пен айыптау мәселелері әділдіктің осы түсінігімен түбірлес. Қоғамдағы меншіктік қатынастардың қалыптасуына байланысты жазалаушы әділдіктің

орнына оны тепе-теңдік тұрғыдан түсіну алдыңғы қатарға шықты. Қоғамдық байлықты барлығына бірдей үлестіру идеясы әділдік талабына айналды. Бұл ұран желеуімен талай қантөгістер, революциялар, бүліктер жүріп жатты. Әлеуметтік әділетті орнатамыз деген желеумен бір ғасырға жуық коммунистер өз халықтарына бақытсыздық әкелді. Социализм қоғамы “байлық — бұл әділетсіздік, ол кісіні аздырады, адам неғұрлым кедей болса, оның руханилығы жоғарылай түседі” деген жаңсақ пікірді құлаққа құйып келді. Шын мәнісінде, қабілеті мен білігі тең емес адамдарға мүлікті бірдей үлестіріп беру әділетсіздіктің айқын көрінісіне жатады. Мұндай түсінік әлеуметтік енжарлыққа әкеп соғады. Алайда, әлеуметтік теңдік — өркениетті қоғам құрудың басты шарты. Адамдар құдай алдында, әдеп, құқық, заң алдында тең және бірдей мүмкіндікке ие.

Нарықтық қоғамда “мүмкіндіктер теңдігі мен әділеттілігі ” деген өмірлік принцип кең етек жайған. Қоғамдық қатынастар әрбір адамның өзіндік мақсатына жету мүмкіндіктерін шектемеуі керек. Әділдіктің басты өлшемі — адам құқықтары теңдігінің жүзеге асуы. “Нәтижелер теңдігі” қоғамдық байлықты өмірде табысқа жете алмаған адамдардың пайдасына қайта бөлуге әкеледі. Бұл экономиканың даму ынталылығын азайтады. Мысалы, полиция қызметкерінің, дәрігер мен санитардың, профессор мен ассистенттің еңбегін тең бағалау әділетсіздікке жатады. Алайда қоғам мүліктік теңсіздікті тым шарықтатып жібермеуге тырысуы қажет.

Басқа ғылымдардың категорияларына тән белгілерді, қасиеттерді иеленгенімен, этикалық категориялардың өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері де бар.

Біріншіден, олар қоғамдық қатынастардың адамдардың жүріс-тұрысымен, олардың жақсылық пен жамандық борыш, абырой, әділдік туралы көзқарастарына сәйкес бір-біріне, қоғамға, мемлекетке, отбасына, ұжымға деген қатынасымен байланысты жақтарын көрсетеді. Алайда, мұндай жағдайларда олар әрқашан таза күйде көрініс таппауы да мүмкін, себебі, кейбір кездерде

олар басқа ғылымдардың категорияларымен араласып кетеді де, сол категориялардың адамгершілік аспектілерін ашып көрсетеді.

Екіншіден, этикалық категориялар бағалаушылық, аксиологиялық сипатқа ие. Басқаша айтқанда, олардың барлығын жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдық тұрғысынан бағалауға болады, ал олардың өздері осы бағалаудың нысаны ретінде көрініс табуы мүмкін: адал, тәртіпті, әділ, жауапкершілігі мол адам және т.б.

Үшіншіден, олар адамдардың жүріс-тұрыстары мен қарым-қатынастарын реттеу құралы болып табылады, қоғамның адамгершілік талаптарын көрсетеді.

Төртіншіден, басқа да адамгершілік құрылымдар, қағидалар, нормалар, талаптар, ережелер және т.б. сияқты этика категорияларының беделі мен маңыздылығы қоғамдық көзқарастың немесе жеке тұлғаның өзіндік санасының күшіне негізделеді.

Бесіншіден, этика категорияларында, басқа ғылымдардың категориялары мен түсініктерімен салыстырғанда, қоғамдық қатынастардың эмоционалдық жағы мейлінше кең көрініс тапқан.

Жоғарыда айтылғандай, этика категориялары мазмұны бойынша объективті, ал нысаны бойынша субъективті сипатқа ие.

Мазмұнының объективтілігі, онда шынайы өмірде бар және адам санасынан тәуелсіз элементтер бар екендігін білдіреді. Бірақ, бұл мазмұн адамдармен түрліше бағалануы мүмкін. Мұндай бағалау бірқатар факторларға байланысты қалыптасады, олардың ішінен мыналарды атауға болады: тұлғаның интеллектуалдық дамуы, оның адамгершіліктік мәдениеті, өмір сүру салты. Міне, осындай факторлардың әсерінен белгілі бір өмірлік оқиғаны екі тұлға түрліше бағалауы мүмкін.

Этикалық категориялар саны жағынан өте көп, сондықтан ғылыми және тәжірибелік мақсаттарда оларды топтарға бөлу орын алған. Кейбір ғалымдар оларды құрылымдық және субстанционалдық (мәндік) деп екіге бөледі. Басқа бір ғалымдар мұндай бөлудің негізі ретінде басқа қағиданы ұсынады: белгілі бір категорияны функционалды ретінде қарастырып отырып, топтауды осы

категорияның негізінде жүзеге асырады. Мысалы, Эпикур этиканың барлық категорияларын бақыт категориясына бағындырған. Аристотель ең маңызды деп игілік категориясын санаса, Кант борыш категориясына ерекше мән берген. Алайда, қазіргі кезде де осы мәселеге қатысты нақты бір көзқарас жоқ. Отандық этикада барлық категориялардың жиынтығын көп жағдайда моральдық құрылымының негізінде бөледі. Бұл құрылымның негізгі элементтері ретінде кейбір ғалымдар моральдық тәжірибені, моральдық сананы және адамгершіліктік өзіндік сананы таниды. Алайда, кеңірек таралғаны болып, басқа бір ғалымдардың моральдың құрамында моральдық сана, адамгершіліктік қарым-қатынастар және адамгершіліктік қызмет бар екендігін мақұлдайтын бағытты санайды. Жоғарыда аталған екі бағыттың арасында ерекше атап өтетіндей айырмашылықтар жоқ, себебі, екінші бағыттағы моральдық сананың құрамына бірінші бағытта аталған адамгершіліктік өзіндік сана кіріп кетеді, ал адамгершіліктік қарым-қатынастар мен адамгершіліктік қызмет адамгершіліктік тәжірибені құрайды.

Моральдық сана белгілі бір деңгейде тұлғаның әрекеттерін, істерін және адамгершіліктік жүріс-тұрысын анықтайды; өз кезегінде, тек шынайы өнегелі тәжірибе ғана сананың өнегелілігінің дұрыстығына баға бере алады. Мысалы, борыш категориясы, оны тұлғаның түсінуі тек тәжірибе арқылы ғана тексерілуі мүмкін. Белгілі бір жайтты шынайы әрекеттерсіз, жай қарапайым түрде түсіну — бос сөз. Мысалы, бір жас офицердің өзінің қызметтік борыш талаптарына адал екендігін жариялай отырып, белгілі бір жауапкершілігі мол істен бас тартуы.

Этиканың категориялары бір-бірімен тығыз байланыстылықта болғаны соншалық, олар бір-бірінің мазмұнын ашады. Яғни, белгілі бір этикалық категорияның мазмұнын екінші бір этикалық категорияны пайдалану арқылы ашуға болады. Мысалы, абырой категориясын жауапкершілік, тәртіптілік, батылдық, ержүректілік және т.б. категорияларды пайдалану арқылы ғана түсінуге болады. Ержүректілік категориясының мазмұны батылдық, шыдамдылық, қажырлылық, қайраттылық және т. б. категориялардың

көмегімен ашылады. Әділдік категориясын адамсүйшілік, шыншылдық, кішіпейілділік, еңбексүйгіштік және т. б. категорияларсыз түсіну мүмкін емес.

Жоғарыда аталған үш топтың категорияларын жеке-жеке талдауға тырысып көрелік. Бірінші топ — моральдық сана категориялары. Оларға мыналар жатады: моральдық қағида, моральдық норма, моральдық немесе этикалық категория, моральдық сенім, адамгершілік мақсат, моральдық таңдау және т.б.

Негізі этикалық категориялардың барлығын моральдық сана категориялары деп те атауға болады, себебі, олар моральдың қандай жағын көрсетсе де солардың барлығы моральдық санада тіркеледі. Моральдық сананың мәнді категориялары — қайырымдылық, зұлымдық, борыш, абырой, ар-ождан және т.б. категориялар жүйесінде орталық орынды иеленген, бірақ, оларды адамгершіліктік қарым-қатынастар мен моральдық тәжірибеден бөліп қарастыруға болмайды, себебі, мұндай жағдайда олар өздерінің негіздерінен айырылады да, бос абстракцияларға айналады. Қайырымдылық пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік туралы жай өмірден тыс әңгімелердің ешбір мәні жоқ. Керісінше, олар демагогияға, немқұрайлыққа әкелуі мүмкін. Ал егер моральдық сана категориялары шынайы қатынастар мен әрекеттерді көрсетіп, оларға белсенді түрде әсер етсе, онда олардың маңызы да артатыны сөзсіз.

Борыш категориясы (ағылш. *debt, liability, arrears*; — этиканың маңызды категорияларының бірі, индивидтің өзге адамдар мен қоғам алдындағы жауапкершілігінің көрінісі. Борыш — ар өлшемі, адамгершіліктің жоғарғы талабы. Оған мағынасы жақын ұғым — парыз. Борыш ұғымы кісілік қасиеттер мен адамгершіліктің жалпы ережелерін орындаумен тікелей байланысты ізгілікті жамандықтан айыру қажеттілігінен туындайды. Борыш — кәсіби этиканың негізгі категориясы (жауынгерлік, дәрігерлік, ұстаздық, құқық қорғау қызметкерлерінің борыштары, т.б.) Эдептанудың борыш туралы тарауы деонтология деп аталады.

Екінші топ категориялары — бұл адамгершіліктік қатынастар категориялары. Оларға мыналарды жатқызуды болады: адамгершіліктік өзара

әрекеттер, адамгершіліктік шиелініс, моральдық бедел және т.б. Өзінің функционалдық рөлі бойынша адамгершіліктік қатынастар моральдық субъектілердің өзара қарым-қатынастарының көрінісі болып табылады. Бұл қатынастардың адамгершілік деп бағалануының себебі мынада: олар достық, қастық, серіктестік, сенім, сыйластық, екіжүзділік және т.б. моральдық бағалаулармен сипатталады.

Үшінші топ категориялары — бұл моральдық тәжірибе немесе функционалдық жүріс—тұрыс категориялары. Оларда тұлғаның белгілі бір моральдық қасиеттерді тәжірибеде, күнделікті өмірде жүзеге асыру үрдісі көрініс табады. Мұндай категориялардың қатарына мыналар жатады: моральдық (немесе моральға қайшы) әрекет, моральдық салдар мен санкциялар. Олар арқылы моральдық борыш, абырой, батырлық немесе қорқақтық, әділдік немесе әділетсіздік, адалдық немесе сатқындық, кеңпейілділік немесе жауыздық және т.б. адамгершілік сана категориялары көрініс табады. Бұл топ категорияларында моральдың адамдар арасындағы қатынастарды реттеуші болып біртіндеп мақсаты ашылады.

Қорытынды.

Этикалық категориялардың ерекшеліктерін, түрлерін және мәнін қарастырудың теориялық қана емес, жалпы әдістемелік те маңызы өте зор. Оларсыз кәсіби—этикалық категорияларды талдау мүмкін емес, себебі, олар жалпы этика категорияларының нақтыландырушысы болып табылады. Бұл категориялардың сандық ауқымы өте кең, сондықтан да, біз олардың ішіндегі ең маңыздыларына ғана тоқталамыз, себебі, құқық қорғау қызметкерлерінің қызметінде олардың алатын орны ерекше.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, абырой категориясы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершілік мәдениетінің ішіндегі ең маңыздыларының бірі абыройды қадірлеу, бағалау — бұл борыш әрі күнделікті міндет. Абыройдың мазмұны белгілі бір дәрежеде адамның жалпы мәдениетінің деңгейіне, оның рухани және физикалық

дамуына, мемлекет туралы ойлай білу қабілетіне тәуелді. Ал бұған үздіксіз, тұрақты үйрену керек.

3 – дәріс. Дәріс тақырыбы - «Мораль. Мораль функциялары, оның құрылымы және элементтері»

Дәріс жоспары:

Кіріспе

1. Моральдың түсінігі және мәні.
2. Мораль құрылымының негізгі элементтері.
3. Моральдың функциялары.

Қорытынды

Кіріспе.

Мораль (латын тілінен аударғанда *moralis* — адамгершілік, ізгілік; *mores* — нравы) қоғамдық сананың ерекше нысаны мен қоғамдық қатынастардың бір түрі болып табылатын адамның жүріс-тұрысын реттейтін нормативтік реттеудің бір құралы. Мораль дегеніміз адамдардың бір-біріне және қоғамға деген қатынасын, сондай-ақ таптық қоғамда өз табы мен партиясына және дұшпан таптар мен партияларға деген қатынастарын бейнелейтін қоғамдық сананың формасы. Екінші сөзбен айтқанда, мораль дегеніміз адамдардың қоғамдағы мінез-құлқына қойылатын талаптар мен ережелер нормаларының жиынтығы. Құқық та адамдар арасындағы қатынастарды ретке келтіретін ережелер мен нормалар жиынтығы екенін білеміз. Моральдық нормалардың айырмашылығы сол олар құқықтық нормалар сияқты қағазға жазылмайды және мемлекет тарапынан зорлауға негізделген емес, қоғамдық пікірге, адамның ішкі сеніміне, әдетке негізделген. Адамдардың мінез-құлқына баға беретін негізгі өлшеуіш, анықтауыш, сайып келгенде, қоғамдық мүдде, ал таптық қоғамда

таптық мүдде болып табылады. Қоғамдағы белгілі таптың, халықтың қоғамдық пікірі адамның бір қылықтарын адамгершілікке жататын жақсы іс деп бағаласа, енді біреулерін адамгершілікке жатпайтын теріс қылық деп бағалайды. Моральдың нормалары мен принциптері өзгермейтін мәңгі емес. Керісінше, әрбір қоғамдық формацияның экономикалық негізіне сәйкес пайда болған моральдық нормалар мен принциптер қоғамдағы экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты өзгеріп отырды, бір қоғамда әділетті деп саналатын моральдық нормалар басқа қоғамда әділетсіз болып саналуы мүмкін. Мысалы, баю үшін алыпсатарлықпен айналысу қазіргі біздің қоғамның моральдық нормаларына әбден сәйкес келсе, ал социализм тұсында адамгершілікке жатпайтын қылық деп бағаланып, саудагерлік үшін сотқа тартылатын еді. Демек, қоғамның экономикалық негізгі қандай болса, оның моральы де сондай болмақ. Әрбір қоғам өз моральын тудырып, оны сақтайды.

1. Моральдың түсінігі және мәні.

Мораль - қоғамдық сананың ең көне формасы. Оның шығуы өте ерте кездегі адамдардың еңбекке деген инстинктік мінез-құлық формасынан адамдар ұжымдастыруға байланысты болды, яғни адамдардың санасынан тыс және оған тәуелсіз стихиялы түрде қалыптасатын материалдық қатынастары олардың санасында мінез-құлықтың белгілі бір нормалары мен ережелері түрінде бейнеленеді де жүзеге асатын саналы да мақсатты еңбекке көзделген. Ол адамдар арасында анықтаушы сипатқа ие аталған қоғамда қабылданған жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік, лайық және лайық емес түсініктерге сәйкес қағидалар мен нормалар жүйесін құрайды. Моральдың талаптарын сақтау рухани әсердің күшімен, қоғамдық пікірмен, ішкі сеніммен, адамның ар-ұятымен қамтамасыз етіледі.

Мораль өмірдің барлық аясындағы адамдардың санасы мен жүріс-тұрысын реттейтін болғандықтан, моральдың бір ерекшелігі болып табылады (өндірістік әрекет, тұрмыс, отбасылық, тұлғааралық және басқа да қатынастар). Мораль сонымен қатар топаралық және мемлекетаралық қатынастарға да таралады.

Моральдық қағидалар барлық адамдарды қамтитын, қоғамның ұзақ уақыт үрдісіндегі тарихи дамуының мәдениетпен өзара қарым-қатынастарының негіздерін бекітетін жалпыға бір маңызға ие болып табылады.

Адамның кез-келген әрекеті, іс қимылы әр түрлі сипаттағы маңызға ие болуы мүмкін (құқықтық, саяси, эстетикалық және басқа), бірақ оның адамгершілік жақтарын, моральдық мазмұнын бірыңғай жүйемен бағаланады. Моральдық нормалар күнделікті қоғамда дәстүр күшімен, жалпыға бірдей және ұстанатын барлық тәртіппен, қоғамдық пікірмен жүргізіледі. Олардың орындалуы барлығымен бақыланады.

Моральда жауапкершілік рухани, идеалды сипатқа ие (осуждение или одобрение поступков), адам сезінуі, іштей қабылдауы және өздерінің әрекеттері мен іс-қимылдарын түзетіп және бағыттауы арқылы моральдық бағалау нысанында жауап береді. Мұндай бағалау лайықты және лайықты емес, міндетті және міндетті емес түсініктермен қабылданған жалпы қағидалар мен нормаларға сәйкес болуы қажет.

Мораль адамның адамдық тұрмысының шарттарына, адамның негізгі сұраныстарына тәуелді, бірақ қоғамдық және жеке сананың деңгейімен анықталады.

Мораль қызметтері мәселелерін зерттей келе тәрбиелік, болжамдық, танымдық, реттеушілік, бағалаушы-императивтік, бағыттаушылық, мотивациялық, коммуникативтік және тағы басқа қызметтерін бөліп көрсетеді. Заңгерлердің басты мүддесі негізінде моральдың реттеушілік және тәрбиелік қызметтері болып келеді.

Реттеуші қызмет мораль қызметінің жетекші қызметі болып табылады. Мораль қоғамның, басқа адамдардың да мүдделерін ескеру негізінде адамдардың тәжірибелік әрекеттерін бағыттайды және өңдейді. Сондықтан моральдың қоғамдық қатынастарға белсенді әсері жекелеген әрекеттер негізінде жүзеге асырылады.

Моральдың тәрбиелік қызметі адамдар тұлғасының және өзіндік сананың құрылуына қатысады. Мораль мақсат пен өмірдің мәніне қатысты пікірлерге,

адаммен өзінің қасиетін сезінуге, қоғам мен басқа адамдардың алдындағы борышына, құқығына, тұлға қасиеттеріне қатысты құрмет қажеттілігіне септігін тигізеді. Бұл қызметті гуманистік тұрғыда сипаттауға болады. Ол моральдың реттеушілік және басқа да қызметтеріне әсерін тигізеді.

Мораль адамгершілік әрекетті, яғни, қоғамдық сананың ерекше нысанын, сонымен қатар, қоғамдық қатынастардың түрлерін, қоғамда әрекет ететін жүріс-тұрыс нормаларын және адамның әрекетін реттеуді қарастырады.

Адамгершілік сана моральдың идеалды, субъективтік жағын көрсететін оның бір элементі болып табылады. Адамгершілік сана адамдарға олардың борыштары ретіндегі белгілі бір анықталған мінез-құлық ережелерін, тәртіптерін көрсетеді. Адамгершілік сана моральдық талаптарға сәйкес көзқарасында әр түрлі әлеуметтік құбылыстарға (өмір салты, оның мақсаттары, жүріс-тұрысы және тағы басқалары) бағасын береді. Бұл бағалау құптау не сынау, мақтау не мадаттау, ұнату не ұнатпау, жақсы көру не жек көру арқылы көрінеді. Адамгершілік сана - қоғамдық сананың және бір уақытта тұлғаның жекелеген сана саласының нысаны болып табылады. Ең соңында адамгершілік сезімдермен (ар, намыс, ұят, өкіну және тағы басқа) байланысты адамның өзіндік бағалауы маңызды орынды алады.

Моральдық нормалар —адамның қоғамдағы жүріс-тұрысын, оның басқа адамдарға, қоғамға және өзіне қатынастарын реттейтін әлеуметтік нормалар. Олардың орындалуы қоғамдық пікір күшімен, аталған қоғамда жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік туралы көрінісі арқылы жүзеге асырылады. Моральдық нормалар әлеуметтік топқа немесе нақты сол қоғамға тән белгілі бір анықталған жағдайларда өз-өздерін ұстаудағы жүріс-тұрыс ережелерінің мазмұнын анықтайды.

Моральдық нормаларды мақсаттылығы, тиімділігі және жақтаушы жағынан жүріс-тұрыс ережелері негізінде нысанға келтіруде қоғамда әрекет ететін нақты қағидалар, идеалдар, жақсылық пен зұлымдық туралы түсініктер қойылған.

Адамгершілік нормалардың орындалуы адамгершілік санкцияларының сипатын анықтайтын бедел және қоғамдық пікір күшімен, субъектінің лайықты және лайықты емес тануымен, ізгілікті және ізгіліксіз нормалармен қамтамасыз етіледі.

Моральдық нормалар ерікті түрде орындалуға жатады. Оларды бұзу жағымсыз сипаттағы және рухани әсер етуге бағытталған адамның жүріс-тұрысын талқылайтын моральдық санкцияларға әкеп соғады. Моральдық санкция моральдық нормалар мен қағидаларда құралған адамгершілік талаптарды бекітеді.

Моральдық нормаларды бұзу моральдық санкциялардан басқа да санкциялар қолданылады, мысалы, тәртіптілік немесе қоғамдық ұйымдармен көрсетілген нормалар. Моральдық нормалар жағымсыз жағынан да, тыйым салушы нысанда да, сонымен қоса позитивтік негізде де көрінеді.

Моральдық қағидалар — қоғамда қалыптасқан адамгершіліктің, ізгіліктің мазмұнын ашатын адамгершілік талаптарды көрсетудің бір нысаны болып табылады. Олар адамның адамгершілік негіздерін көрсететін және адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипаттамасының басты талаптарды анықтайды және жеке және нақты жүріс-тұрыс нормаларының негізіндегі адам әрекетінің жалпы бағытын анықтап көрсетеді.

Егер моральдық нормалар адамның нақты қандай іс-әрекет жасау керек екенін анықтаса, ал моральдық қағидалар адамға әрекет етудің жалпы бағыттарын береді.

Моральдық қағидалар қатарына адамгершіліктің мына бастаулары кіреді - гуманизм — адамды жоғарғы құндылығы ретінде тану; альтруизм — жақынға қызмет ету; ұжымдылық - жалпы құндылыққа танымды түрде ұмтылу.

Адамның моральдық таңдау жағдайында шешім қабылдауы нәтижесінде әрекет жасауы белгілі бір дәрежеде басқа адамдардың, қоғамның мүддесіне өз әсерін тигізеді. Моральдық таңдау тұлғаның басқа адамдармен шынайы байланысын көрсететіндіктен, ал нәтиженің олар үшін белгілі бір мәні

болатындықтан, ол әрқашан осы тұлғаға белгілі бір жауапкершілікті жүктейді және арқылы жүзеге асырылады.

Моральдық нормалар әлеуметтік топқа немесе нақты сол қоғамға тән белгілі бір анықталған жағдайларда өз-өздерін ұстаудағы жүріс-тұрыс ережелерінің мазмұнын анықтайды.

Моральды нормалар мен құндылықтар жүйесі ретінде талдау оны статикалық жағдайдағы қоғамдық құбылыс ретінде көруге мүмкіндік береді. Моральдық таңдау көзқарасы тұрғысынан моральды танып-білу оның динамикалық жағын ашуға, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі нормалардың, қағидалардың, адамгершілік құндылықтардың және бағалаудың қызметін көруге мүмкіндік береді.

Моральдық таңдауды кейде, тіпті, тар мағынада, адамның шешім қабылдаудағы саналы әрекеті ретінде түсіндіреді. Алайда, осы шешім қабылдану үшін белгілі бір объективтік және субъективтік алғышарттардың, таңдау шарттарының және осы таңдауды жүзеге асыру үшін мүмкіндігінің бар болуы қажет. Шешімнің қабылдануымен таңдау әрекеті аяқталмайды. Оның жалғасы болып шешімді жүзеге асыру құралдарын таңдау, оны іс жүзінде жүзеге асыру және нәтижелерді бағалау табылады.

Этика ұғымында моральдық көріністердің аса маңызды саласы және олардың жалпы теория жүзінде іске асырылуы көрсетіледі. Оларда адамгершілікті білімнің тарихи даму барысындағы түпкі мақсаты көрініс алады. Мораль ұғымында этиканың іргелі онтологиялық және аксиологиялық негіздері қаланады. Олар моральдық бағытта адамдардың адамгершілікті әрекетін нормативті-бағалаудағы әр түрлілігін айқындай отырып, танымдық әрекеттің жетекші рөлін атқарады.

Әдетте, этиканың категориялары да біртекті болады деуге болмайды. Олардың бірі адамгершіліктің өзіндік мәнін, тұлғалық және әлемдік дамудың түпкі мақсатын, моральдың жалпы бастапқы принциптерін айқындаса (бұл ұғымға: «игілік», «жақсылық», «рахымшыл», «шындық», «бақыт», «әділеттілік», «махаббат», «сүйіспеншілік» және т.б. жатады), *екінші бір үлкен*

тобы тұлғаның жалпылама адамгершілікті негіздерін анықтайды. (Бұл мына ұғымдарда көрініс алады: «парыз», «ұят», «ар», «намыс», «абырой» және т.б.). Ал *үшінші тобы болса* моральдың «ашу-ыза», «табалау» ұғымында шоғырланған жағымсыз принциптерінің соңғы көріністерін белгілейді. Оның мазмұны өтірік, көре алмаушылық, жек көрушілік, сатқындық, жауыздық, оңбағандық және тағы басқа адамгершілікке жат түсініктер туралы көріністерде ашылады.

Моральдың ең жоғары принципі ретінде дәстүрлі түрде *гуманизм* саналады. Бұл ұғымның этимологиясының өзі ежелден адамгершілік деген түсінікті, оның адамға деген жоғары көзқарасын көрсетеді. Гуманизм – адамгершіліктің ең жоғары бастауы. Гуманизм түсінігінде мораль адамның барлық ісіне, талпынысына, өміріне мән беретін басты негіздің бірі десе болады. Гуманизм идеясымен адамзаттың бүкіл рухани мәдениетінің қалыптасу тарихы тығыз байланысты. Бұл идеялардың басты өзегі болып, адамның шексіз мүмкіндіктеріне деген сенімі және оның бақытқа жету мақсатындағы қабілеті саналады.

Мораль адамзат тағдырын шешуді көздемейді. Оның міндеті – гуманитарлық және адамгершілік идеалдарына сәйкес тарихи тұрмыс-тіршілігіне нақты рухани бағыт беру. Мораль – тарихи ұғым. Ол адамзат пайда болғаннан бастап әлеуметтік тұрмыстың мазмұнын анықтайтын жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың қатарына жатады және адам мен қоғам қанша өмір сүрсе сонша оның маңызды қасиеті болып қала береді. Бұны алғашқы қауымдық қоғам жағдайындағы мінез-құлық нормалары, құлдық қоғам мен орта ғасыр кезеңіндегі мораль, жаңа және жаңарған кезеңдегі этика, қазіргі қоғамдағы этика, яғни адамгершілік прогресі дәлелдейді.

2. Мораль құрылымының негізгі элементтері.

Мораль, адамдардың мінез-құлқын нормативті тұрғыда реттейтін тәсіл бола тұра, қоғамдық қатынастың ерекше және маңызды саласы болып саналады. Ол моральдық сана мен моральдық мінез-құлық тәжірибесін құрайтын әлеуметтік болмыстың материалдық және идеалдық салаларын қарастырады.

Моральдық сана - моральдың рухани саласы: мінез-құлықтың нормасы және принциптері, мақсатты нұсқаулар, эмоциялар, сезімдер, наным-сенімдер, әсерленушілік, ерік-жігер және т.б. идеалды факторлар. Ол адамдардың тыныс-тіршілігімен және тарихи тәжірибесінің бейнесі болып табылады, әлеуметтік сабақтастық механизмінің және тіршілік әрекетті бағыттап, ұйымдастырудың функцияларын орындайды, тұлғаның мінез-құлық нәтижелерін бағалайды. *Моральдық сана адамдардың қатынасында екі деңгейлік бағытта жұмыс істейді: эмоционалдық-сезімдік* (әдеттегі сана) және *рационалдық-теориялық* (этика). *Біріншісі* адамдардың қарым-қатынасын анықтаса басқа адамдарға (ұнату немесе ұнатпау, сену немесе сенбеу, қызғану, жек көру және т.б. сезімдері); ә) өз-өзіне (сыпайылық, инабаттылық, талап қоя білушілік, намысшылдық, мансапқұмарлық, адамгершілігін сезіну және т.б.); б) қоғамға (қоғам алдындағы жауапкершілігі, ұлтжандылық, ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш және т.б.); *екіншісі* этикалық білім, түсінік, мінез-құлық нормасы туралы принциптер мен қағидалар жүйесі, моральдық кодекс, адамгершілікті теориялық тұрғыда негіздеу болып табылады. Моральдық сана қоғамның дамуына және жеке бастың жинақтаған мінез-құлық тәжірибесіне байланысты қалыптасып, адамгершілік ұғымдары мен ой қорытындыларының формасы түрінде көрінеді. Моральдық сананың қалыптасуы жеке бас тарапынан моральдық категорияларды меңгеру ғана емес, ол жеке бас бойында көрініс беретін моральдық принциптерге деген көзқарасты қалыптастыру және осы принциптерді өзінің мінез-құлқына енгізуге ұмтылыс болып табылады. Осы жағдайда моральдық ұғымдар моральдық сенімге айналады да, моральдық мінез-құлық мотиві пайда болады.

Моральдық сана мен моральдық сенім адамгершілікке тәрбиелеу процесінде қалыптасады. Моральдық сананың қалыптасуына баланың отбасындағы тәрбиесі, өзіндік санасы, дүниетанымы, ұжымның көзқарасы әсер етеді. Белгілі қылықтарды моральдық бағалау арқылы, қоғамдық пікір нәтижесінде моральдық әдетті, моральдық сезімді, демек, моральдық сананы дамытудың негізгі мәйегін дайындайды.

Адамгершілік ұғымдары (категориялар) – жеке бастың басқа адамдарға және қоғамға қатынасындағы моральдық қарым-қатынастың мәнді жақтарын бейнелейтін ұғым. Моральдық категориялардан моральдық сана көрінеді. Моральдық категорияларға: ізгілік, борыш, шыншылдық, абырой, ұждан, жауапкершілік жатады. Моральдық ұғым мазмұны мінез-құлықты бағалаумен және оның мотивімен байланысты. Адамгершілік қатынас моделі моральдық нормалардан көрініс табады, олар ең алдымен қоғамның мінез-құлыққа міндеттеген шешімін қабылдайды, қоғамның сұранысына қарай адамгершілік қатынасты жоспарлайды және оларды жүзеге асырудың амал, жолдарын қарастырады.

Моральдық нормалар қоғамдық көзқарас нәтижесінде туындап, адам мінез-құлқында бекиді де, ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр, әдет-ғұрып, әдет арқылы беріледі. Мұндағы дәстүр адам өмірін ұйымдастырып қана қоймайды, оны белгілі бір тәртіпке бағындырады, қоғам қабылдаған және қолдау беретін жазылмаған заң түріндегі адамгершілік талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. Нормаларға: «ұрлама» «өтірік айтпа», «берген сөзінде тұр», «жалқау болма», «жазықсызға жала жаппа», «тәртіпті бол», «әдепті бол», «басқаларға сыйлы бол» және т.б. адамгершілік талаптар жатады. Адамгершілік нормалары адам үшін маңызды қоғамдық және жеке бастық салаларды, мәселен, еңбек ұжымы, отбасы, қоғамдық ортадағы мінез-құлықты, ер адам мен әйел адам, ата-ана мен балалар арасындағы қатынасты және т.б. реттеп отырады. Олар жеке басты түрлі жағымсыз жағдайлардан, қоғамдық тәртіпті бұзушылықтан сақтайды, қоғамды келеңсіз құбылыстардан қорғайды. *Моральдың мінез-құлық тәжірибесі саласы* қоғамдық моральдың қазіргі жүйесінің принциптерін

жүзеге асырады және тұлға әрекет жасағанға дейінгі тәртіптің өте оңды моделін қалыптастыратын жеке моральдық сана деңгейімен анықталады.

Моральдық сана мен моральдық мінез-құлық тәжірибесі әрдайым өзара байланыста болады, ұдайы біріділікте жүзеге аса отырып, бір-біріне көмектесе әрекет жасайды және себепші болады: тәжірибеден санаға, санадан жана тәжірибеге және т.б. Моральдық мінез-құлық тәжірибесі моральдық санаға ауысады немесе керісінше.

Мораль – білім мен іскерлікті өмірде пайдаланумен шектелмейді, оларды жүзеге асыру процесін атқарады. Моральдың барлық құрылымдық элементі біртұтас жүйе ретінде құндылық бағдарды, моральдық іс-әрекеттің мақсатын, оған жетудің құралдарын (адамгершілік мөлшерлерді), іс-әрекет мотивациясын, ұсынылған немесе алынған нәтижелерге берілген көзқарастарды қарастырады.

Мораль мазмұнының аса маңызды сипаты болып: адамды адамдар арасындағы қатынастың ең жоғары мақсаты мен құндылығы ретінде анықтау; тіршіліктегі белсенді көзқарастың негізінде іс-әрекеттік идеал мен мақсаттың болуы; құралдарды таңдауда талғамдықтың, жағдайларда нақтылықтың болуы; адамдар арасындағы қатынаста нормативті-психологиялық бағыттаушы механизмнің болуы; тәртіпті «жақсылық пен жамандық» тұрғысында бағалаудағы міндеттілік; тіршіліктің принциптеріне сүйене отырып жамандыққа қарсылық көрсету қажеттілігі саналады. Бұл белгілердің бәрі моральдың атқаратын қызметін (моральдық сана мен моральдық мінез-құлық тәрбиесін қоса есептегенде) анықтайды.

Мораль адамдар арасындағы қарым-қатынастың идеологиялық саласы (яғни рухани өмірге қатысты) *болып табылады және қоғамдық сананың басқа формаларының* (ғылым, дін, өнер және т.б.) жалпы қасиеттеріне, сонымен бірге тек қана өзіне тән өзіндік ерекшеліктеріне ие болады. Оның аса маңызды қасиеттеріне мыналар жатады: мазмұнының әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қамтамасыз етілуі, бүгінгі таңдағы жағдайларға салыстырмалы дербестілік, қоғамдық процеске белсенді ықпал етудегі мүмкіндіктері, дамудағы сабақтастық, қоғамдық сананың басқа формаларымен өзара іс-әрекеттестігі. Бұл

қасиеттер моральды және мазмұны материалдық, рухани факторлармен, нақты тарихи-әлеуметтік жағдайлармен айқындалатын қоғамдық мәні бар, қоғамдық сананың құбылыс ретіндегі басқа формаларын сипаттайды.

Моральдың өзіне тән негізгі қасиеттеріне имперактивтілікті, нормативтілікті және бағалаушылықты жатқызуға болады. Бұл үшеуі моральдық қатынастардың қызметтік механизмін белгілей отырып, әрдайым бірлікте жүзеге асады. Олардың мазмұны мынадай жолдармен қалыптасады: моральдық, ұлттық моральдық нормаларды қоғамдық санада бекіту, адамдардың қоғамдағы тәртібінің моделін ұлттық әдептің негізіне сүйене отырып жасау, оның жеке адамның тәрбиесіне сәйкес талаптарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің тәсілдерін ойластыру. Қазіргі қоғамның жалпы рухани дағдарысы жағдайында моральдың маңызды қасиеттерін аса қатаң түрде жүзеге асыру талап етіледі. Оның талаптарын қазіргі әлеуметтік шарттардың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүлтіксіз орындау ғана дағдарыстағы жағдайларды жеңуді және жаңа рухани деңгейге көтеруді қамтамасыз етеді.

Моральдық сана оның функцияларын да анықтайды. Мораль аса маңызды жалпы адами құндылықтардың қатарына жатады. Оның рөлін адамға күнделікті тұрмыс-тіршілігіне бейімделуде, әртүрлі әлеуметтік проблемаларды шешуде, рухани ізденістерде көмектесетін компаспен салыстыруға болады. *Мораль мынадай негізгі функцияларды атқарады:* тәрбиелік, дүниетанымдық, танымдық, коммуникативтік, бағалаушы, реттеуші, интегративті (1-сурет). Бір-бірімен тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыра қызмет атқаратын бұл функциялар қоғамдық қатынас пен адамдардың өзара қатынасы барысында жүзеге асады. Адамның мінез-құлқының алғашқы негізі болып тұлғаның мінез-құлқына және тіршілік бейнесіндегі рухани құндылықтар мен қажеттіліктердің жиынтығы ретінде *идеал ұғымы* саналады. Идеал адамның жеке басының бақыты туралы көзқарасты (сезімдік-эмоционалдық сала); өмірдің мақсаты мен қажеттілігін (олар әртүрлі деңгейде болуы мүмкін); іс-әрекеттің мотивін; басқа адамдарға қатынасын (қарым-қатынас сипаты); идеалға жетудің тәсілдерін қарастырады. Идеал тұлғаның тіршілік әрекетінің басты бағдары болып

табылады. Адам мінез-құлқын мақсатты түрде жүзеге асырады, яғни алдыға мақсат қояды және оған қозғалыстың стратегиясын таңдап, бір жағдайда бола тұра оған тарихи және әлеуметтік үрдісті, қоғамдағы материалдық және рухани іс-әрекетті енгізеді. Өзінің мақсатына жетудің қажеттілігі мен мүмкіндігі және кәсіби іс-әрекеттің нәтижесіндегі қажеттілік — адамның мінез-құлқын мақсатты түрде жүзеге асыруда пайда болған іргелі әлеуметтік алғышарт.

Ішкі істер қызметкерлері үшін өзінің мінез-құлқындағы уәждеменің өте маңызды екендігін ұғынуы керек, себебі оның тәжірибелік қызметінде маңызды әлеуметтік мақсатқа жету — азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Бастапқы оңайлатылған таңдау сызбасы барлығымызға белгілі. Ежелгі қазақ халық ертегісінің сюжеті бәрімізге де белгілі, ондағы батыр құздың алдына тоқтайды және алдынан оның жасаған әрекетінің кейінгі салдарын анықтайтын, әрбір таңдаған жолы: «Оңға барсаң... солға барсаң...» деген үш нұсқаулыққа бағытталған жолды көрсетеді.

Шынайы тәжірибеде тұлға өзінің ізгілік ұстанымын анықтауды талап етуін және амал жасауын анықтайтын мыңдаған жағдаяттармен кездеседі. Тұлға парыз бен ұжданды басшылыққа ала отырып, мейірімділік пен зұлымдық, ізгілік пен әдепсіздік туралы көзқарасын білдіре отырып, шешімді қабылдайды. Таңдау адамның барлық өмірінде қабаттасып жүреді.

Таңдау — толық түсініктер кешенін негізге алып, адамның іс-әрекетінің басты актісін сипаттайтын сөз. Таңдау — нысаналық мінез-құлықтың алғашқы бөлшегі мен әмбебап құрылымы. Таңдау — адамның іс-әрекеті саласындағы қарапайым нұсқаулықтарды, оның өміршендік күшіне ұсыныс беру аясын, кез келген әрекетінің мағынасын анықтауды, мейірімділік пен зұлымдық әлеміне бағытталған оның құндылықтарын, міндетті толықтыруларды талап ететін сөз.


Таңдаудың қажеттілігі әрбір адамның ізгілік өміріндегі ажыратылмайтын қасиет. Таңдауға барлық амалдар енгізілген, ол кез-келген адамның іс-

әрекетіндегі негізгі топты құрайды. Ар-ождандық таңдау жағдаяты адамнан оның идеалдары мен ой сезім парызын иландыру және ізгілік пен зұлымдық туралы түсінігін жүзеге асыруда жауапкершілік пен өз бетінше әрекет етіп, шешім шығаруын талап етеді. Ар-ождандық таңдау — адамның іс-әрекетінің нысаналық және мақсатқа сай актісі. Ар-ождандық таңдау сипаттамасының екі жағы бар: бағдардың құндылығы, іс-әрекеттің мәні мен таңдалып алынған құралдың орындылығы. Сондықтан да тұлғаға мақсат үшін де, оны ар-ождандық таңдауда жүзеге асыруда да жауапкершілік жүктеледі. Басқаша айтқанда, ол адами іс-әрекетінің мәніне сәйкес келетін таңдау жасауға, ал құрал да осы негізде көрінетін мақсат пен нәтижелерге жауапты.

Жекелеген тіршілік тынысы деңгейінде стратегиялық таңдау тетігінің негізгі қағидасы — баламалық.

ПО қызметкері шешім қабылдау кезінде бір ғана жолды ғана емес, бірнеше жолды жүзеге асыру үшін психологиялық тұрғыдан дайын болуы тиіс. Баламалар психологиялық тұрғыдан (құнды, уәждемі және т. б.) шынайы болуы тиіс. Кез-келген, оның ішінде кездейсоқ шешім үшін мазасыздыққа, амалға, бақылауға, дәлелге, белгіге сай желі тартылуы тиіс. Бұл мүмкін бе? Логиканың «шешім қабылдау» тұжырымы бойынша адам таңдау жасау кезінде өзінің өмірінде бас тартқан барлық мүмкін желілерді ойыннан шығарады. Ол бір ғана бұтақпен «мақсат ағашымен» өмір сүреді, ал ол үшін қалғандардың барлығы тіршілік етпейді. ПО маманының мәні бар бірде-бір желісі болмай-ақ, таңдау жағдаятына құндылық жүйе, құрылғы, уәждеме кіреді. Ал қалғандардың барлығын артқа тастайды. Маман бір уақытта өмірдің бірнеше қойылымдары мен стратегияларын ойнап шығады.

3. Моральдың функциялары.



Ол жағымды өнегелердің негізінде атақты тұлғалардың беделінде, мінез-құлықтың жекеленген адамгершілікті бағдарламасында нақты бір істі жасауда дамиды. *Идеалдың ең басты қасиеті* – адамды жоғары дәрежеге көтеру, оны бұрынғысынан да жақсы етіп көрсету, жағымды қылықтарға бағыттау болып табылады. Идеал – шынайы өмірмен, күнделікті тіршілікпен байланыста, қоғамның ықпалы мен адамгершілікті, *моральдық қарым-қатынаста* жүзеге асады. *Моральдық қатынас* – бұл тұлғаның рухани болмысы мазмұнының және деңгейінің көрінісі, ал *адамгершілікті мәдени қатынас* болса оның аса маңызды рухани құндылықтарының санатына жатады. *Адамгершілікті мәдени қатынас мынадай қажетті элементтерді қарастырады:* қарым-қатынас мақсатын қоя білу; серіктесті таңдай білу; мотивтер мен көңіл-күйді әсерлендіре білу; қарым-қатынас формалары мен тәсілдері, қорытынды нәтижесі және оларды бағалау. Ол моральдық сенімнің, моральдық білім нормасының, моральдық іс-әрекетке даярлығының, ұстамдылығының болуын болжайды. *Қатынастағы адамгершілікті мәдениет адамгершілікті санамен мінез-құлықтың бірлігін қарастырады және ішкі, сыртқы* деп екіге бөлінеді. *Ішкі мәдениетке* тұлғаның рухани болмысының негізін құрайтын адамгершілікті идеал мен мақсат, мінез-құлық нормалары және принциптері жатады. Тұлғаның ішкі мәдениеті сыртқы мәдениетті қалыптастыруда жетекші рөл атқарады.

Қорытынды.

Моральдың мазмұнындағы адамдардың қарым-қатынасы принциптерін екі түрге бөліп қарастыруға болады: 1) *барлығына ортақ принциптер*, олар барлық рухани қатынас жүйесіне негіз болады және қоғамдық сананың барлық саласында көрініс табады (саяси, құқықтық, көркемдік, ғылыми, философиялық, діни, моральдық); 2) *моральдық қатынас саласына қатысты принциптер*. Оларға гуманизм, ұлтжандылық, ұжымдылық, шыншылдық, жауапкершілік, интернационалистік, өзге ұлт өкілдеріне құрмет және т.б. жатады.

Осы орайда адамзат қоғамы дамуының өте ерте кезеңдерінде қалыптаса бастаған қатынастың этикалық принциптерін де атап өтуге болады: альтруизм, эгоизм, аскетизм, еріктілік, стоицизм, квиетизм, утилитаризм, конформизм, пробабиллизм, талаптылық. *Альтруизм* (басқа адамға жақсылық жасау мақсатында өз қызығушылығын құрбан ету); *эгоизм* (басқалармен қарым-қатынаста өз мүддесін жоғары қою); *аскетизм* (идеалға жету мақсатында өмірлік ләззаттан бас тарту); *ерліктік*; *стоицизм* (басқалармен қарым-қатынаста моральдық талапты негізгі борыш ретінде орындау); *квиетизм* (әлемдегі құбылыстарға селкостық таныту); *утилитаризм* (пайда көзіне ұмтылыс); *конформизм* (жеке бастық позициядан бас тартып, ұжымдық позицияға бас ұру); *пробабиллизм* (моральдық жауапсыздық, антигуманды әрекеттегі қолдау); *талаптылық* (моральдық борышты, жауапкершілікті орындаудағы жоғары талап). Аталған моральдық принциптер қоғам дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап қалыптаса бастады. Олар адамдардың мінез-құлқындағы маңызды этикалық талаптар тұрғысында адамгершілікті қатынастағы субъектілердің іс-әрекеті бағытын анықтайды.

4 – дәріс. Дәріс тақырыбы – «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіптік қарым-қатынас жасау мәдениеті».

Дәріс жоспары:

Кіріспе

1. Іскерлік қатынастардың табиғаты және мәні.
2. Іскерлік қарым-қатынас жасау этикасының негізгі принциптері.
3. Қызметтік этикет.

Қорытынды

Кіріспе.

Мәдениет дегеніміз жалпы мәдениет түсінігі, сонымен қоса, заңдық мәдениеттерді анықтайтын мемлекеттік қызметтің сапалы сипаттамасы.

«Мәдениет» термині (латын тілінен аударғанда cultura — тәрбиелеу, білім беру, даму) кең мағынада және барлық салада қолданыла отырып, жан-жақты талқыланады.

«Мәдениет» түсінігі жалпы мағынада адамдармен құрылған және құрылатын материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде қаралады.

Мәдениет қоғамның өндірістік, қоғамдық және рухани өмірінің жетістіктерін көрсетеді. Сонымен қатар, сол мезетте шаруашылық және танымдық қызметтің деңгейін, дәрежесін сипаттайды.

Мәдениеттің материалдық және рухани түрлерін ажыратамыз. Материалдық мәдениет материалдық қызметтің барлық аясын және оның нәтижелерін кірістіреді. Бұл - еңбек, тұрғын, күнделікті тұрмыс құралдары, байланыстар және киім болып табылады. Рухани мәдениет рухани өндірістің, танымның аясын қамтиды. Бұл ғылым, адамгершілік, дін, мифология, тәрбие. Бұған философия, құқық, этика, эстетика, әдебиет, өнер, архитектура кіреді.

Кей жағдайда мәдениетті тар мағынада, яғни, нақты қоғамдағы өмірдің рухани жағдайын ғана көрсетеді.

Мәдениет жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды енгізеді. Ол үнемі даму үстінде болады. Рухани құқықтың құрамдас бөлігіне құқықтық мәдениет енеді. Құқықтық мәдениет — бұл құқықты тәртіпті қамтамасыз ететін, тұлғаның құқықтық қорғалуын қамтамасыз ететін әлеуметтік қатынастардың құқықтық реттелуінің қоғаммен жеткен дәрежесі. Ол тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының заңды түрде қорғалуымен және даму дәрежесімен, қоғамдық өмірдің нормативтік реттелуімен, құқықтық тәртіп негізінде сипатталады. Ең соңында құқықтық мәдениет әлеуметтік әділеттілікті құқықтық жағынан, қоғамның гуманизациялау дәрежесіне қатысты бағаланады.

Құқықтық мәдениет мынадай басқа мәдениет элементтерімен байланыста: философиямен, саясаттанумен, дінмен және т.б.

Құқықтық мәдениет адамгершілік мәдениетпен тығыз байланысты: қоғамның адамгершілігі жоғарылаған сайын, құқықтық мәдениеті де жоғарылай түседі.

Құқықтық мәдениет — рухани мәдениеттің саласы. Құқықтық мәдениет рухани негіз бола отырып, материалдық мәдениетпен байланысты және белгілі бір әсерін тигізеді.

1. Іскерлік қарым-қатынастың табиғаты және мәні.

Азаматтармен және заңды тұлғалармен қарым-қатынастарда мемлекеттік биліктің өкілі ретінде ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) азаматтардың мемлекет институттарына сенімін нығайтуға ықпал ету;

2) қарапайымдылық танытуы, өзінің лауазымдық жағдайын, оның ішінде көлік, сервис және өзге де қызметтерді алу кезінде баса көрсетпеуге және пайдаланбауы;

3) өзінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен қоғам тарапынан негізді сынға ұшырамауға сынағаны үшін қудалауға жол бермеуі, оған төзімділікпен қарауы, оң сын-ескертпелерді, кемшіліктерді жою мен өзінің кәсіби қызметін жақсарту үшін пайдалануы;

4) өтініштерді қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуі, олар бойынша заңда белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануы;

5) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге, қарым-қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі;

6) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауы;

7) сыпайы және әдепті болуы тиіс.

Құқық қорғау органдарындағы материалды-техникалық базаның жеткіліксіздігі, әлеуметтік жағдайының төмендеуі секілді факторлар қылмыстың тиімді алдын-алуына кедергі келтіріп отыр. Құқық қорғау органдарының тиісті ақпараттық қолдауы жоқтығынан, әрі тұрғындардың құқықтық мәдениетін көтеруге бағытталған белсенді қызмет шараларының жоқтығы халықтың заң күшіне деген сенімсіздігін туғызып, биліктің әділетсіздігі жөнінде сенім туғызуға жол беріп отыр.

Қылмысқа қарсы күресті тиімді жалғастыру үшін барлық мемлекеттік және жергілікті билік пен басқармалардың үйлесімді күш салуының негізінде, құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз етудің жүйелі беріктігін қалыптастыру мақсатында кешенді шара қолдану керек.

Этикет жалпы мағынада адамзаттық өзара қарым-қатынастарды көрсететін реттеуші жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығы деп түсінуге болады (қоршаған ортамен қарым-қатынас, сәлемдесу және тіл қату құралы, қоғамдық орындарда өзін-өзі алып жүру ережелері, киім кию үлгісі мен сөйлеу мәдениеті). Этикет — қоғам мен адамның сыртқы мәдениетінің құрамдас бөлігі. Бізге белгілі болатындай, дипломатиялық этикет, «жоғарғы қоғам» этикеті деген түрлері бар және тағы да басқа түрлері бар. Этикет сыпайылық заңдарына, адамдар мен мекемелерге қатысты сыпайылық және сыйластық, кішіпейілділік пен ізеттілік қатынастарынан туындайтын жалпы ережелерге негізделеді.

Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататынын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететіндігін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретінін сезінеді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлықтан

қорғауды қамтамасыз етудің бағдарламасынан үзінді алатын болсақ, алға қойған міндетті іске асыру үшін:

электрондық мемлекеттік қызметтерді енгізу жолымен азаматтарға және ұйымдарға қызметтер көрсетудің сапасын жақсарту мен мерзімін қысқарту және мемлекеттік электрондық деректер базасына қол жеткізуді қамтамасыз ету;

сот шешімдерін қабылдаудың ашықтығына және олардың уақытылы орындалуына жәрдемдесетін рәсімдерді енгізу;

бюджетті әзірлеу мен оның атқарылуының ашықтығын, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қаражатты бөлу және пайдалану туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ететін құқықтық және әкімшілік тетіктерді дамыту;

азаматтық қоғам институттарына бірқатар арнайы рұқсат беру функцияларын дәйекті түрде беруді қамтамасыз ету;

жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізуді нақты құқықтық реттеуді қамтамасыз ету;

мемлекеттік органдардың қызметтер ұсыну ережелерін әзірлеу;

сыбайлас жемқорлық көріністері мен мемлекеттік қызметшілер мүдделерінің қақтығысының алдын алу үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда ішкі бақылау жүйесін құру;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы саласында құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуы жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету қажет.

Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады:

мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктері мен рұқсат беру функцияларының қосарлануына және негізсіз кеңейтілуіне әкелетін нормаларды алып тастау;

мемлекеттік қызметте лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының алдын алуды құқықтық реттеуді жетілдіру;

мемлекеттік билік органдарының шешімдер қабылдау процесінің ақпараттық ашықтығын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;

бюджет қаражатының жұмсалыуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету үшін құқықтық жағдайлар жасау;

мемлекеттік басқару органдарының қызметіне қоғамдық әсер ету тетіктерін енгізу;

Қазақстан Республикасы заңнамасының халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық-іс жүргізу кодексіне, қылмыстық кодекске, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

қоғамдық мүдделерге сай келетін заңды қызметке айналдыру мақсатында мүдделерге қолдау көрсету туралы нормаларды заңнамалық бекіту;

алдымен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін өзгертуді көздейтін немесе азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті сараптама белгілеу;

ақпарат көздерінің құпиялылығын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы ақпаратты хабарлайтын куәлар мен адамдарды қорғау институтын нығайту.

2. Іскерлік қарым-қатынас жасау этикасының негізгі принциптері.

Қарым-қатынас бұл «жеке тұлғалардың» физикалық тұрғысымен қатар бір-бірімен рухани тұрғыдан адами өзара әрекеті қалпының бірден-бір жекеленген қоғамдық түр пішіні болып табылады.

Адамдардың бір-бірімен еңбектері мен тұрмыстары бойынша тәжірибе алмаспай, бір-бірімен қатынас жасамай, бір-біріне әсер етпей өмір сүруі мүмкін емес.

Қарым-қатынас дегеніміз — адамдардың басқа адамдармен ойлары, қылығы, сезімдері және уайымы сияқты әрекеттермен алмасуы. Дамыған мәдениетті адам үшін қарым-қатынас қажеттілік болып табылады. Оның болмауы адамға қиындық тудырады.

Қарым-қатынас — тәрбие және өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі. Қарым-қатынас адамдардың ең жақсы қасиеттерін ашып, оны анықтауға көмегін тигізеді. «Құпия» қарым-қатынас басқа адамдармен келісіп, тілектес болып, жан дүниесінің байлығын бірге бөлісіп өмір сүру және пейіл таныту болып табылады.

Ішкі істер органы қызметкерлерінің кәсіби қызметімен жұмыс барысындағы бір минуттық адами мәселелер қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Қарым-қатынас ғылымын және мәдениетін барлық мәдениетті адамдар меңгереді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, адамдармен қарым-қатынас жасау — аса қиын және өте қажетті іс. Ең маңыздысы, гуманистік қарым-қатынастың қағидалары мен нормаларының негізінде адамдардың өзіне деген оң пікірін қалыптастыру.

Егер сіз өзара қарым-қатынастың жоғарғы мәдениетін қалыптастыра білсеңіз, онда керексіз даудан, жанжалдан, қақтығыстан қашуға тырысуыңыз керек. Қарым-қатынас әдебі тұлғалардың арасындағы дауларды ескертеді, әділдік пен игілік қағидаларын негізге ала отырып, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйретеді, өмірде кездесетін атап айтқанда, жұмыстағы, үйдегі мәселелерді шешуге көмектеседі.

Қарым-қатынас үдерісі әрқашанда пайымдаушылық сипатқа ие. Сонымен қатар олардың бағыты мен құндылығының бағдарын анықтау аса қажет. Қарым-қатынас құндылығы деп оның негізгі мазмұндық сипатын анықтайтын, маңызы бар қарым-қатынас үдерісін айтамыз.

Қарым-қатынастың ізгілік әдеби адамның жоғарғы құндылығы ретіндегі абыройы мен қадір-қасиетіне бағытталған. И. Кант өзінің аманаттық қарсылығын қалыптастыра отырып, адамға құрал ретінде емес, әрқашанда мақсат ретінде қарау керектігін көрсетеді. Аталған аманатты толықтырып, Дейл Карнеги «Достарды қалай табуға және адамдарға қалай ықпал етуге болады?» деген кітабында, былай деп жазады: «Адами мінез-құлықтың заңдарының бәрі маңызды болып саналады. Осы заңға бағына отырып, біз ешқашанда кесапатқа ұшырамаймыз. Аталған заңның заңдылықтарын ұстау барысында біз көптеген достар табамыз және айнымас бақытқа кенелеміз. Егер сіз оны бұзсаңыз, онда толассыз қайғы мен кесапатқа ұшырайсыз. Бұл заң мынадай: әрқашанда өзіңізбен пікірлес адамның санасын оның маңызды да мәнді екенін иландырыңыз. Адамдардың өзіндік ерекшелігіне оның терең қадір-қасиеті бойынша ең бағалы болуға айрықша талпынуы жатады. Нақты осының өзі өркениет негізіне жатады».

Сондықтан да тұлға үшін қарым-қатынас шеберлігі басқаның қасиетін бағалау болып табылады. Егер тұлға өзінен ғана ең жоғарғы құндылықтарды байқап, өзінің қажеттілігін өтеу үшін және алдына жаман, пайдакүнемдік мақсат қойса, ал басқа адам осы мақсаттарға жету үшін негізгі құрал болып табылады, онда мұндай қарым-қатынас ізгіліксіз және мәдениетсіз болып табылады.

3. Қызметтік этикет

Адамгершілікті мәдени қарым-қатынастың құрамдас бөлігінің бірі *этикет* болып табылады. Этикет дегеніміз – адамдардың сырттағы қарым-қатынасын (қоршаған ортамен қатынаса білу, көпшілік орындарында өзін ұстай білу әдеби және т.б.) реттеп отыратын мінез-құлық ережесінің жиынтығы. Этикетте әрбір қоғамға тән қатынас формалары көрініс табады. Мысалы, дәстүрлі қоғамда бұл салт-жоралар, әдет-ғұрыптар, рәсімдер деп аталады. Бүгінгі өмірде этикет нормаларының мазмұны қоғамдағы қатынастардың демократизациялануымен және гуманизациялануымен байланысты. Этикет мінез-құлық мәдениетінің маңызды саласы ретінде тәрбие арқылы қалыптасады. Этикет формаларында

терең моральдық қасиеттер орын алады. Мысалы, «*рұқсат етіңіз*», «*кешіріңіз*», «*рахмет*», «*өтінемін*» және т.б. сөздер тұлғаның моральдық қасиеттері ауқымының көлемділігін көрсетеді. Бұл ілтипат көрсетудің немесе өткендегі іс-қылығына кешірім сұраудың бір көрінісі де болуы мүмкін. *Этикет сыпайылық, ұстамдылық, сыйластық, ашықтық, әдептілік сияқты қасиеттерді пайдалануды қажет етеді.* Сонымен бірге *этикет ережелерін пайдалануда дөрекілік, бөспелік, арсыздық, әдепсіздік, жүгенсіздікке жол берілмейді.*

Моральдың құрамдас бөлігі ретінде этикет аса маңызды коммуникативтік міндетті атқарады. Оның принциптері мен нормаларын білу қарым-қатынасты жеңілдетеді, адамгершілікті мәдени деңгейге көтереді, достық, махаббат, отбасы қатынастарындағы және т.б. адамгершілік құндылықтарды көре білуге, бағалауға үйретеді, рухани мәдениетінің, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына көмектеседі, моральдық қатынас мәдениетін бағалауда кездесетін кейбір келеңсіздіктерге жол бермейді. Осы айтылғанның бәрі этикеттің, тұлғаның мінез-құлқының сыртқы көрінісі ретінде әрдайым тұлғаның рухани дүниесінің ішкі моральдық мазмұнымен байланыста болатынын дәлелдейді.

Іскерлік мінез-құлық:

- 1) міндеттілікті және жинақылықты;
- 2) әріптестеріне құрметпен қарауды; субординацияны сақтауды;
- 3) жалған сөзді құптамауды, олардың таралуына себепші болмауды;
- 4) әріптестеріне көмек көрсетуді, білімі мен тәжірибесін беруді;
- 5) теріс мінез-құлық (әрекет) көрсеткен жағдайда, міндетті түрде кешірім сұрауды;
- 6) басқа қызметкерлердің көзінше әріптесін, қарамағындағы адамды, басшыны сынамауды;
- 7) тікелей басшыға жұмыс орнында ұзақ уақыт болмайтыны туралы хабардар етуді көздейді;

Қызметкер лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес тек қана өз құзыреті шегінде шешім қабылдауға міндетті, мәселе оның құзыретінен асып кеткен жағдайда, қызметкер тікелей басшымен сөйлесуі тиіс. Кез-келген түрдегі хат-

хабар алмасу (сұрауларға жауап, ақыл-кеңестер және ұсыныстар) қарастырылып отырған мәселе және осы мәселе бойынша қолда бар барлық деректер мұқият талданғаннан кейін тек басшының келісімімен ғана жүргізіледі.

Дипломат мемлекеттік тілді құрметтеу, мемлекеттік тілдің іскерлік қарым-қатынастағы, іс қағаздарын жүргізудегі, нормативтік құқықтық актілерін әзірлеген және қабылдаған кездегі жұмысын қамтамасыз ету; жоғары этикалық стандарттарды сақтау, басқалардың пікірін сыйлау және проблемаларды шыдаммен, ашық және ізгі ниетпен талқылау тиіс

Қызметкерлерге өздерінің лауазымдық функцияларын орындауға байланысты жеке немесе заңды тұлғалардан, ілтипат білдіру белгісі немесе кішігірім кәдесыйлар ретіндегіні қоспағанда, сыйлықтар немесе олардың қызмет көрсетуін қабылдауға тыйым салынады.

Егер кімде-кім қызметкердің лауазымдық міндеттеріне байланысты әрекеттер жасауына не әрекет жасамауына ықпал ету құралы ретінде пайдаланылуы ықтимал ілтипат білдіруге немесе қызмет көрсетуге тырысса, қызметкер келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл жөнінде тікелей басшысына хабарлауға тиіс.

Жеке қарым - қатынастар. Өзін - өзі ұстау мәнері өзара амандасудан басталады. Қызмет шарты бойынша «кім ақылды әрі тәрбиелі болса, сол бірінші амандасады». Әйел адамның қызметтік құқы ер адаммен бірдей болғандықтан, өзі бастап амандаса беруіне болады.

Этикет ережесі бойынша ер адам әйелге, жасы кіші үлкенге, бағынышты адам бастығына амандасады. Әйелдерге қалауына қарай, ал ер адамға қол алысқан дұрыс. Көптеген елдерде, оның ішінде бізде де тұрмыстағы әйел адамның қолын сүю қабылданған. Қол алысуда бастығы бағыныштыға, үлкен ер адамға бірінші қолын ұсынады.

Жеке қарым - қатынас - 60 см мен 1 - 2 метр қашықтықтан араласу. Бұған әңгімелесу, келіссөз келісім шарт кезіндегі кездесулер жатады.

Әлеуметтік ара қашықтық - 1,2 - 2,5 метрмен анықталады. Ол танымайтын адаммен байланысты білдіреді. Мұндай қашықтық бастықтың хатшысымен, өзге де қызметкерлермен қатынасында болады. Мұндай қатынас кезінде қабылдаушының назарын басқа жаққа аударуы әңгіменің аяқталғанын білдіреді.

Көпшілік ара қашықтық 3,5 - 7,5 метрге шейінгі аралықты қамтиды. Ол мәжілістер, жиналыстар өткізуде қолайлы.

Мемлекеттік ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың өкілдерімен іскерлік қарым-қатынас барысында, азаматтар өтінішпен хабарласқан кезде қызметкерлер:

- 1) ешкімді алаламай, бәріне бірдей құрметпен қарауға, кез-келген келушімен өзін ізгі ниетте және инабатты ұстауға;
- 2) ұстамдылық және әдептілік көрсетуге міндетті.

Жиналыстар және кеңестер өткізген кезде қызметкерлер іскерлік этикеттің мынадай ережелерін басшылыққа алуға міндетті:

- 1) жиналысқа уақытында келу;
- 2) күн тәртібімен алдын ала танысу және барлық қажетті материалдарды күні бұрын дайындалған сұрақтарды немесе түсіндірмелерді өзімен бірге алып келу;
- 3) жиналыс немесе кеңес басталар алдында телекоммуникациялық байланыс құралдарын ажырату;
- 4) сөйлеуге қанша уақыт берілгенін күні бұрын анықтау, сөйлейтін, құпиялылық грифі бар құжаттар қызметкердің жұмыс орнында және бөтен адамдардың қолы жететін жерлерде жатпауы тиіс.

Жұмыс орнында шылым шегуге және алкогольді ішімдікті пайдалануға тыйым салынады. Шылымды арнайы бөлінген орындарда ғана шегуге болады.

Сыртқы келбеттің жағымды іскерлік бет-бейнені қолдаудағы маңызы зор.

Осыған байланысты сыртқы түр этикетінен де хабардар болған жөн. Тап - таза, өзіне сенімді, сыпайы көзге ұрып тұратын артық жылтырақсыз киінген қызметкер сенімге тез ие болады.

Қызметкерлер өзінің киім киісінде консерватизммен, қолайлылығымен, тазалығымен, талғампаздығымен және шектен тыс болмауымен (киімнің түсі және пішімі, шаш баптауы) сипатталатын қатаң іскерлік стильді ұстануға тырысуға міндетті.

Кең пішілген киім кию қызметкердің физиологиялық жағдайына (жүктілік жағдайы, жарақаттанудан кейінгі жай-күйі) байланысты рұқсат етіледі.

Тиімді қарым - қатынас. Тиімді қарым - қатынас үшін әңгімелесуші өзіне бейімдеудің, өзін - өзі икемді ұстаудың, ұстамдалақ пен ашық адамға тән қасиеттерді меңгерудің маңызы зор. Егер келуші қысылыс білдіріп, мазасызданса, сіз өзіңіздің қарапайым ұстамыңызбен келушіні тыныштандыра аласыз.

Сөйлеу білу. Сөйлеп білмей, ойлауға дағды алу мүмкін емес. Жақсы сөйлеуге үйрену үшін не істеу керек? Біріншіден, әдеби кітаптар оқып, өлеңдер мен көркемсөздер жаттау арқылы жадыңыздағы жақсы сөз тіркестерін үнемі жаңғыртып отырыңыз. Сіздің миыңыз неғұрлым көп мәтінді сақтаған сайын сіз қажет кезде оларды дайын күйінде қолдана қоясыз. Екіншіден, өз сөзіңізді жақсы ұғыныңыз. Әрбір сөйлегеніңіз қысқа да нұсқа, сауатты құрылған сөйлемдерден болуы тиіс. Сіз ойыңызды дұрыс құрап жеткізе алмасаңыз, қандай құнды пікір айтам дегенмен ол дұрыс қабылданбауы мүмкін.

Белсенді тыңдау. Сіз айналаңызды ынта қоя тыңдаған сайын, сөйлеуші де сізге ықыласпен әңгімелей түседі. Сіз өзіңіз біреуді ықыласпен тыңдасаңыз, Сіз сөйлегенде, ол да сізді сондай ынтамен тыңдамақ. Белсенді тыңдай отырып, мәселе бойынша орынды сұрақтар қоя білу - адамның көзін жеткізудің маңызды бір бөлігі. Әдетте, қызметтегі жоғарылауларды жақсы сөйлейтіндерге қарағанда жақсы тыңдай білетіндер тез алады.

Ішкі істер органының қызметкерлері қылмыскермен қарым-қатынас жасауда өзіне тән ерекшеліктері болады. Біріншіден, қызметкерге ойлап істеген

құқық бұзушылықты ойланбай, білместіктен істеген құқық бұзушылықтан ажырата алуы тиіс. Егер бірінші жағдайда, төзімділік пен сыпайылықты көрсетсе, құқық бұзушылықтың жолын шешімді түрде кесуге болады, ал екінші жағдайда, құқық бұзушыға ізгі түсініктер мен кеңестер береді.

Құқық бұзушыға қойылған талаптар заңдық күші бар нормативтік актілерден тікелей шыққан, негізделген, әділ және түсінікті, әдепті, өнегелі, нанымды түрде айтылуы тиіс. Аталған оқиға болған жерді қоршаған адамдарға деген маманның тәртібі мен қарым-қатынасына көп нәрсе байланысты. Құқық бұзушының өзімен де дөрекі қарым-қатынас жасау қоршаған адамдарға кері әсер етуі мүмкін. Заңға сәйкес және шешімді әрекет қашанда қолдау табады.

Ішкі істер органы қызметкерлері бұзылған құқықтық тәртіпті қоршаған азаматтармен бірігіп, қалпына келтіру барысында тартысқа жол беруі мүмкін.

Ашуланған құқық бұзушының ашуын басуы үшін уақыт беру керек. Содан кейін тиісті дәрежедегі заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып, оған құқыққа қарсы әрекетін тоқтату керектігіне ұсыныс жасау керек. Құқық бұзушыны ұстаған кезде оның азаматтармен қарсыласуына жол бермеу керек.

Дауласу мен қызу пікір таласта қызметкерге аса төзімділік қажет, өзара реніш пен ұрысуға бармау керек. Ұрысу мен пікірталас — бұл пікір алмасу формасы. Әрқашанда өзіңіздің әріптесіңіздің өз ойын айтуға, оның пікірін тыңдауға тырысу керек, тек өзіңіздің пікіріңізде қалуға болмайды. Дәлелдерді салмақты, сыпайы, логикалы түрде және ешқандай дөрекі көңіл-күйсіз айту керек. «Дауда жоғарыға көтерілудегі бір ғана амал, — деп жазады Д. Карнеги, бұл — одан бас тарту». Бас тарту — басқа жаққа жай ғана кету емес, дауда түсінісу болып табылады.

Қарым-қатынас мәдениеті — ішкі істер органдары мамандарының эстетикалық мәдениетінің негізгі бөлігі, онда ізгілік пен эстетикалық, мейірімділік пен әдемілік органикалық бірлікте алынған. Қарым-қатынас мәдениетінің негізгі формаларына мінез-құлық мәдениеті, сөйлеу мен сыртқы келбет жатады. Бұл формалардың әрқайсысы белгіленген эстетикалық әлеуетті

иеленеді, бір жағынан эстетикалық мәдениеттің деңгейін, екінші жағынан осы мәдениетті қызметкердің ақыл ойына өзінің эстетикалық әрекет етуін қалыптастыру болып табылады.

Құқық қорғау органы қызметкерінің мінез-құлығының эстетикалық мәдениеті олардың бір-бірімен қарым-қатынасында және азаматтармен еңбектегі, тұрмыстағы, қоғамдық-саяси қызметтегі, оқудағы, спорттағы, яғни әлеуметтік өмірдің барлық тараптарындағы қарым-қатынасында байқалады. Жалпы олардың құбылысының мазмұны мен пішініне, мәніне, ішкі және сыртқы жағдайына диалектикалық бірлік тән болады. Нақты осы негіздеме бойынша көптеген зерттеушілер мінез-құлық мәдениетін әділетті түрде органикалық бірлікте болатынын, сонымен қатар бір-бірімен белгілі бір қайшылықта болуы мүмкін ішкі және сыртқы мәдениетке бөледі.

Қызметтік этикет және мәдениет терең ізгілік пен эстетикалық білімді, сезім, сезу, сенім мәдениетін ұйғарады. Ол адамның мінез-құлқын анықтайды. Ішкі мәдениет— бұл сыпайылық, кішіпейілділік, ізгілік, этикет ережесін сақтау, сөйлеу мәдениеті, сыртқы келбет.

Мінез-құлық мәдениетінде негізгі үш құрамды ескеру қажет:

1. ішкі мазмұны, мінез-құлықтың маңыздылығы;
2. мінез-құлықтың сыртқы көрінісі;
3. мінез сипатының өзара байланысы және олардың бір-бірімен тиісті дәрежедегі деңгейі.

Ішкі істер органы қызметкерлерінің мінез-құлық мәдениетінің мәні неде? Әрбір адамның мінез-құлқы біріншіден, ізгілік және эстетикалық ақыл ойға негізделеді. Мінез-құлық мәдениетіндегі ізгілік пен эстетикалық бірлік жеке тұлғаның ізгілік пен эстетикалық ақыл ойы саласындағы рационалды және сезімдік-эмоционалды бірлікте көрініс табады. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамның ізгілік пен зұлымдық, парыз, бақыт, әдемілік пен сыйықсыздық, асқақтық пен аласалық, ар-ұждандық пен эстетикалық талғам туралы ізгілік пен эстетикалық түсінігінде маңызды рөл атқарады. Ізгілік пен эстетикалық категориялар құнды нормативтік, дүниетанымдық түсініктер

болып табылады, адамдар арасындағы қарым-қатынаста, қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімділік шаралары әрбір адамның негізгі эстетикалық құндылықтарды бағдарлауы болады. Эстетикалық түсініктер ізгілікпен байланысты, кереметтіліктен мейірімділік, ал сыйықсыздықтан зұлымдық келіп шығады, ал көлемділігі бойынша біріншісі екіншіге қарағанда көлемдірек. Олардың бірлігі адамның өз күшін еркін іске асырғандығынан байқалады, сондықтан да эстетикалық құндылықтар мен бағалаулар ізгілік сипат, ал ізгілік — эстетикалық сипатты білдіреді. Біз адамның ізгілігі, ішкі сұлулығы туралы, асқақтығы мен төмендігі туралы, трагедиялық және комедиялық әрекеттері туралы жай ғана айтып қоймаймыз. Эстетикалық түсінікті адамның ізгілік туралы түсінігі толықтырып отырады, өзіне және басқа адамдарға мейірімділікпен ғана емес, әдемілік, үйлесімділік тұрғысынан қарау адамдар арасындағы шынайы адами қарым-қатынасты бекіту болып табылады.

Ойлау мәдениеті ізгілік пен эстетиканы бірлікте қарастырып, яғни, этикалық және эстетикалық білімді пайдалана білу, ізгілік пен зұлымдықты, сұлулық пен көріксіздікті ажырата білу, қабілеті көрініс табатын жағдайда олардың ара-қатынасын анықтап, ар-ұждандық жағдаяттарда, сонымен қатар тиімді шешім қабылдау, әрекетті талдау барысында аталған ізгілік пен эстетикалық форманы қолдануға бола ма деген тұрғыда анықтау. Адамзаттың тәжірибесінде ізгілік пен эстетикалық қасиетті жинақтап, ақыл ойды жүйелеп және оны ұйымдастырып, адамның мінез-құлқына арналған оның пайымының қалпын құрып, дау-жанжал жағдаятында дұрыс шешім қабылдауды жүзеге асыруды қалыптастырып, тәжірибедегі қызметте оның мақсаты мен міндеттерін анықтайды. Ақыл-ой мәдениетінің барлық басқа элементтеріне қарым-қатынасы бойынша белгілі мақсатқа бағытталған міндеттерді атқарады.

Әрбір адамның, оның ішінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мінез-құлқының мәдениеті тек қана парасаттылыққа негізделмеген, ізгілік пен эстетикалық сананың сезіну-эмоционалдық саласына да негізделген.

Қарым-қатынас тек қана «тиімді» негізде ғана жүзеге аспайды, ол адамның жан әлемі мен оның мінез-құлқы мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын барлық адами сезімдерді, эмоцияларды, құштарлықты жүзеге асырады.

Адамның эмоционалдық дамуы оның ізгілік сезімдері болып табылады. Оларға жататындар: отансүйгіштік сезім мен Отанға деген махаббат, парыз бен адалдық сезімі, ұйымшылдық сезімі, жалпыұлттық мақтаныш сезімі және т.б.

Қарым-қатынас жасаудағы стиль мен мақам қарым-қатынастың негізгі элементтері болып табылады. Стиль — бұл қарым-қатынастың жалпы композициясы, адамдарға және өз-өзіне, тұлғаның ізгілік бағдарына бағытталған қарым-қатынастағы мінез-құлықтың қасиеті мен ерекшелігі. Қарым-қатынас стилінің негізгі элементтеріне мыналар жатады: қадір-қасиет, ізеттілік, әдептілік, ілтипат.

Қарым-қатынас мәнері — бұл әрбір адам үшін бір қалыпты, оның образына дағды болып енген, әртүрлі тиянақты белгілер: сөйлеу, тыңдау, қимылдау және т.б. енгізетін әрекеттер.

Қарым-қатынастың нормалары мен ережелерін шартты түрде әдепті (стереотипті) және әдепсіз немесе шығармашылық деп бөлуге болады. Бұлай бөлу нақты қарым-қатынаста әдеп нормаларын, элементтерді, жат қалыптарды (яғни шығармашылық сипат алған қарым-қатынас элементтері) орындауда шартты түрде алынған.

Қарым-қатынастың әдептілік формасын қарастырамыз. К. Стошкус: «Әдеп — жай ғана мінез-құлықтың стандарты емес, ол қарым-қатынастың ұғынықты рәсімнің формасы» — деп қорытындылайды. Әдеп бұрыннан пайда болған, ол дәстүрдің символикалық рәсімімен тығыз байланысты. Мінез-құлықтың әдеп формаларының үдерісі мен құрылуы мінез-құлықтың ізгілігімен тығыз байланысты.

«Әдеп» сөзі — француздардан шыққан. Бұл сөз орыс тіліне ХҮІІІ ғасырда, абсолюттік монархияның кезеңінде қалыптасқан. Қазіргі орыс тілінің академиялық сөздігінде әдепті «мінез-құлықтың белгіленген тәртібі, қайсыбір

қоғамда айналып өту формасы» деп түсіндіріледі. Әдеп рәсім ретінде пайда болған деген пікір қалыптасқан.

Адамның ізгілік мәдениетін қалыптастыруда эстетикалық сезім, яғни өзінің табиғатында біртұтастықта алынған интегралды және риясыздық ең басты рөл атқарады. Кереметтіктен ләззат алу — бұл адамдар арасындағы үйлесімділік пен мүлтіксіздік қатынасының бағасы. Эстетикалық сезімнің жүзеге асуға бағытталуы адамның шығармашылық белсенділігін ынталандыру, адамдар арасындағы қарым-қатынасты үйлесімдендіру оның негізгі міндетіне жатады. Асқақтық сезім — бұл қоғамның алдыңғы қатарлы идеалдарын бекітуге бағытталған адамның табанды, жүректі, намысты қарым-қатынасы және ісі мен әрекеті. Бұл сезім адамды ұсақ тұрмыстағы мүдделерден жоғарылатып, биік шыңдардан көрінуге алдыңғы қатарлы ойларымен тырысып, шарықтау сезімін оятады. Қасірет сезімі — бұл кереметтік пен асқақтық сезімнің сөнген эмоционалды-қайғыға ортақтасу қарым-қатынасы; бір жағынан ол терең қайғы сезімін әкеледі, ал екінші жағынан адамның еркін бекітіп, басталған істің дамуында адамды батырлыққа тәрбиелейді. Күлкілі сезім — бұл кереметке сәйкес келмейтін адамның әрекетінің белсенді эмоциялық-сыншылдық қарым-қатынасы, олардың сын мен жөнсіздікке эмоционалды-эстетикалық формасы. Осы қысқаша эстетикалық сезімнің сипаттары адамның ізгілік мәдениетінің дамуындағы олардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Парасаттылық пен сезімталдық, эмоционалдық саладағы ақыл ойдың ізгілік пен эстетикалық формасы қарым-қатынас мәдениетін құрайды.

Жекелеген адамдарда ақыл ой мәдениеті мен сезім мәдениетінің қатынасы әртүрлі болуы мүмкін, оның мінез-құлқында тікелей байқалатын, не қарама-қайшы келетін жағдайлар да кездеседі. Тәжірибеде дәлелденгендей, жоғары деңгейдегі парасаттылық саласындағы адамның деңгейі сезім мәдениетінде төмен болса, бір ғана білім аздық етеді немесе керісінше, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін шынайы қамтамасыз ете алмайды.

Тек қана ізгілік, сезім мен эмоциялық жоғары мәдениет ақыл ойдың ізгілігі мен эстетикалық саладағы олардың үйлесімділік бірлігі адамдар арасындағы жоғары қарым-қатынас мәдениетін қамтамасыз етуге қабілетті.

Ішкі істер органдары қызметкерлерін тәрбиелеудегі кешенді тәсілдеме олардың ізгілігі мен эстетикалық саладағы сезім мен эмоциялық жоғары ақыл-ойдың үйлесімдігін қамтамасыз етуді ұсынады.

Ақыл ойдың ізгілігі мен эстетикалық мәдениеті адамның мінез-құлық мәдениетінде жүзеге асады. Мінез-құлық мәдениеті — бұл оның ішкі көрінісіндегі ақыл ойдың ар-ұжданын және эстетикасын білдіретін тәсіл. Мінез-құлық мәдениетінің ішкі және сыртқы жақтары бір-бірімен өзара байланысты және бір-біріне себепші болады.

5- дәріс. Дәріс тақырыбы – «Жанжал және оның моральдық-ізгілік құрылысы».

Дәріс жоспары:

Кіріспе

1. Ізгілік жанжалдың түсінігі.
2. Жанжалдың моральдық құрылысы.
3. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің моральдық жанжалдары.
4. Дау- жанжалды шешу этикасы.

Қорытынды

Кіріспе.

Құқық қорғау қызметі қылмыскерлермен күресуінің, арнайы күш-құралдарды қолдануы нәтижесінде өз қызметкерлерін адамгершілік жанжалдың жағдайына жиі алып келеді. Аталған жанжалдар себептердің қарама-қайшылық бағыттылығы жағдайында жиі болады. Мұндай жағдайда субъектіге борыш

талаптарынан көрініс тапқан қоғамдық қажеттілік пен өзінің жағдайына байланысты пайда болған көзқарастарын, алыс және жақын мақсаттың біреуін, үлкен және одан азырақ қауіптің біреуін таңдауға тура келеді.

Адамгершілік шиеленістің ерекшелігі мынада- белгілі бір жағдайдағы моральдық нормаға негізделген әрекеттің басқа бір норманы бұзуы. Бұл жердегі күрделілік адамның кейбір адамгершілік нормаларды білмеуі салдарынан таңдау жасай алмауында емес, тіпті, оның моральдық талаптарды орындағысы келмейтінінде де емес, мәселе - осы талаптардың бір- біріне қайшы келмеуін болдырмаудың қажеттілігінде.

Мысалға, құқық қорғау органдарының қызметкері сезіктінің немесе айыпталушының пәтеріне тінту жасауға келгенде төсек тартып жатқан науқас адамды көрді делік. Оның алдында мынадай таңдау тұрады: заң талаптарын орындай отырып, қатты науқас болсадағы, сол тұлғаның төсегіне тінту жасау немесе адамгершілік көзқарастар негізінде төсекті тінтуден бас тарту.

Құқық қорғау органдары қызметкері үшін кәсіби мәні бар шиеленістердің қатарынан сыртқы және ішкі шиеленістерді атауға болады. Сыртқы шиеленістер адамдар арасындағы адамгершілік жанжалдар ретінде көрініс табады. Олар жеке тұлғалардың, әлеуметтік топтардың және қоғамның құндылықты бағыт-бағдарының қайшы келуін білдіреді.

Ал ішкі шиеленістердің табиғаты басқаша. Олардың қайнар көзі болып тұлғаның жүріс-тұрысының бір-біріне бағынышты себептерінің күрделілігі, әртүрлі сипатта болуы табылады.

Бірқатар жағдайларда ішкі жанжалды шешу сыртқы шиеленістің пайда болуына негіз болуы мүмкін. Мысалы, тұлғаның құқық қорғау органдарымен құпия негізде одақтасуы, оның ішкі жанжалын жеңудің негізінде жүзеге асқанымен, осы құпия көмекші мен оның қызмет ету саласының арасында сыртқы жанжал туындауы мүмкін.

Құқық қорғау органдары қызметкерінің тағы бір ерекшелігі - кей кездері өзінің мемлекеттік құрылымдарға қатысын жасыра отырып, оған қылмыстық ортада жұмыс істеуге тура келеді. Мұндай жағдайларда адам санасында бір

мезетте екі адамгершілік жүйелер қалыптасады: біріншісі- ол өзі қабылдаған көзқарастар жүйесі; екіншісі - қылмыстық ортада негізге алынған көзқарастар, ал қызметкер өз жүріс-тұрысын осы екінші жүйеге негіздеп, оңтайландыруы керек.

Мұндай жағдайларда адамның санасында моральдық құндылықтардың әртүрлі жүйелері бір мезетте шиеленіске түседі. Бұл көзқарас тұрғысынан аталған шиеленісті ішкі деп те атауға болады. Алайда, ішкі жанжалдың ерекшелігі мынада — оған тұлға өзі дұрыс деп санайтын құндылықтардың, нормалардың күресі тән. Ал сыртқы жанжал өзінің көзқарастарына қайшы сенімдердің, көзқарастардың, құндылықтардың, идеялардың дұрыстығын жоққа шығару тән. Бөтен салада жасырын жүрген қызметкер осы салада үстемдік құрған моральдық құндылықтарға қатысты өзінің шиеленісті қарым-қатынасын жасыруға мәжбүр болады. Мұндай жағдай моральдық таңдаудан емес, жедел-ізвестіру қызметінің ерекшеліктерінен туындайды. Сол себепті де, мұндай шиеленісті сыртқы шиеленістің жасырын нысаны деп атауға болады.

1. Ізгілік жанжалдың түсінігі.

Құқық қорғау қызметіндегі моральдық шиеленістердің көрініс табу нысандары түрліше. Олар осы қызметтің белгілі бір бағытының нақты ерекшеліктеріне, осы қызмет жүзеге асатын ерекше жағдайларға, шиеленіске қатысушылардың әлеуметтік психологиялық мінездемелеріне және басқа да жағдайларға байланысты.

Жанжалдың дамуы оны шешуге, яғни, жүріс-тұрыс немесе әрекеттің белгілі бір түрін таңдауға алып келеді. Мұндай жағдайда адамға өзі қабылдайтын шешімнің негізінде жатқан дұрыс бағытты анықтауға көмектесудің маңызы зор. Бұл бағыт адамның өзі қабылдайтын моральдық талаптары сенімге айналған сайын берік бола бастайды. Аталған мәселе құқық қорғау қызметі үшін, нақты айтқанда, құпия көмекшілермен жұмыс үшін тәжірибелік мәнге ие. Құпия көмекші өзінің құқық қорғау органдарымен бірігіп қызмет ету туралы қабылдаған шешімнің дұрыстығын сезінсе де, бұл шешімнің

моральдық маңызы зор екендігін түсінсе де, жедел іздестіру өкілінің тапсырмаларын саналы және ерікті түрде орындаса да, өз әрекетіне субъективтік, психологиялық түрде іштей қанағаттанбауы мүмкін. Өз жүріс - тұрысынды түсіну, сезіну, сенімге, әдетке, тұрақты сезімдерге айналмауы мүмкін. Құпия көмекші дұрыс әрекеттер жасап, оларды негіздей алса да, бұл негіздеу сеніммен жүзеге асырылмауы мүмкін. Өзін-өзі мәжбүрлеу, борыш сезімі - бұлар да әрекеттің жоғары негіздері, алайда, оларды адамгершілік жүріс-тұрыстың жоғары түрін сипаттайтын сеніммен бір қатарға қоюға болмайды.

Әдебиеттерде адамгершілік шиеленістердің алдын алуға және оларды шешуге жәрдем беретін ұсыныстарды жасау ұмтылыстары біршама. Бұл жағдайда ортақ қағида ретінде адамгершілік құндылықтардың үстемдігі туралы ереже ұсынылады.

2. Жанжалдың моральдық құрылысы.

Моральдық шиеленістерді шешуде қоғамдық мүдденің жеке мүддеден үстемдігі туралы ереже көп жағдайда бұл ереже қате, дөрекі түсініліп, жүзеге асырылады. Шиеленіс жағдайды көбінесе жеке мүдделерге зиян келтіре отырып шешу орын алады. Әрине, қоғамдық мүдде жеке мүддеге қарағанда әлдеқайда маңызды. Алайда, кей кездері жағдайды дұрыс түсіну нәтижесінде жеке мүддеге ешбір зиян келтірмей-ақ, қоғамдық мүддені қанағаттандыруға болады. Жеке мүддені қоғамдық мүддеге бағындыру- шешімі қиын жағдайларда жиі кездесетін мәселе. Шиеленісті жағдайдан ең жақсы, оңтайлы жолмен шығу үшін тұлғаның өз мүдделерін ескермеуге талпынысы ғана емес, сонымен қатар, қоғамның тұлғаның мүдделерін қанағаттандыруға деген ұмтылысы да қажет. Осындай, тұлғаның қоғамға, қоғамның тұлғаға дұрыс қатынасы жағдайында ғана дұрыс моральдық таңдау жүзеге асырылады.

Таңдау жағдайында қабылданған шешімді жүзеге асыру үшін қойылған мақсатқа жетудің белгілі бір құралдары қажет. Бұл көзқарас тұрғысынан,

құралдар таңдау мен мақсаттың ортасында аралық буын кезеңі мақсат пен оған жету құралының өзара қатынасының мәселесі ретінде сипатталады. Құқық қорғау органдарының қызметкері үшін бұл мәселені шешудің ғылыми да, тәжірибелік те маңызы зор.

Адамдардың өз алдарына қойған мақсаттары мен оған жетуде қолданылатын құралдардың арақатынасы туралы мәселе көптеген ғасырлар бойы дау туғызуда. Этикалық ой тарихы мақсат пен құралдардың өзара байланысы туралы мәселеге қатысты екі баламалық жауап ұсынған. Олар макиавеллизм концепциясынан және абстрактілі гуманизмнен көрініс тапқан.

Бірінші бағыт «мақсат кез-келген құралды ақтайды» қағидасы ретінде белгілі. Бұл бағытқа сәйкес, құралдар мақсатқа тәуелді, оған бағынады, ал мақсат құралдардан тәуелсіз. Құралдарды таңдаудың негізгі талабы ретінде олардың мақсатқа жетудегі тиімділігі ұсынылады, ал олардың адамгершілік жағдайы есепке алынбайды.

Екінші концепция жоғарыдағы концепцияға қарама-қарсы бағытты ұстанған, бұған сәйкес, ешқандай мақсат оған жету құралдарын ақтай алмайды. Құралдар мақсаттан толығымен тәуелсіз және өзіндік оң немесе теріс құндылыққа ие. Мысалы, бірінші концепцияның өкілдері ретіндегі иезуиттер «егер ол мақсатқа жетуге жәрдемдесе, кез-келген зорлықты ақтауға болады» деп санаған, ал екінші концепцияны жақтаушылар зорлықты абсолюттік зұлымдық ретінде тани отырып, оны мақсатқа жетудегі құрал ретінде қолдануға тыйым салған. Соңғылардың пікірінше, құралдар қандай болса, мақсат та сондай болады: адамгершілік сипаттағы құралдар адамгершілік сипаттағы мақсатқа алып келсе, арам ниетті сипаттағы құралдар арам мақсатқа алып келеді. Басқаша айтқанда, бұл концепцияның негізі мына анықтамада бекітілген: мақсат құралдарды ақтамайды, керісінше, құралдар мақсатты анықтайды.

Құқық қорғау қызметі мақсат пен құралдардың арақатынасы мәселесін ғылыми шешуді талап етеді. Көп жағдайда бұл қоғамдық көзқарастың осы мезетте қолданатын құралдарға қатысты, кейбір жағдайда мақсаттардың

өздеріне де қатысты теріс бағалауымен байланысты. Тіпті, адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға байланысты адал ниетті мақсаттардың болуы да құқық қорғау органдары қолданатын құралдар мен әдістерді қоғамдық пікірдің теріс бағалауынан құтқармайды. Аталған мемлекеттік органдардың қызметкерлері макивеллизмнің концепциясын да, абстрактілік гуманизм концепциясын да толығымен қолданысқа енгізе алмайтыны белгілі, себебі жоғарыдағы концепциялардың екеуі де мақсат пен құралдардың арақатынасы мәселесін шешуде тым қатты көзқарастарды ұстанған.

Бұл көзқарасқа сәйкес, адамдардың алдында тұрған мақсаттардың оларға жетудегі құралдармен өзара тығыз байланысы танылады. Сонымен қатар, құралдардың мақсатқа кері әсері де жоққа шығарылмайды, яғни, кейбір құралдардың адал ниетті мақсатты бұрмалау мүмкіндігі танылады. Құралдар алдыға қойылған мақсатқа сай болуы тиіс. Мақсат құралдардың құрамын анықтап, олардың адамгершілік мазмұнына мән береді.

Мақсат пен құралдардың сәйкестігінің біртұтастығы әрекет немесе жүріс-тұрыс мақсат пен құралдардың дербес құбылыстар ретінде теріс бағаланғанына қарамастан адамгершілік — оң сипатта деп бағалануы мүмкін. Яғни, жүріс-тұрысты бағалау мақсат пен құралдардан тәуелсіз жүзеге асырылады. Мысалы, қылмыстылықпен күрес өз бетінше адамгершілік-оң сипаттағы құбылыс ретінде бағаланғанымен, оған жету жолындағы адамды мәжбүрлеу мәселелері теріс бағаланатыны сөзсіз. Алайда, біз қылмыстылықпен күрес пен мәжбүрлеуді мақсат пен құрал түрінде қарастырсақ, мұндай теріс бағалау жоғалып кетеді. Егер сот біреуді тонағаны үшін қылмыскерді бас бостандығынан жазасына кессе - бұл әділ жаза, мұнда құрал мен мақсаттың сәйкестігі көрінеді. Ал, керісінше, көшені тыйым салған жерден кесіп өту үшін бас бостандығынан айыру әділетсіз жаза ретінде қабылданады, себебі, бұл жағдайда мақсат пен құралдардың сәйкестігі қағидасы бұзылады.

Әрекеттің немесе жүріс-тұрыстың оң немесе теріс құндылығын анықтаудың негізі мынадай: адамгершілік сипаттағы болып, оны жүзеге асыру жүзеге асырмауға қарағанда мейлінше аз материалдық, адамгершілік және

басқа да шығындарды алып келген әрекет саналады. Немесе басқаша айтқанда, аталған құралдардың көмегімен жеткен нәтиже өз мәні бойынша осы құралдарды пайдаланудан келген зияннан жоғары болса.

Өз мәні бойынша осы негіз аса қажеттілік жағдайындағы заңды жауапкершіліктің негізінде жатыр, бұдан адамгершілік және құқықтық нормалардың тұтастығын байқауға болады.

Құқық қорғау қызметінде адамгершілік мақсатқа жету үшін тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірумен байланысты құралдарды пайдалану жиі орын алып жатады. Алайда, барлық құралдардың ішінен ең тиімді болса да, көрінеу теріс құралдарды пайдаланумен сипатталатын әрекеттердің жағымсыз сипатты иеленетіні сөзсіз.

Құқық қорғау органдары қызметінің негізгі мәні олардың атауынан айқын көрінеді: бұл мемлекеттің маңызды конституциялық міндеті - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды және сақтауды жүзеге асыру. Олардың басқа да қалған функциялары — қоғамдық тәртіпті сақтау, меншікті қорғау, қылмыстылықпен күрес, қоғамға қарсы бағытталған құбылыстардың алдын алу және тағы да басқа маңызды міндеттің элементтері. Құқық қорғау органдарының өзі де мемлекеттің элементі, оның негізгі құрылымдарының бірі- белгілі бір қоғамның қалыпты өмір сүруін ұйымдастыратын, әлеуметтік нормалар мен қатынастардың жүйесі ретінде құқықтың кепілі қызметін атқаратын билік құрылымы болып табылады.

Құқық қорғау органдары өз қызметін жүзеге асыруда мынадай негізгі әдістерді қолданады: құқық бұзушылықтардың алдын алу және ерекше жағдайларда тікелей зорлау нысанын иеленетін мәжбүрлеу санкцияларын қолдану. Жоғарыда келтірілген анықтамадан көрініп тұрғандай, «биліктік күш» түсінігі құқық қорғау органдары қызметінің негізгі сипаттамасы болып табылады.

Құқық қорғау органдарының қызметі туралы нақты білмейтін тұлғалар бұл жұмыстың адамгершілік мазмұны туралы ойланбайды да. Қарапайым, бұл қызметке қатысы жоқ адамның көзқарасы бойынша бұл құрылымдар тек

қорқыту және зорлау құралдарын ғана қолданады. Олардың ойынша, бұл саладағы талаптар - осы құралдарды қолдану қабілетіне қойылатын талаптар. Олар құқық қорғау органдары қызметкерінің жұмысында төмендегідей адамгершілік қасиеттердің ерекше рөл атқаратынын білмейді де: адалдық, адамдарға деген махаббат, әділеттілік, батылдық, қоғам алдындағы өз әрекеттері үшін жоғары жауаптылық. Қызметкерде аталған қасиеттердің бар болуы оның кәсібилігінің міндетті өлшемі болып табылады. Олардың бойында осы қасиеттерді тәрбиелеуге басшылардың, қызметтік ұжымдардың барлық іс-әрекеттері бағытталған. Қызметтің бұл жағына талаптарды қоғам да, қызметтік құжаттар да қояды.

Сол себепті де құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өз әрекеттерінің қаншалықты әділ екендігі жөнінде тұрақты түрде ойлануы заңды да. Мұндай жағдайда өз әрекеттеріне заң тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік, ар-ұят тұрғысынан да баға бере алған қызметкерді ғана жоғары кәсібилік ерекшелендіреді.

Бүкіл әлемде мемлекеттік қызметтің кәсіпкерлікке қарағанда пайдасы азырақ екендігі белгілі. Алайда, қоғамның саған билікті бергенін сезіну, мемлекеттік қызметтің кейбір артықшылықтары белгілі бір материалдық шығындардың орнын толтырады. Қоғамды, мемлекеттік қызметкерлерді сыйлау – қоғамның рухани және адамгершілік жағдайының, мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктілігінің маңызды көрсеткіші.

Әрине, қызметтің негізгі мәні болып заңға қызмет ету табылады. Алайда, бұл ережеде ескеріп өтетін бір жайт, заң өз бетімен мақсат болып табылмайды, ол қоғамның игілігі үшін қызмет етеді. Қоғам заңды әділеттіліктің, яғни, қоғам мен мемлекеттің қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін жоғары адамгершілік бастаманың көрінісі деп таныған жағдайда ғана ол игілік болып саналады.

3. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің моральдық жанжалдары.

Ішкі істер органы қызметкерлерінің кәсіби қызметінде даулы жағдайлар туындап, оны шешу мәселелері тұрақты түрде туындап отырады. Даулы жағдайларда адамның ізгілік міндеттерін, бір-біріне қарсы келген құндылықтар арасындағы таңдау мен тәуекелдің кері салдарын жоққа шығару анық байқалады. Әдеп туралы әдебиеттерде ізгілік тартыстарын жеңудің ілеспе теориялық тұжырымдарды шығаруға әрекет етуі қабылданады.

ПО қызметінің ахуалы қысылтаяң жағдайдың шегінде болатын кездері де кездеседі, қаруланған қылмыскерді залалсыздандыру, жанжалдың жолын кесу, қаруды пайдалануда өзін-өзі қорғау тек қана маманның өзіне ғана емес, айналадағыларға да әрқашанда қауіп туғызып отырады. Сондықтан да ПО қызметкерлерінің даулы жағдайларды болдырмаудағы ізгілік, эстетикалық, құқықтық рөлін бағаламауға болмайды.

Моральдық тартыстар түрлі құндылық бағыттарды ұстанған тұлғалар арасындағы қарама-қайшылық формасын қабылдаған. Тартыстар жалпы мәдениеті, талаптары, мүдделерінің деңгейі бойынша ерекшеленетін және өз міндеттері мен жалпы міндеттерді түсіну сапасына, оларды шешу тәсілдеріне сәйкес жеке дара адамдардың қақтығысына негізделеді.



4. Дау- жанжалды шешу этикасы.

Ішкі органының қызметкерлері қызметінің объектісінің мәні ретінде, қоғамдық тәртіпті бұзу, құқыққа қарсы тәртіп пен оның асқан шегіндегі қылмыс әлеуметтік құбылыс болып саналады. Ішкі істер органының қызметкерлері қызметінің объектісі (дәрігерлердегі, педагогтардағы сияқты) адам болып саналғанымен объектінің өзіндік ерекшелігі бар, ол сонымен қатар өзінің мақсатымен, өзінің объектісімен, мақсатқа жетудегі өзінің тәсілдерімен қоғамға қарсы, қылмыс сияқты басқа қызметтің де субъектісі болып саналады.

Жанжал — қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы қордаланған өткір проблемалардың, халықаралық кикілжіңдердің дер кезінде реттелмей, әр түрлі қақтығыстарға алып келуі. Көбінесе, қоғамдағы жанжал саяси, экономикалық дағдарыс кезінде, не жедел дамыған әлеуметтік өзгерістер

барысында орын алады. Елдегі реформалар кезінде халықтың әр түрлі топтарының мүддесі есепке алынып отырмаса, ол да әлеуметтік қарама-қарсылықтарға алып келуі мүмкін. Қоғамда саяси мәдениет қалыптастыру, ортақ әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды орнықтыру — жанжалды болдырмаудың негізгі жолы болып есептеледі. Әлеуметтік өзгерістердің қарқыны белгілі бір саяси, этнография, әлеуметтік топтардың мүддесіне сәйкес келмеген жағдайда оны саяси жолмен реттеп отыру қоғамның орнықты дамуының кепілі болып табылады. Әлемдік ауқымда, әр түрлі мемлекеттер мен геосаяси мүдделер арасындағы халықар. Жанжалдар дипломатиялық жолмен жоғары дәрежедегі келісімдер арқылы реттеліп отырады.

Шиеленістерді дер кезінде шешудің екі жолы бар.

1. Шиеленісті мәмілеге келу арқылы бейбіт жолмен шешу. Мәміле деп дау-жанжалға қатысушы жақтардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуін айтады. Онда екі жақ бірін-бірі ұғынысып, өзара кешірімділік жасап, ортақ келісімге келуге тырысады.

2. Зорлық негізінде бітістіру, келістіру. Мұндай жағдай бір жақтың күші айтарлықтай басым болғанда, екінші жақ жеңілгенде немесе оны толық жойып жібергенде туады.

Екі жақты татуластырудың кең тараған түрі — келіссөздер. Ол арқылы қарсы жақтың пікірі, дәлелдері белгілі болады, күштің арақатынасы айқындалады, келісімнің шарттары анықталады. Дағдарыс жағдайынан шығу үшін оның мәнін, ерекшеліктерін, әлеуметтік негізін және т.б. зерттеп білген жөн.

Қоғамдағы саяси шиеленіс көбіне заңды оппозицияның бар жоғына да байланысты. Бұрынғы Кеңес заманында көппартиялық пен оппозицияға қалыпты жағдайдан тыс, ерсі нәрсе сияқты қарайтын. Ал демократиялық елдерге олар қажетті шарт.

Дегенмен, шиеленіс болған соң одан қайткен күнде де шығу керек. Ол азаматтық келісім негізінде шешілуге тиіс. Оның екі жолы бар. Біріншісі — араздық, жаулық, күдіктілік қалпын бұзып, сенім жағдайын туғызу. Екіншісі — барлық деңгейде адамдардың қарым-қатынас тетіктерін қалыптастыру. Зорлық

- зорлықты тудырады. Сондықтан одан аулақ болып, өркениетті жол іздеген абзал.

Батыстың тәжірибесі жеке адамның еркіндігіне, қоғамның ашықтығына, заңның билігіне негізделеді. Біз үшін олардың бәрін толық орындай қою әлі қиын. Бірақ соған тырысқан жөн. Себебі, олар ел тағдыры үшін маңызды шарттар.

Сонымен саяси шиеленістер қоғамның дамуына тән қасиет. Олардың жекелеген түрі ғана қиратып, бүлдіруге әкеледі. Олай болмау үшін өсіп келе жатқан дау-дамай, кикілжіңдерді дер кезінде ашып, реттеген, одан да жақсысы олардың алдын алған ләзім. Оған саяси және қоғамдық өмірдің демократиялық жағдайында ғана қол жеткізуге болады.

Науқас дәрігердің ішкі толқынына бейімделіп, одан өзінің сауығуын күтеді және оған сенеді. Бала педагогтың жасына, біліміне, адами қасиеттеріне бейімделеді. Қылмыстық тұлға мен оның әрекетінің жолын кесетін тұлға әрқашанда өзінің құндылық бағдарына қарама-қарсы қойылған. Полиция қызметкерлері, тергеушілер, еңбекпен түзету мекемелерінің қызметкерлері мемлекетке деген араздық, пайдакүнемдік, кек, нәпсіқұмарлық қозу, қорқақтық, қатыгездік, мансапқорлық сияқты мінез-құлық уәждемелермен бетпе-бет келеді. Объектіден идеологиялық араздық, әлеуметтік-қауырт бейімделу келіп шығады. Ол ПО қызметкерлерінің жұмысында қауырт (фон) жасап, тартысты жоғарылатады. Қызметкердің өмірлік тәжірибесінде күресуге тура келетін объектілерінің қатарына қоғамдық пайдалы еңбектен жалтарған тұлғалар, арамтамақтықпен өмір сүретін адамдар, айыпкерлер, іздестіру мен соттан жасырынып жүргендер, сотталғандар, үкімді орындаудан жалтарғандар, қараусыз қалғандар, маскүнемдер, бұзақылар, кәнігі қылмыскерлер, жезөкшелер, табиғи идеяға, ұсынымдарға, принциптерге қарсы салада өмір сүретін адамдар жатады. Бұл дүниенің жарты өкілі өзін саналы түрде қоғамға қарсы қояды, ұрлық пен басқа да қылмыстық әдеттерді негізге ала отырып, өзінің қызметін мұрат тұтады. Біз қарастырып отырған объект белсенді, ол субъектімен құндылыққа қарсы өзара әрекет етеді.

Мұндай жағдайда, моральдық тартыс ішкі істер органы қызметкерлерінің құндылық-бағыттылық ұстанымына және оның еңбек объектісіне қарсы келетін тергеу болып табылады.

Азаматтармен арадағы моральдық тартыс, біріншіден, ішкі істер органы қызметінің өзіндік ерекшеліктерін азаматтардың білмеуінен туындайды. Екіншіден, тартыс эмоциямен, ашуланшақтықпен, қорқыныш сезімімен, азаматтардың өтінішіне үстірт қарауда туындаған жағдаймен байланысты болады.

Тартыстың ең қиын түрі жеке дара тартыс болып табылады. Жеке даралық — бұл өзінің өмірлік тәжірибесімен, қарсылық тәсілімен, мінез-құлық және әдет-дағды мәнерімен әрекет ететін ерекше тұлға. Басқа адамдармен тартысқа қарағанда қалжырау мен сәтсіздіктен келетін ашуланшақтық пен дәрменсіздіктің өте аз кездесетіндігін дәрігерлер мен психологтар баяғыдан-ақ баса айтып келеді. Тартыстың туындауына объективті жағдай мен қайшылық емес, жеке тұлғаның мінез-құлқы себепші болады. Тартысқа немесе тартысты тудыратын әрекеттерге енжар қарым-қатынас жасаудан қашуға талпыну әрекеті оның адамгершілік мәнін төмендетуге әкеліп соқтырады.

Бір-біріне деген наразылық қарым-қатынасқа белгілі бір дәрежеде шиеленісіп, оған өзінің кері әсерін тигізуі мүмкін. Мұнда тартыс қалыптасқан түрлі әрекеттерге негізделеді. Ептілер мен епсіздер, өз ісін жетік білетіндер мен біліксіздер, жұмысқа қабілеттілер мен жалқаулар, таланттылар мен талантсыздар арасындағы шиеленістен туындайды.

Ұжымның «дұрыс емес» қалыптасу табиғатынан шығатын моральдық тартыс бар. Мұндай тартыстың мынадай түрлері бар: жеке тұлға оның ұжымының жалпы қоғамға қарым-қатынасы бойынша адамгершілік ұстанымды ұстанады, жекелеген мамандардың қарама-қайшы және әдепсіз қылықтары басшы мен оның ұжымының тарапынан тиісті бағасын алмайды. Бұл жеке тұлғаның бойында ашуланшақтықтың, өкпенің, қажетсіз талап қоюшылық пен қарсы болу сияқты қылықтарының өзгеруіне әкеліп соқтырады.

Моральдық тартыстың ең қиын формасына өз-өзімен тартысу болып табылады. Мұндай тартыс мақсатқа жету әдістері мен құралдарын таңдау кезінде туындайды. Жеке тұлғаның өз алдына қойған адамгершілік-психологиялық қасиеттерінің болмауы үстірт қарауға, дөрекілікке және т.б. әкеліп соқтырады. Бұл: «Барлығы осылай жасайды, мен бірінші емеспін», — деген деңгейдегі ой-санамен түсінік берумен түйінделеді. Бұл жерде жеке тұлға барлық жалпы міндеттер немесе жекелеген адамдардың лауазымдық міндеттерін өзіне (немесе қарама-қарсы алуы мүмкін емес) алады. Әрине, маман мұндай жағдайда әрқашанда дұрыс әрекет жасамайды.

Тартыстан шығу үшін ұсыныстарды іздестіруде жалпы ұстанымдарды ұстану қажет, бұл кез келген адамгершілік нормаларды қолдануда (нормалардың ішіндегі өлім аузында жатқан адамдарға шындықты айтудан бас тарту) абсолюттік және салыстырмалы диалектиканы есепке ала отырып, артық көретін жүйедегі адамгершілік құндылықтардың сатылап өсуін құру (мысалы, қоғамдық парыз жекемен салыстырғанда өте жоғары болып қарастырылады). Адамгершілік тартыстарда әлеуметтік және ұйымдастырушылық тұрғыдан алдын алу ерекше рөл атқарады, нақты себептерін түзету бойынша шаралар кешенін дайындайды, оларға жататындар: ІМ құрылымдық бөлімшелерін басқаруды жетілдіру, материалдық жағдай мен тұрмыстық жағдайды жақсарту, техникалық үдерістің салаларын есепке алу және т.б. Қысылтаяң жағдайларда пайда болған тартыстар оны аса жоғары оқып, үйренуді және әдеп тұрғысынан түсіндіруді талап етеді.

Ішкі істер органына кез-келген мәселемен келген адамға нәтижелі талап қойған моральдық тартыстарды шешуде аса көңіл бөлген жөн.

Моральдық тартыстарды шешудің маңызды тәсілі болып кейбір нормаларды (құқықтық және моральдық) нормаларды орындау кезіндегі анықтау жағдайы (толық түрде) саналады. Моральдық тартыстарды шешуде ұйымдастырушылық шараларға толық түрде иек артуға болмайды. Бұйрық қашанда өз күшінде бола бермейді. Міндетті орындауды талап ете бермей, оны шешуде жеке тұлғаны міндетті түрде қатыстыруды қамтамасыз ету керек. Бұл

жерде бұйрықпен ашыла қоймайтын, жеке тұлғаның өзінің ашық айтып ашылуын қамтамасыз ететін тәсіл керек. Жеке тұлға өзінің қабілеті мен жалпыға мәнді мінез-құлқын өлшеу үшін жағдай туғызу қажет. Сондықтан да адамгершілік тартыстардың алдын алуға алып, шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатуға болады. Ал міндеттерді шешу барысындағы тартыстың алдын алу қиындық тудырады.

Бойында адамгершілік қасиеті жоғары тұрған, оның жан дүниесіндегі барлық жақсы қасиеттері (білімі, білік-дағдылары) мен ішкі әлемі астасып жатқан жеке тұлғаның моральдық тартысқа өте аз баратындығы белгілі.

Даулы жағдайларды ескерту мен жоюдың шешуші құралдарына жариялылық, ұжымдағы жағдайды сынап отыру, органдар мен құрылымдық бөлімше басшыларының жұмысының стилі мен әдістері, офицерлік сот абыройы мен қатардағы және басшы құрамдағы сот төрелігі қызметін жандандыру жатады.

Негізсіз ұсталғандар мен азаматтық жауапкершілікке тартылғандарды ақтау туралы ақпараттарды, қолданылған шаралар туралы мәліметтерді еңбек ұжымына, халыққа таратып, ішкі істер органының атынан көпшілік алдында кешірім сұрау — азаматтармен арадағы тартысты шешудің бірден-бір жолы және халықтың алдында орган жұмысының бағасын көтеру.

Қорытынды.

Моральдық тартыстарды шешу жеке тұлғаның дамуының төменгі деңгейіне негізделсе, онда, біріншіден, қоғамдық міндет бар. Одан шығатын талап мынадай: біріншіден, адамға көңіл бөлуді күшейту. Барлығына көп не аз көңіл бөлу. Бірақ қамқорлық адамның жеке мүддесін қоғамдық, жеке бағыттағы деңгейден жеке тұлғаның мәдениетінің ең жоғарғы баспалдағына дейін көтеріп, жеткізуге бағытталуы тиіс. Бұл — адамдық мәжбүрлеу емес, керісінше, оған қойылатын талапты көрсетіп, оған жету жолында адамды ынталандыруды тұрақты түрде жетілдіріп отыру.

Моральдық тартыстарды шешуде ұйымдастырушылық шараларына толық түрде иек артуға болмайды. Даулы жағдайларды «бәсеңдететін» ерекше моральдық-этикалық құралдар бар. Бұл, біріншіден, моральдық талаптың

жоғарғы деңгейіне жатқызуға болатын құндылық бағдарға негізделген бағыт болып табылады. Жеке тұлғаға өзінің мінез-құлқын осы жоғары талаптармен салыстырып отыруы тиіс. Басқаша айтқанда, оның қойған талаптарымен бәсекелесе алатын жоғары мінез-құлық нормасын артық көруі тиіс.

Екінші тәсіл кейбір нормаларды міндетті түрде орындау кезіндегі жағдайды анықтауда шығады. Үшінші тәсіл қосымша ұстанымдарды жүргізуде немесе бір қарағанда талапқа қарама-қайшы келетін көзқарастарды біріктіруге көмектесетін пайымдаулардан тұрады. Аталған тәсілдерді былайша қорытындылауға болады: жеке тұлға өзінің ой санасын және мінез-құлқын «идеалды» ұстанымға қарай қалыптастыру (құндылықты таңдау, нормативтік тұрғыда қарау), адамгершілік-психологиялық қылықтар (өзін-өзі бақылау), мінез-құлқын зияткерлікке бұру, яғни өзінің моральдық ұстанымының мәнін, жеке мүддесінің мінез сипатын, оның әдістері мен мақсаттарын (өзін-өзі тану), өзінің эмоциясын, әрекет ететін жағдайды (жағдаяттың сипатына байланысты) аса ыждағаттылықпен талдау қажет. Бұған тағы да мыналарды қосуға болады: адамгершілік тартыс шешім қабылданған, мақсат пен құралды таңдаған сәттен, бастап аяқталмайды, керісінше, бұл шешімді тәжірибеде жүзеге асыру барысында, сол жағдаятты жойып немесе қайта құрған сәттен бастап жүзеге асады. Адам саналы түрде көптеген адамгершілік тартыстардың пайда болу мүмкіндігін жоюға (немесе жөнге келтіруге) қолайлы жағдай туғызады.

1. Ішкі істер органы қызметкерлерінің қызметінде негізінен ізгілік тартыстар қалай көрініс табады?

Қызметкердің кәсіби және ізгілік нысанасының өзгеруіне, басшы тарапынан қалыптасқан қызметтік бақылау тетігінің болмауына байланысты тартыстар. Олардың қатарына кез-келген құнды қылмысты ашуға талпынудан бастап, құжаттарды бұрмалауға дейінгі қылмыстарды ашу; атап айтқанда, кінәсіздерді жауапқа тарту, заңсыз қылмыстық іс қозғау, ұстау, тұтқынға алу, қылмыс үшін айыптау.

Қылмыстарды тіркеу және есепке алу кезіндегі мемлекеттік тәртіптің бұзылуына негізделген тартыстар. Мындаған айғақтар тіркелді, олардың

көпшілігі материалды бұрмалап, айыпталушының берген өтінішінен бас тартуға жеткізу мақсатында қысым жасау, қорқыту, қарама-қайшы келетін материалдарды жинауға бағытталған.

2. Ізгілік пен эстетикалық сезімнің дамуының төменгі деңгейіндегі тартыстар, олар: дөрекілік, ісіне салғырт қарау, азаматтарға көңіл бөлмеу, мейірімсіздік, әдепсіздік, көкіректік т.б. Кәсіби көмектің көрсетілмеуі, дөрекілік, қорқыту және адамның тағдырына немқұрайлы қарау, жекелеген мамандардың ар-ұждандық төмендігі, күдіктінің жеке басын қорлау жағдайлары туындайды. Ішкі істер органының беделін түсіріп, полициядан адамдарды үркітіп, оны қолдамай және адамдарға деген сенімді сезінбейтін мұндай айғақтарға көнуге болмайды. Ішкі істер органының аудандық және қалалық жекелеген басшылары заңдылық пен тартыс жағдайын бағалауда сенімділік пен өзін-өзі тыныштандырудан әлі де бас тартқан жоқ, принципшілдіктен, құқық бұзушылыққа қатынасынан әдепсіздік көрініс тауып, төтенше жағдайларда әрекет етудегі ойластырылған жүйесін ұсынбайды.

Ұлттық саясаттың қағидаларын бекіту, бюрократтықпен күрес және бірауыздылықты кеңейту жағдайында жеке тұлғаны нақты қорғауды құру, топтық құқық бұзушылық әрекетінде полицияның дайындықсыздығымен, ұлттық көңіл-күй элементтерімен байланысты ізгілік тартыстардың жаңа тобы туындады. Мамандардың тәрбиелік әрекеті тәртіптік шаралардың негізгі түрлі топтарына қолданылады. Қоғамдық тәртіпті қорғау кезіндегі шерулерде полицияның арнайы құрылымдық бөлімшелерінің адамға деген күшін тікелей пайдалану жиі кездеседі.

6 – дәріс. Дәріс тақырыбы – «Кәсіби деонтология».

Дәріс жоспары:

Кіріспе

1. Кәсіби қызметтің ерекшеліктері.
2. Кәсіби деонтология.
3. Ішкі істер органдарының әр түрлі қызметіндегі қызметкерлердің этикасы.

Қорытынды

Кіріспе.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезде елімізге жана мәртебемен қоса зор жауапкершілік пен мол міндеттер де жүктелгендігі бәрімізге мәлім. Осындай ауқымды міндетті жүзеге асыру, зор жұмысты атқару тек кәсіби, білікті әрі қиыншылықтар мен түрлі жүктемелерге төтеп бере алатын мемлекеттік қызметшілер аппараты ғана жүзеге асыра алатыны сөзсіз. Сондықтан да Президент өзінің алғашқы Жолдауынан бастап жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдауларында мемлекеттік қызметшінің бейнесін нақтылай түсетіні анық. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Президент ең бастысы елімізде тәртіп, ал қызмет басында - бірлік, біліктілік пен төзімділіктің болуын қалады және осы ойын әрдайым маңызды әрі ресми құжаттар, баяндамалар, үндеулер арқылы халықтың, мемлекеттік қызметшілердің назарына жеткізіп тұрады. Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Қоғам, мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны - Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді. Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде Қазақстан Республикасының

Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға тиіс. Қоғам адамдардың қауымдастығы болғаннан кейін, мұнда адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, әр ортада белгілі бір этикетті сақтайды. Этикет дегеніміз - тәртіп сақтау ережелері. Ол қоғамда белгілі бір нормаларға сай өмір сүретін қағидалардың жалпы жиынтығы. Ал бұл нормалар адамдардың мораль және адамгершілік қасиеттерінің болуымен тығыз байланысты. Мораль және адамгершілік туралы ілім этика (әдеп) болып табылады. Сондықтан, этикет этика ілімінің негізінде қалыптасқан, яғни адамгершілік құндылықтарды сақтай отырып, адамдардың бір-біріне нұқсан келтірмейтін қоғамда тәртіп сақтау ережелері қалыптасты.

Белгілі бір тәртіпсіз өмір сүру - мүмкін емес, себебі егер қоғамда этика сақталмайтын болса, адамдардың арасындағы қатынас хаосқа айналып кетуі мүмкін. Сондықтан, әр қоғамда адамдардың тәртібін адами тұрғыдан бақылайтын, теріс қылықтарды азайтатын белгілі бір нормалар жиынтығы құрылған. Мысалы, үлкендерге құрмет көрсету, қоғамдық орындарда тәртіп сақтау, адамдардың қызығушылықтарын балағатпау және т.б.

Этиканы сақтау өмірдің әр саласында әр түрлі. Күнделікті өмірдің өз этикасы, әр қызметтің өз этикасы, белгілі бір ортаның өз этикасы, әр халықтың жеке этикасы және этикет принциптері болады. Этикетті сақтау қызмет бабында өте маңызды мәнге ие болып табылады.

Соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің этикасы оның этикеті басты назарды аудартады. Мемлекеттік қызметкер әр түрлі қоғам мүшелерінің өкілдерімен жұмыс істейтіндіктен, аса үлкен дайындықпен қызмет атқаруы тиіс. Сонымен қатар адамгершілік құндылықтар, адамға деген мейірімділік, оның жанын түсіну, көмек беруге ұмтылу, әр жұмысына адал болу және т.б. адамгершілік қасиеттері - оның басты этикалық құндылықтары болып табылады. Қызмет орнында өзін-өзі ұстай білу, сыртқы бейнесін мен киімінің тәртіпке сай болуын қадағалау, қимыл-әрекеттерін әңгіме кезінде қолдана білу, анық әрі түсінікті, жүйелі түрде сөйлей білу - осылардың барлығы

қызметкердің кәсіби этикалық құндылықтарына және жалпы қабылданған этикет жүйелеріне жатады.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасы жалпы этика сияқты жоспарлап ұйымдастырылмайды, ол адамның қызметімен байланысты күнделікті өмір сүру процесінде біртіндеп қалыптасады. Кәсіби этика белгілі бір қызмет түріне байланысты тарихи тәжірибе үрдісінде жинақталған білімді жүйеге келтіріп, толықтырады және белгілі бір қызметтің дамуына үлес қосады. Сондықтан этика түрлерімен және қызмет түрімен анықталған спецификалық белгілерді қамтитын жалпы мораль түрлері ретінде қарастырады, яғни кәсіби моральды зерттейтін ғылыми пән болып табылады.

1.Кәсіби қызметтің ерекшеліктері.

Құқық қорғау органдары қызметінің негізгі мәні олардың атауынан айқын көрінеді: бұл мемлекеттің маңызды конституциялық міндеті — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды және сақтауды жүзеге асыру. Олардың басқа да қалған функциялары — қоғамдық тәртіпті сақтау, меншікті қорғау, қылмыстылықпен күрес, қоғамға қарсы бағытталған құбылыстардың алдын алу және т.б.— осы маңызды міндеттің элементтері. Құқық қорғау органдарының өзі де мемлекеттің элементі, оның негізгі құрылымдарының бірі белгілі бір қоғамның қалыпты өмір сүруін ұйымдастыратын, әлеуметтік нормалар мен қатынастардың жүйесі ретінде құқықтың кепілі қызметін атқаратын билік құрылымы — болып табылады. Құқық қорғау органдары өз қызметін жүзеге асыруда мынадай негізгі әдістерді қолданады: құқық бұзушылықтардың алдын алу (яғни, азаматтармен тәрбие жұмыстарын жүргізу) және ерекше жағдайларда тікелей зорлау нысанын иеленетін мәжбүрлеу санкцияларын қолдану. Жоғарыда келтірілген анықтамадан көрініп тұрғандай, “биліктік күш” түсінігі (яғни, мәжбүрлеуге, зорлауға негізделген әрекет) құқық қорғау органдары қызметінің негізгі сипаттамасы болып табылады. Бұл мәселеден мынадай сұрақ туындайды:

мәжбүрлеу, тікелей зорлық адамгершілік сипатта бола ала ма? Олардың қазіргі кездегі қоғамға қажет екеніне ешбір күмән жоқ; даулар оның қолдану саласына, зорлықтың дәрежесіне қатысты ғана туындауда. Ал зорлықтың моральдығы мәселесіне келетін болсақ, бұл мәселенің позитивтік және негативтік шешімі ұзақ уақыт бойы, тіпті, қазіргі күннің өзінде де ғалымдарды екі бағытқа бөлген: моралистік және реалистік. Бірінші бағыт барлық адамдарға мектеп қабырғасынан белгілі. Концепция гуманизм қағидасына негізделген пацифистік және басқа да қозғалыстардың негізінде жатыр. Осыған ұқсас көзқарастарды қазіргі кездегі көптеген ғалымдар да білдіруде. Олардың қатарынан ХХ ғасырдың ірі философы, әлеуметтанушысы және тарихшысы Макс Веберді атауға болады. Ол “моральдық тұрғыдан мәжбүрлеу әрқашан кері бағаланған, тіпті, ол саясатты жүзеге асырудың жалғыз құралы болған күннің өзінде де” деп тұжырымдайды. Реалистік бағыт құқық пен моральдың белгілі бір әлеуметтік топтар мен класстардың ортақ мүддесін көрсету мен білдіруіндегі біртұтастығын негізге алады. Олар осы екі нысанда нормативтік, реттеушілік және императивтік мәнді иеленеді және бірбірінен мәнмағынасы бойынша емес, оларды жүзеге асырудың механизмдері бойынша ерекшеленеді. Отандық ғылымдарда реалистік бағыт кеңінен таралған. Бұл бағыт мәжбүрлеу мен зорлықты кез-келген әлеуметтік өмір сүрудің қажетті құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды. Мұндай көзқарасқа сәйкес, зорлықтың адамгершілік еместігі жөнінде айту — адамгершілікті әлеуметтік тәжірибеден тартып алып, бос абстракциялар саласына жіберу дегенді білдіреді. Мұндай көзқарастар қазіргі кездегі орыс философы В.В. Денисовтың сөзінде нақты көрініс тапқан: “Әлеуметтік зорлық өзінің нақты көрінісін белгілі бір топтың, класстың, мемлекеттің, қоғамдық жүйенің басқа топтарға, класстарға, мемлекеттерге, қоғамдық жүйелерге қатысты мәжбүрлеу мен басып, жаншудың (саяси, құқықтық, экономикалық, әскери және т.б.) әртүрлі нысандарын, әдістерін және құралдарын қолданудан немесе қолдану мүмкіндігінен көрініс табады”. Келтірілген анықтамадан көрініп тұрғандай, адамгершілік түсінігі зорлыққа қайшы келмейді, керісінше, онымен белгілі бір байланыста болады. Басқаша

айтқанда, зорлық, басқа кез-келген әрекет сияқты, адамгершілік сипатта болуы да, болмауы да мүмкін. Бұл бағыт бізге құқық қорғау органдары қызметінің адамгершілік мазмұнын қарастыруға мүмкіндік береді. Құқық қорғау органдарының қызметі туралы нақты білмейтін тұлғалар бұл жұмыстың адамгершілік мазмұны туралы ойланбайды да. Қарапайым, бұл қызметке қатысы жоқ адамның көзқарасы бойынша бұл құрылымдар тек қорқыту және зорлау құралдарын ғана қолданады. Және олардың ойынша, бұл саладағы талаптар — осы құралдарды қолдану қабілетіне қойылатын талаптар. Олар құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысында төмендегідей адамгершілік қасиеттердің ерекше рөл атқаратынын білмейді де: адалдық, адамдарға деген махаббат, әділеттілік, батылдық, қоғам алдындағы өз әрекеттері үшін жоғары жауаптылық және т.б. Қызметкерде аталған қасиеттердің болуы оның кәсібилігінің міндетті өлшемі болып табылады. Олардың бойында осы қасиеттерді тәрбиелеуге басшылардың, тәрбие және кадр аппараты қызметкерлерінің, қызметтік ұжымдардың барлық іс-әрекеттері бағытталған. Қызметтің бұл жағына талаптарды қоғам да, қызметтік құжаттар да қояды. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өз әрекеттерінің қаншалықты әділ екендігі жөнінде тұрақты түрде ойлануы заңды. Мұндай жағдайда өз әрекеттеріне заң тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік, ар-ұят тұрғысынан да баға бере алған қызметкерді ғана жоғары кәсібилік ерекшелендіреді. Адам күнделікті нан үшін, материалдық игіліктер үшін ғана өмір сүрмеуі керек. Ол үшін ең алдымен, шындық пен бостандық, ар-ұят пен қадір-қасиет, адамгершілік пен гуманизм жоғары тұруы тиіс. Сол себепті де, жеке тұлғаның жоғары моральдық қасиеттері ретінде қарастырылатын адам мінезінің түрлері құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметтік іс-әрекеттерінің ажырамас бөлігі, олардың кәсіби шеберлігінің, адамгершілік және мәдени даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Кез-келген қоғамда өмір сүріп, еңбек ету — бұл өз мақсаттарына жетуге ұмтылған қазіргі күнгі адамдардың қызметі ғана емес. Бұл — ғасырлар бойы қалыптасқан қатынастар жүйесі де адам ескеріп, сыйлауға міндетті

қоғамдық адамгершілік қағидалары да, әрбір еңбек үдерісімен қатар жүретін, қоғамда үстемдік құрған идеялар, теориялар, көзқарастар. Сондықтан, құқық қорғау органдарының жеке құрамы, олардың қызметтік ісәрекеттері туралы оң көзқарас, ол ұлттық дәстүрлерге, адамгершілік нормаларына сәйкес келген жағдайда ғана, халықтың қолдауын тауып, сыйластығына бөленеді. Б.э. дейінгі IV ғасырда Аристотель азаматтың қалыптасуы қалай жүретіні туралы жазған. 18 жасқа толғанда бозбала Халық жиналысына келіп, ант береді: “Мен заңдардың талаптарын бұзбаймын, ұлтымның қасиетті ережелерін сақтаймын, қажет болған жағдайда, Отаным үшін күресемін”. Бұдан кейін ол екі жылға әскерге кетеді. Осыдан кейін ғана ол толық құқылы азамат деп танылған. Ежелгі заманның өзінде адамдар мемлекеттегі әскердің маңызды рөлін түсінген. Ал қазіргі кезде көптеген адамдардың мемлекет алдындағы кез-келген міндеттерден бас тартуын байқауға болады. Сылтаулар мынадай: еш пайдасы жоқ, қиын, қауіпті... Бүкіл әлемде мемлекеттік қызметтің кәсіпкерлікке қарағанда пайдасы азырақ екендігі белгілі. Алайда, қоғамның саған билікті бергенін сезіну, мемлекеттік қызметтің кейбір артықшылықтары (мысалы, зейнетақы, әртүрлі жеңілдіктер және т.б.) белгілі бір материалдық шығындардың орнын толтырады. Қоғамды, мемлекеттік қызметкерлерді сыйлау — қоғамның рухани және адамгершілік жағдайының, мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктілігінің маңызды көрсеткіші. Әрине, қызметтің негізгі мәні болып заңға қызмет ету табылады. Алайда, бұл жерде ескеріп өтетін бір жайт, заң өз бетімен мақсат болып табылмайды, ол қоғамның игілігі үшін қызмет етеді. Және қоғам заңды әділеттіліктің, яғни, қоғам мен мемлекеттің қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін жоғарғы адамгершілік бастаманың, көрінісі деп таныған жағдайда ғана ол игілік болып саналады. Егер азаматтар заңды әділетсіз, адамгершілік пен адамдыққа қарсы деп тапса, онда оны орындау қарама-қайшы, яғни, қоғамды тұрақсыздандыратын нәтижеге алып келеді. Неге бұл жерде мәселе осылай қойылған? Себебі, ең алдымен, құқық қорғау органдарында заңға қызмет етемін деп ойлап, өз міндеттерін ешбір жүрексіз, тірі адамды көрмей орындайтын қызметкерлердің болуы. Жоғарыда

келтірілген талдаудан көрініп тұрғандай, қызметтік міндеттерді осылай орындау, көп жағдайларда, заңдарға көңілдің толмауына, ал кей кездерде ммелекеттің ішкі саясатына деген қарсы қатынасқа алып келеді. Бұл жерде мәселе мемлекет пен белгілі бір тұлғаның мүдделерін қарсы қою, заң талаптарын ескермеу туралы емес. Заң — қасиетті ережелер. Сол себепті де, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қасиетті міндеті болып қандай жағдайда болмасын заңға қайшы әрекеттер жасамау болып табылады. Алайда, егер неміс үшін қоғамдық өмір сүрудің басты қағидасы болып “орднунг”, яғни, тәртіп, заң табылса, егер Иса адамдарға деген махаббатын иудаизм дінінің заңдарына қарсы қойғаны үшін өлтірілсе, ресейлік азамат үшін ең басты болып “шындық пен ар-ұяттың негізінде” өмір сүру болады және ол осы көзқарасының негізінде заң да осы қағидаға қызмет етеді деп күтеді. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің басты міндеттерінің бірі — өзінің қызметтік борышын орындау, басқаша айтқанда, заң талаптарын орындауда, оның нәтижесі адамгершілік сипатта болатындай және әлеуметтік, әділеттілік талаптарының өмірге енуіне жағдай жасайтындай қызмет ету. Сонымен құқық қорғау органдары қызметкері тұрақты түрде қоғам мен өзінің қызметтік құрылымының адамгершілік тұрғыдан бір-біріне әсер ету саласында қызмет атқарады. Бір жағынан, ол қоғамның адамгершілік, тәрбиешілік әсерін сезінеді, екінші жағынан, ол өзі азаматтарға тәрбиелік әсер етеді: егер оның заң талаптарын орындауы әлеуметтік әділеттілік ісіне қызмет етсе және оны адамдар терең адамгершілік сипатта деп сезінсе, оның тәрбиелік әсері оң сипатта болады; ал егер азаматтар бұл әрекеттерді әділетсіз және адамгершілікке қарсы деп қабылдаса — кері әсері тиеді. Міне, құқық қорғау органдарындағы тәрбие қызметі осындай негіздерге сүйенген. Оның көптеген аспектілері бар, бірақ, адамгершілік сипаттағы тәрбиелеу — органдардың және бөлімдердің басшыларының, тәрбиелеу және кадрлық аппарат қызметкерлерінің, қызметтік ұжымдардың тәрбиелік қызметінің маңызды нысаны болып табылады. Адамгершілік сипаттағы тәрбиелеудің құрамына қызметкерлерде патриоттық және ұжымшылдық сезімдерін, әлеуметтік

әділеттілік, адамдарды сыйлау сезімдерін тәрбиелеу кіреді. Құқық қорғау органдары қызметінің бұл саласындағы талаптар бірқатар қызметтік құжаттарда олардың қызметінің басында-ақ бекітілген. Алғашқылардың бірі болып адамдарға деген дұрыс қарым-қатынас талабы орын алды. Тәрбиесіздіктің, өз билігін асыра пайдаланудың орғанда қызмет етуге қайшы келетіндігі айтып өтілді. Қызметкер кез-келген жағдайда өзін мәдениетті, сыпайы ұстануы тиіс. Оның әрекеттері қатаң әрі шешуші болуымен қатар, әрқашан әділетті және халыққа түсінікті болуы тиіс. Аталған мәселелерге қатысты орыстың ұлы философы В.С.Соловьевтің көзқарастарына тоқталып өткен жөн болар. Ол өзінің “Адамгершілік және құқық” атты еңбегінде былай деген: “Өсиет немесе жанжақтылықты талап ету түріндегі адамгершілік бастаманың мәнінің өзінде адамгершіліктің қатысты элементін тану бекітілген — оған жетудің қажетті шынайы жағдайлары құқықтық саланы құраса, шартсыз жақтың салыстырмалы түрде артық болуы — адамгершілік саласын құраған”.

2. Кәсіби деонтология.

Полиция қызметкері үшін ең басты қағида - адамгершілікті, ілтипатты мейірімділікті сақтай білу. Бір кезде халқы құдайдай сенген пір тұтқан, төредей күтіп сыйлаған полиция қызметкерлерінің бұл күнде ел арасындағы абырой-атағы, сый-сияпаты, құрметі бұрынғыдай емес әжептәуір төмендеген сияқты көрініс табады. Бұған кім кінәлі? Адам баласы өзін біреуге сыйлата алу үшін, ең әуелі өзінің сыйласымды болғаны дұрыс. Өзін дөрекі, мәдениетсіз, білімсіз, санасыз, кір-қожалақ, салдыр-салақ болып тұрсаң сені кім сыйлайды? «Сыйға - сый, сыраға - бал» деп бұрынғылар бекер айтпаған. Мүмкін полиция қызметкерлеріміздің ел арасындағы қадір-қасиетінің төмендеуі қоғамымыздағы болып жатқан экономикалық, саяси рухани өзгерістермен тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлардың әлсіреуіне де байланысты шығар. Қалай болғанда, ел басына қандай қиыншылық түссе де полиция қызметкерлері өзінің қадір-қасиеті, намысы, мамандығының абырой-атағы

үшін күресе білуі керек.
Полиция қызметкерлерінің адам баласының құқықтары мен бостандықтарын қорғаушысы екенін қас қағым сәтке де ұмытуға қақылары жоқ. Ішкі мәдениеті үйлескен полиция қызметкерлері ғана жәбірленушілердің жүрегіне жол тауып, адам жанының арашасы бола алады. Адамның жай-күйін түсіне білген адам ғана нағыз полиция қызметкері деген атқа лайық бола алады. Ол үшін әрбір полиция қызметкерлерінің көп ізденулері, білімі мен мәдениетін көтерулері қажет. Этика (әдеп) дегеніміз гректің мінез, әдет-ғұрып деген сөзінен шыққан философиялық ұғым. Этика адамдар мен адамдардың арасындағы адамгершілікке толы қарым-қатынастардың озық үлгілерін, жақсы дәстүрлерін оқытатын қағидалар жиынтығы. Халқымыз ежелден адамгершілік, инабаттылық, сыйластық сияқты асыл қасиеттерді өз бойына сіңіріп және ардақтап келеді. Адам өмірге келгеннен кейін өзара сыйласу - баршаға ортақ қасиет. Тіршілік иелерінің ішінде адам санасымен ерекшеленеді. Жұмыр басты пенде, ең алдымен өзін-өзі сыйлай білуі қажет. Егерде өзінді-өзің құрметтеп, бағалай білмесең өзгеден сый құрмет көремін деу бекершілік. Қазақ қашанда философ халық қой. «Өз-өзінді жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» деген мақалдың астарынан ақ көп нәрсе аңғаруға болады. Этика - мораль туралы ілім, яғни адамгершілікті, ізеттілікті, кішіпейілділікті, әдептілікті оқытады. Ал мораль дегеніміз қоғамдық сананың бір түрі немесе бір көрінісі. Адамдардың арасында ежелден қалыптасқан жақсы мінез-құлқы мен инабатты, инабатты, адамгершілікке толы қарым-қатынастарды реттейтін принциптер мен жиынтық ережелерін мораль дейміз. Адам-адамға дос, жолдас, бауыр деген ұлағатты сөз этиканың ең негізгі қағидаларының бірі. Полиция этикасы - полиция қызметкерлерінің жұмысындағы гуманизм көрінісі, деонтологияның теориялық негізі болып саналады. Деонтология - (гректің - тиіс, керек деген сөзінен шыққан) дегеніміз әрбір жеке адамның бүкіл адам баласы мен қоғамның алдындағы атқаруға тиіс міндетін, борышын, парызын

оқытатын этиканың негізгі бір саласы. Деонтологияның негізгі принципі - адам жеке басының қамын ойламай, өз мүддесін халық пен қоғамның қажеттілігіне саналы түрде бағындыра отырып, жеке басының мүддесін қоғамдық мүддемен үйлесімді түрде үйлестіре алуында.

Полиция деонтологиясы дегеніміз - полиция қызметкерінің адам баласы алдындағы, қоғам алдындағы атқаруға тиіс кәсіптік парызы мен өтеуге тиіс борышын оқытатын ілім. Полиция қызметкерінің дені сау, мұнтаздай таза, қарапайым, шыдамды болуы керек. Сөйлеген сөзі жұмсақ, жағымды, тартымды және үлкен үмітпен айтылуы қажет. Полиция қызметкері ақ жүректі адал, сезімтал, тура мінезді, байсалды, ерекше сабырлы, асқан ақылды, әрқашанда жақсылық істеуге тырысып тұратын адам болғаны абзал.

Полиция қызметкерінің өзінен төменгі лауазымдағы қызметкерлер әріптестері арасында сабырлы сөйлесуге міндетті. Дөрекі тұрпайы немесе өрескел сөйлесуге болмайды. Өзінен жасы үлкендерге «Сіз» деп сөйлескені жөн. Жұмыс барысында, жұмыс орнында ұстамдылықты, сабырлылықты және әдептілікті сақтаған дұрыс.

Мейлі ол орта буын немесе кіші буын қызметкері болсын, сырттан келушілерге (ҚІБ қызметкерлері, тергеушілер ОПД тергеушілері, лауазымдары жоғары кісілер, басшылар, бөлім басшылары, жақындарынан айырылған, қайғыға душар болған жандар немесе ұрып соққаны үшін анықтамалар алу үшін және т.б.) сұрап білу үшін келушілерге кіші буын болсын, орта буын болсын, мейлі ол басқа саланың адамы болсын толығымен назар аударып, көңіл бөлуі керек. Атап айтсақ: орнынан тұрып амандасуы, өзін таныстыруы тиіс. Қызметкерлердің жұмыс орнындағы қарым-қатынастары әр уақытта жылы шыраймен сыпайлылықпен өтуі керек. Кабинетке кірер алдында бөлім бастығының немесе басшының есігін қағу, амандасу, рұқсат сұрау кабинетте кісілер отырған болса, кешірім сұрап шығып кету сияқты. Кабинетіңізге келген келушіні есікке дейін шығарып салып, қоштасуы керек. Қоштасуда көзделген нәтижеге жеткеніңізге немесе жетпегеніңізге қарамастан келушіні жылы шыраймен, сыпайлылықпен шығарып салу керек. Орта буын немесе кіші буын

қызметкер тек өз құзіреті шеңберінде сұхбаттасуы (өз бетінше жауап бермей басшысының пікірімен санасқаны жөн, бір себептермен орында жоқ болып жатса, «күте тұрыңыз», «бір жерге бөлім жұмыстарымен шығып кеттім», «біраз күте тұрыңыз» деп өтінуі қажет).

Полиция қызметкерлеріне әріптестерімен сұхбаттасу кезінде дөрекі сөйлесуге тыйым салынады. Олар басшысының тапсырмаларын уақытында нақты және кәсіби тұрғыда орындауы тиіс. Жұмыс барысында болған кемшілігі немесе қателігі болса, бөлім басшысына хабардар етуі қажет. Іс-құжаттарға байланысты күмән туындаған жағдайда (іс қағаздарын дұрыс толтырмау, қателіктер кету сияқты) сыпайы түрде осы жөнінде басшысымен мән-жайды талқылауы керек. Полиция қызметкерлері өз ұжымдастарымен жұмыс барысында дөрекілікке, тұрпайылыққа жол бермеуі тиіс. Тәжірибелері аз жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетулері қажет. Олар қиын жағдайларда бір-біріне көмектесулері тиіс.

Полиция қызметкерлері арасындағы қарым-қатынастарға талап:

- Өзара сыйластықты сақтау;
- Төменгі лауазымдағы қызметкерлердің жұмыстарын сыпайы түрде бақылап, оларға кәсіби тұрғыда көмек көрсету;
- Әдепсіздікке, дөрекілікке, тәкаппарлыққа жол бермеу;
- Сырттан келушілердің көзінше шу шығарып, ескертулер жасамау.

Құқық философиясы құқықтың мәні, мағынасы мен ұғымы, оның әлемдегі орны, құндылықтары мен маңызы, адам, қоғам және мемлекет өміріндегі және халық пен адамзат тағдырындағы рөлін зерттеумен айналысады. Өзінің саналы жаратылысы бойынша адам белгілі дәрежеде пайымдалған және зерделенген әлемде өмір сүреді, әрі әрекет етеді және бұл адам болмысының фундаметалды қасиеттерінің, әлемдегі бағдары мен әрекетінің қатарына жатады. Болмыстың адамзаттық тәсілі өз құрамына зерделеуді, пайымдауды, бұл болмысты,өзінді және бүкіл әлемді, әлемдегі өзінді, өзіндегі әлемді түсінуді енгізеді. Мұндай принцип адамның құқық әлемімен өзара қатынастарында да орын алады. Ол құқықтық мәліметтерді өз ақыл-ойының теориялық, кәдуілгі, философиялық

ақыл-ойының тұрғысында бағалайды, сынайды тексереді, күмән келтіреді. Бұл позитивті құқықты ақылды, әділеттілік, шынайылық ақиқаттылық және тағы да басқа тұрғысынан сынауды білдіреді және де ол позитивті құқыққа қатынасында өзге өлшемге де ие болады. Бұл өлшем биліктің немесе оның өкімдерімен емес, адамның қоғамдық болмысының іргелі қасиеттері мен мәселелері, табиғат пен құқықтың мәнін тану қажеттілігі,оның адамның бірлескен өмірдегі алатын орны мен маңызы сияқты нәрселер арқылы анықталады. Ақыл-ойдың мақсаты - ақиқат және құқық философиясы да құқық туралы ақиқатты іздеумен айналысады. Құқық философиясының пәндік аймағы құқық пен заңның айырмашылығы және арақатынасы мәселесі. Құқық философиясының тарихы ертеден басталғанымен,' «құқық философиясы» терминінің өзі XVIII ғасырдың соңында пайда болды. Бұған дейін ерте заманнан бастап, философиялық-құқықтың сала проблематикасы бастапқыда жалпы тақырыптың бір үзіндісі және қыры ретінде қойылып, ал кейінірек зерттеудің жеке дербес пәні ретінде дамыды.

Бастапқыда *құқық философиясы* термині заңгерлік ғылымда пайда болды. Оның авторы,құқықтың тарихи мектебінің негізін қалаушы,неміс заңгері Г.Гуго болып табылады. Гугоның пайымдауынша юриспруденция үш бөліктен тұрады: заңгерлік догматика, құқық философиясы және тарихы. Бұл жағдайда құқық тарихы құқықтың заң шығарушылық нәтижесінде емес, тарихилық нәтижесінде қалыптасуы туралы тұжырымды ұстанады. Құқық философиясы терминінің кең таралуы Гегельдің "құқық философиясымен" байланыстырылады. Гугомен салыстырғанда Гегельдің ойынша құқық философиясы заңгерлік емес, философиялық пән. Оның үстіне философия ғылымын ол тарихи ғылым ретінде қарастырады. Гегель бойынша құқық туралы нағыз ғылым құқық философиясында көрінеді. Құқық философиясы пәнін Гегель былайша сипаттайды: құқық туралы философиялық өзінің пәні ретінде құқық идеясын құқық ұғымы мен оның іске асуын қарастырады. Құқық философиясының мақсаты-құқық негізіне жатқан ойларды игеру. Ал бұл дұрыс ойлау, құқықты философиялық тану арқасында мүмкін болады. Құқық философиясы пәнінің

гегельдік түсіндірмесінің алғышарттарына ойлау мен болмыстың, ақылдылық пен нақтылықтың бірегейлігі туралы философиялық идеялары жатады. Философияның, оның ішінде құқық философиясының да мәндеттері осыдан туындайды, - «бар нәрсені игеру, өйткені бар нәрсе-ақыл-ой». Құқық философиясы пәні мен міндетінің гегельдік түсіндірмесі құқық пен заңның бұрынғы табиғи-құқықтық концепцияларында да, табиғи құқықтың антирационалистік сынына да және құқықтық рационалистік тәртібіне де қарсы шықты. Құқық философиясының пәндік сипатын заңгерлік және философиялық ғылымдарда анықтау мәселелерін қойған Гуго мен Гегель көзқарастары ХІХ-ХХ ғасырлардың философиялық-құқықтық зерттеулерінде онан әрі дамыды. Философиялық ілімдердің өздерімен қатар, құқықтың философиялық түсіндірмелері де бүкіл заң ғылымына, ондағы философиялық-құқықтық тәсілдер мен концепцияларға әлі күнге дейін ықпалын тигізіп келеді. Сонымен қатар, юриспруденцияның өзі, құқық туралы, оның қалыптасу, жетілу және даму мәселелері туралы заңгерлік-теориялық концепциялар да құқықтық тақырыптың философиялық зерттелуіне айрықша әсерін тигізді. Философия немесе заң ғылымдары жүйесінде болсын, құқыққа деген барлық философиялық тәсілдерде осындай өзара ықпал және өзара әрекет байқалады. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап және ХХ ғасырда құқық философиясы заңгерлік пән ретінде негізінен заң факультеттерінде оқытылғанымен, оның дамуы үнемі философиялық оймен байланыс болып қала береді. Ерекше философиялық пән ретіндегі құқық философиясында танымдық мүдде мен зерттеушілік назар құқық саласындағы белгілі бір философиялық концепцияның танымдық мүмкіндіктері мен әлеуеттік мүмкіндіктерін ашып көрсетуге бағытталады. Мұнда белгілі бір объект ерекшеліктеріне қарай, соған сәйкес концепцияны методологиялық және аксиологиялық тұрғыда, сол концепция тілінде объектіні пайымдауға, түсіндіруге және игеруге қолдана отырып, оның мазмұндық нақтылауына көп көңіл бөлінеді.

Ал заңгерлік тұрғыда дайындалған құқық философиясы концепцияларында жоғарыдағы саламен салыстырғанда әдетте зерттеудің құқықтық сарындары,

бағыттары мен бағдарлары басым болады. Және бұл жағдайда философиялық талдау аймағына көбіне дәстүрлі юриспруденцияның нақты сұрақтары кіреді. Алайда ең бастысы, әрине, тақырыптар мен мәселелердің қайсысын таңдау емес, қазіргі философиялық және құқықтық ойдың жалпы контекстінде нақтыландыру ағымында оларды құқық философиясы тұрғысынан түсіндіру мен пайымдау болып табылады.

3. Ішкі істер органдарының әр түрлі қызметіндегі қызметкерлердің этикасы. Азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмыстық қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-іздістіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі.

Адам мен азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті заңға қарсы қол сұғулардан қорғау; - қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуеті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу; - қылмыстарды анықтау, алдын алу, болдырмау және ашу; - жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қылмыстық жауаптылықтан жалтарған адамдарды, хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды және заңмен көзделген басқа да адамдарды іздестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ табылған, танылмаған мәйіттерді сәйкестендіру; - шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау-бүлдіру әрекетін анықтау, алдын алу және болдырмау; - Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа күзетілуге, қорғалуға тиіс лауазымды адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; - мемлекеттік шекараны

күзетуді қамтамасыз ету; мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету; коммерциялық құпияны қорғауда ұйымдарға жәрдемдесу; - бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-атқару заңдарымен белгіленген режимді қолдау.

Философияда «қағиданың түсінігі заң көлемінен шықпайтын жалпы теорияны қамтитын, құқық саласының негізін, жағдайын танумен түсіндіріледі.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық, ұлтына, теңдігіне қарамастан кәсіби әдептің маңызы өте зор.

Мемлекеттік аппараттың қызметі тек қана заңның талабы орындалғанда ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) бекітілген. Бұл Әдеп кодексі мемлекеттік қызметкерлердің қызметте және күнделікті өмірдегі жүріс-тұрыстарының жаңа стандартын бекітті. Соның негізінде енді мемлекеттік органдарда этика бойынша арнайы уәкілдер жұмыс істейді. Әдеп кодексінің жаңа редакциясына сәйкес Әдеп жөніндегі уәкіл енгізілген. Әдеп жөніндегі уәкіл - қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (бұдан әрі - Әдеп кодексі) бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес беретін мемлекеттік қызметші. Облысымызда алғаш рет әдеп жөніндегі уәкіл тағайындалды. Енді мемлекеттік қызметшінің моральдық бет-бейнесі мен этикасына айрықша көңіл бөлінетін болады. Әдеп жөніндегі уәкіл сондай-ақ, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдап, басқа да функцияларды жүзеге асырады. 2016 жылдың басынан бастап мемлекеттік қызметшілерге арналған Әдеп кодексі заңды күшіне еніп, қолданыла басталды. Осы аталған заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар жоғарылай бастады. Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады. Мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бөлек, бос уақытында да Әдеп кодексін қатаң ұстауы міндетті екен. Оның ішінде қызметкер сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын алға тартпайтын және жеке басының пайдасы үшін қолданбайтын адал, баршаға ортақ қабылданған іскери стильге сай өзін ресми түрде ұстап, сабырлы, салмақты, ұқыпты болу тапсырылған. Сондай-ақ, еліміздегі тілдерге, салт-дәстүрлерге сыйластықпен қарап, әділ де заңды шешімдер қабылдап, өсек тасымай, біреуді сын айтқаны үшін қудаламай және мемлекет меншігін тек қызмет бабында пайдалану нақтыланған. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметші жемқорлық фактісіне қатысты, тіпті, есімінің аталуына жол бермеуі, қол астындағыларды кемсітпеуі және қызметкерлердің барлығына құрметпен қарауы тиіс. Ал, ең бастысы, мемлекеттік қызметшілердің жеке өміріне байланысты талаптар тіпті күшейген. Сондай-ақ, оларға көрінген жерде қызметтік куәлігін алға тартып, лауазымын пайдалануға шектеу қойылып отыр. Мемлекеттік қызметші үшін өзіне шектен тыс сенімді болу, қызметтестеріне, бағыныштылары мен келушілерге шыдамсыздық көрсету - үлкен қателік. Мемлекеттік қызметшінің шыншыл болуы - оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады. Ол екіжүзділікке, өтірік айтуға, ырғақтарды жеке мақсаты,

мансабы үшін өзгеше сипатта карауға, түсінуге қарсы. Мемлекеттік қызметшіге, өзге мамандық иелеріне карағанда тәкаппарлық тіпті де жараспайды. Ол адамдарға қатынасындағы менмендікпен, олардың білімі мен тәжірибесін менсінбеушіліктен, өз орнын аса биік бағалаудан, қолы жеткен табысқа мастанудан, өз мүмкіндігін асыра бағалаудан көрінеді. Бүгінгі күннің талаптары қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруды қажет етеді. Олардың тиімділігі мемлекеттік аппараттың кадрлық корпусының кәсібилігімен анықталады. Мемлекеттік басқаруды реформалаудың мәселелерін Қазақстан Республикасының Президенті өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты тарихи Жолдауында нақтылап берді. Мемлекеттік қызметті реформалаудың саяси мақсаты мемлекеттілікті нығайту, мемлекеттік басқарушылардың жаңа кәсіби кадрлық корпусын құру болып табылады. Осыған байланысты олардың жауапкершілігі арта түседі. Қызмет этикасы мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптардың Заңға арнайы енгізілуі кездейсоқтық емес. Бұл шаралардың дәл уақытында қабылданып отырғандығы күмән туғызбайды.

Қорытынды. Мемлекеттік қызметші үнемі дүйім жұрттың назарында жүретін адам. Оның имиджі - ол мемлекет имиджінің ажырамас бөлігі. Қалалар мен аудандар әкімдерінің, ауылдық округ әкімдерінің, мемлекеттік орган басшыларының атқарып отырған жұмыстары негізінде азаматтардың әділдік туралы пікірлері қалыптасады, олардың қарапайым адамдардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына көңіл бөлулері бойынша мемлекеттік биліктің қауқарына баға береді. Осыдан барып, барлық жауапкершілік шаралары туындайды. Сондықтан да, мемлекеттік қызметшілер өздерінің қарапайым мінез-құлқымен, жауапкершілігімен, кәсібилігімен қоғамның мемлекеттік қызметке, жалпы мемлекетке және оның институттарына деген сенімін сақтап, нығайтуы қажет. Кез-келген лауазым заңға қарсы әрекеттермен, менмендікпен, тәкаппарлықпен, паракорлықпен, өкілеттіктерін теріс пайдаланумен сыйыспайды, мысалы қызметтік көліктерін өз мақсаттарына пайдалану. Өкінішке орай, өмірде біз осы аталған жат жайттармен жиі кездесеміз,

сондықтан әр мемлекеттік қызметшінің парызы оларға сыни принциптілік көзбен қарау, ал басшылар ондайларға жол бермеу үшін жолын кесу шараларын қабылдауы қажет, бұл сөзсіз мемлекеттік қызметтің имиджін көтерері анық. Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң мемлекеттік орган басшыларының өздерінің және бағыныстыларының мемлекеттік қызмет этикасы нормаларын сақтауы үшін жауапкершілігін арттыратынын атап өту қажет. Мемлекеттік қызметкерге жалпы қабылданған этикет сақтау өте маңызды, себебі ол тікелей адаммен жұмыс жасайды және әр түрлі адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы қызмет атқарады. Сондықтан мемлекеттік қызметкердің сыртқы бейнесі, киім-киісі, қимыл-әрекеттері, сөйлеу мәнері, ой-пікірі, жеке қасиеттерінің барлығы да адамға нұқсан келтірмейтіндей қызмет ету керек. Осы аталғандардың барлығын сақтау үшін этикеттің принциптерін ұстану керек. Еліміздің ертеңі - бүгінгі мемлекеттік қызметшілердің адамдық парасаты мен ар-ожданына және кәсібилігіне байланысты болғандықтан, «Біздің міндет - халыққа қызмет!» деп Елбасы белгілеп берген ұран аясында елге деген адалдықтың «ақ туын» абыроймен ұстауымыз қажет.

7 – дәріс. Дәріс тақырыбы – «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі әдептілік» .

Дәріс жоспары:

Кіріспе

1. Ішкі істер органдары қызметкерінің этикеті мен имиджі.

1. Ішкі істер органдары қызметкерінің сыртқы келбет ерекшеліктері.

Қорытынды

Кіріспе.

Адамгершілікті мәдени қарым-қатынастың құрамдас бөлігінің бірі *этикет* болып табылады. Этикет дегеніміз – адамдардың сырттағы қарым-қатынасын (қоршаған ортамен қатынаса білу, көпшілік орындарында өзін ұстай білу әдебі және т.б.) реттеп отыратын мінез-құлық ережесінің жиынтығы. Этикетте әрбір қоғамға тән қатынас формалары көрініс табады. Мысалы, дәстүрлі қоғамда бұл салт-жоралар, әдет-ғұрыптар, рәсімдер деп аталады. Бүгінгі өмірде этикет нормаларының мазмұны қоғамдағы қатынастардың демократизациялануымен және гуманизациялануымен байланысты. Этикет мінез-құлық мәдениетінің маңызды саласы ретінде тәрбие арқылы қалыптасады. Этикет формаларында терең моральдық қасиеттер орын алады. Мысалы, «*рұқсат етіңіз*», «*кешіріңіз*», «*рахмет*», «*өтінемін*» және т.б. сөздер тұлғаның моральдық қасиеттері ауқымының көлемділігін көрсетеді. Бұл ілтипат көрсетудің немесе өткендегі іс-қылығына кешірім сұраудың бір көрінісі де болуы мүмкін. Этикет сыпайылық, ұстамдылық, сыйластық, ашықтық, әдептілік сияқты қасиеттерді пайдалануды қажет етеді. Сонымен бірге этикет ережелерін пайдалануда дөрекілік, бөспелік, арсыздық, әдепсіздік, жүгенсіздікке жол берілмейді.

Моральдың құрамдас бөлігі ретінде этикет аса маңызды коммуникативтік міндетті атқарады. Оның принциптері мен нормаларын білу қарым-қатынасты жеңілдетеді, адамгершілікті мәдени деңгейге көтереді, достық, махаббат, отбасы қатынастарындағы және т.б. адамгершілік құндылықтарды көре білуге, бағалауға үйретеді, рухани мәдениетінің, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына көмектеседі, моральдық қатынас мәдениетін бағалауда кездесетін кейбір келеңсіздіктерге жол бермейді. Осы айтылғанның бәрі этикеттің, тұлғаның мінез-құлқының сыртқы көрінісі ретінде әрдайым тұлғаның рухани дүниесінің ішкі моральдық мазмұнымен байланыста болатынын дәлелдейді. Соттық этикет сот әділдігі мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады, сот билігінің беделіне қызмет етеді. Құқық әділдігін қамтамасыз ету, сот билігінің беделін сақтау және қолдау соттық этикеттің ережесіне қызмет ету болып табылады.

1. Ішкі істер органдары қызметкерінің этикеті мен имиджі.

Этикет жалпы мағынада адамзаттық өзара қарым-қатынастарды көрсететін реттеуші жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығы деп түсінуге болады (қоршаған ортамен қарым-қатынас, сәлемдесу және тіл қату құралы, қоғамдық орындарда өзін-өзі алып жүру ережелері, киім кию үлгісі мен сөйлеу мәдениеті). Этикет — қоғам мен адамның сыртқы мәдениетінің құрамдас бөлігі. Бізге белгілі болатындай дипломатиялық этикет, «жоғарғы қоғам» этикеті деген түрлері бар және тағы да басқа түрлері бар. Этикет сыпайылық заңдарына, адамдар мен мекемелерге қатысты сыпайылық және сыйластық, кішіпейілділік пен ізеттілік қатынастарынан туындайтын жалпы ережелерге негізделеді.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды. Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны - Қазақстан Республикасына адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі, "Мемлекеттік қызмет туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілері мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

Мемлекеттік органдардың басшылары, орталық атқарушы органдарда - орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органдардың жауапты хатшыларының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғалар, ал орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары немесе көрсетілген лауазымды тұлғалар болмаған жағдайда - орталық атқарушы органдардың басшылары Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің мәтінін

мемлекеттік органдардың ғимараттарында баршаға көрінетіндей жерлерге орналастыруды қамтамасыз етеді.

1. Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекет мүдделерін қорғауға; Қазақстанның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

2) Конституцияны бұлжытпай сақтау және Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сүйене отырып, заңдылықтар қағидаттарын басшылыққа алуға;

3) азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға бастайтын іс-әрекеттерге жол бермеуге;

4) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық татулықты нығайтуға жәрдемдесуге;

5) мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, әділ де сапалы атқаруға, ол үшін өзінің жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;

6) жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін жұмсауға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы және үнемді әдістерін қолдануға, сеніп тапсырылған мемлекеттік мүліктерге ұқыппен қарап, оны ұтымды әрі тиімді пайдалануға;

7) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;

8) мемлекеттік қызмет мүдделеріне залал келтіретін іс-әрекетті болдырмауға; мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделерін қозғайтын мәселелер жөнінде шешімдер қабылдауға қатысы бар адамдардың қызметіне араласпауға;

9) кәсіпкерлік қызметке араласуға және жекелеген шаруашылық субъектілерінің мүдделерін сүйемелдеуге жол бермеуге;

10) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарға пайдалануға жол бермеуге;

11) қызметі жоғары немесе төмен тұрған не өзімен қызмет немесе жұмыс бойынша өзге де тәуелділіктегі адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға;

12) мемлекеттік функцияларды орындаумен байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар қабылдау немесе қызметін пайдалану фактілеріне жол бермеуге;

13) заңмен белгіленген жағдайлардан басқа, қазақстандық немесе шетелдік жеке және заңды тұлғалар есебінен мемлекетішілік және шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақырулардан бас тартуға;

14) өзінің іске көзқарасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда орнықты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай туғызуға ықпал етуге;

15) мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс жасауына және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

16) кадрларды жерлестік және жеке өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

17) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызмет этикасы нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуге;

18) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киім киюдің іскерлік стилін ұстануға тиіс.

2. Азаматтармен және заңды тұлғалармен қарым-қатынастарда мемлекеттік қызметшілер:

1) азаматтардың мемлекеттік институттарына сенімін нығайтуға ықпал етуге;

2) қарапайымдылық танытуға, өзінің лауазымдық жағдайын, соның ішінде көлік, сервис және өзге де қызметтерді алу кезінде баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өзінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен қоғам тарапынан негізді сынға ұшырамауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, оған төзімділікпен қарауға, оң сын-ескертпелерді кемшіліктерді жою мен өзінің кәсіби қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

4) өтініштерді қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

5) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қарым-қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

7) сыпайы және әдепті болуға тиіс.

3. Өзіне бағынысты қызметкерлері болатын мемлекеттік қызметшілер:

1) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін олардың атқаратын лауазымдарына сәйкес дәл айқындауға, бағынысты қызметкерлерге анық орындай алмайтын өкімдер бермеуге және олардан қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;

2) бағынысты қызметкерлеріне қатысты негізсіз айыптауларға, дәрежелік фактілеріне, адамдық қадір-қасиетін кемсітуге, жөнсіздікке жол бермеуге;

3) бағынысты қызметкерлерді құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалармен үйлеспейтін іс-әрекеттер жасауға мәжбүр етпеуге тиіс.

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалары сөйлейді.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірталасты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

4. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

1. мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2. жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпараттарды ашатын болса;

3. мемлекеттік лауазымды тұлғаларының атына әдепке сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруге тиіс емес.

4. Мемлекеттік қызметшінің атына коммерциялық ұйымдарды басқаруы және кәсіпкерлік қызметпен айналысуы, біреудің мүдделерін сүйемелдеуі жөнінде негізсіз көпшілік алдында айыптау болған жағдайда, ол тиісті түрде мұндай айыптауларды теріске шығаратын ақпаратты жариялауға тиіс.

5. Мемлекеттік қызметшіні сыбайлас жемқорлық жасаған деп көпшілік алдында айыптаған жағдайда, ол бұл айыптауларды теріске шығару, соның ішінде сот арқылы теріске шығару шараларын қабылдауы керек.

6. Мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін сақтауы олардың қызметтік борышы болып табылады.

7. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде көзделген талаптарды бұзғаны үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

8. Мемлекеттік органның ұжымы мемлекеттік қызметшіні қызметке тағайындау және қызметтен босату құқығы бар лауазымды тұлғаның шешімі бойынша мемлекеттік қызметшінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін сақтамау фактісін қарап, қараудың нәтижесі бойынша қоғамдық мін таға алады.

Сыртқы түрдің, эстетикалық мақамның эстетикалық талғамға сай болуы (оларды таңдау мен барлық жағдаяттарға байланысты), қызметтік орын қарым-қатынас жасаудың міндеттерін жүзеге асыруға, тұлғаның коммуникативті деңгейін өсіруді жүзеге асырады, бұларсыз ішкі істер органының мамандары өз қызметін атқаруы мүмкін емес.

Ішкі істер органының мамандарының еңбегін бағалау кезінде әрекет ету, уәждемелік, сипаттық, мағыналық формаларының сәйкестігі негізге алынады. Қай қызметкердің болса да айқын, ұқыпты әрекеті пайдалы әрі көркем болмақ. Керісінше, ұқыпсыз, немқұрайлы, салақ жасалған әрекеті кері әсер етеді.

Адамның ішкі сенімі (қалайтын) қарым-қатынаста баламалы түрде көрініс табатынын, логика мен сөйлеу мәдениетінің негізгі рөл атқаратындығын әрқашанда айтып отырамыз. Сөйлеу — бұл адам өзінің ойы мен сезімін білдіретін форма. Барлық сөз байлығын пайдаланып, логикалық, анық сөйлеу, оны дұрыс қабылдауға септігін тигізеді. Жөнсіз, ретсіз сөйлеу өте терең және дұрыс ойды бұзуы мүмкін. Адамның көпшілік алдында сөз сөйлеген кезде сөйлеу мәдениетінің белгіленген ережелері мен нормаларын сақтап, ерекше дайындалуы тиіс. Ішкі істер органы мамандарының қашанда дұрыс және логикалы сөйлеуге тырысуы керек. Дөрекі сөздерді, жаргонды тіркестерді қолдануға жол бермеу керек. Қажетсіз шетел сөздері мен терминдерін қолдана беруге болмайды.

Әсіресе, қарапайым адамдармен-азаматтармен қарым-қатынас жасау ережесін сақтау керек. Біріншіден, қажетті дәрежеде тыңдай білуі керек. Егер әңгіме қызықсыз не болмаса іске ешқандай қатысы болмаса да, әріптесті дөрекі сөздермен тоқтатып тастауға болмайды. Сөйлесуде өз ойын қысқа және анық жеткізу әріптестің сөзшендігіне ескерту жасайды, ал маманның салмақты, байсалды жауабы қатты дауысты, тұлғаның эмоционалдығын, дауысын басуға мәжбүрлейді.

Полиция қызметкерінің әрекеті барлық қатаңдығымен және шешімділігімен әділдік тұрғысынан қарағанда, мінсіз әрі түсінікті болуы тиіс.

Егер әрекет ету барысында қателіктер жіберілсе, онда оны тезірек түзету қажет. Мұны қашанда түсінеді және бағалайды. «Егер сіздікі дұрыс болмаса, онда оны тез және шешімді түрде мойындаңыз». Дейл Карнегидің бұл ережесі

бүгінгі таңда ішкі істер органының қызметкерлері үшін негізгі қағида болуы тиіс.

Ішкі істер органының қызметкерлері өзінің талаптары мен ескертулерін әдепті және көңілге қонымды формада білдіруі тиіс. Маман өзінің әрекеті арқылы азаматқа деген ықыласты, адал пейілді қарым-қатынасын көрсетуі тиіс. Ашу шақырып, қорқып немесе сасқалақтаған адамға ерекше көңіл бөлу керек.

2. Ішкі істер органдары қызметкерінің сыртқы келбет ерекшеліктері.

Ішкі істер органының қызметкерлері қылмыскермен қарым-қатынас жасауда өзіне тән ерекшеліктері болады. Біріншіден, қызметкерге ойлап істеген құқық бұзушылықты ойланбай, білместіктен істеген құқық бұзушылықтан ажырата алуы тиіс. Егер бірінші жағдайда, төзімділік пен сыпайылықты көрсетсе, құқық бұзушылықтың жолын шешімді түрде кесуге болады, ал екінші жағдайда, құқық бұзушыға ізгі түсініктер мен кеңестер береді.

Құқық бұзушыға қойылған талаптар заңдық күші бар нормативтік актілерден тікелей шыққан, негізделген, әділ және түсінікті, әдепті, өнегелі, нағымды түрде айтылуы тиіс. Аталған оқиға болған жерді қоршаған адамдарға деген маманның тәртібі мен қарым-қатынасына көп нәрсе байланысты. Құқық бұзушының өзімен де дөрекі қарым-қатынас жасау қоршаған адамдарға кері әсер етуі мүмкін. Заңға сәйкес және шешімді әрекет қашанда қолдау табады.

Ішкі істер органы қызметкерлері бұзылған құқықтық тәртіпті қоршаған азаматтармен бірігіп, қалпына келтіру барысында тартысқа жол беруі мүмкін.

Ашуланған құқық бұзушының ашуын басуы үшін уақыт беру керек. Содан кейін тиісті дәрежедегі заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып, оған құқыққа қарсы әрекетін тоқтату керектігіне ұсыныс жасау керек. Құқық бұзушыны ұстаған кезде оның азаматтармен қарсыласуына жол бермеу керек.

Қарым-қатынас жасаудағы стиль мен мақам қарым-қатынастың негізгі элементтері болып табылады. Стиль — бұл қарым-қатынастың жалпы композициясы, адамдарға және өз-өзіне, тұлғаның ізгілік бағдарына бағытталған қарым-қатынастағы мінез-құлықтың қасиеті мен ерекшелігі. Қарым-қатынас стилінің негізгі элементтеріне мыналар жатады: қадір-қасиет, ізеттілік, әдептілік, ілтипат.

Қарым-қатынас мәнері — бұл әрбір адам үшін бір қалыпты, оның образына дағды болып енген, әртүрлі тиянақты белгілер: сөйлеу, тыңдау, қимылдау және т. б. енгізетін әрекеттер.

Қарым-қатынастың нормалары мен ережелерін шартты түрде әдепті (стереотипті) және әдепсіз, немесе шығармашылық деп бөлуге болады. Бұлай бөлу нақты қарым-қатынаста әдеп нормаларын, элементтерді, жат қалыптарды (яғни шығармашылық сипат алған қарым-қатынас элементтері) орындауда шартты түрде алынған.

Қарым-қатынастың әдептілік формасын қарастырамыз. К. Стошкус: «Әдеп — жай ғана мінез-құлықтың стандарты емес, ол қарым-қатынастың ұғынықты рәсімнің формасы», — деп қорытындылайды. Әдеп бұрыннан пайда болған, ол дәстүрдің символикалық рәсімімен тығыз байланысты. Мінез-құлықтың әдеп формаларының үдерісі мен құрылуы мінез-құлықтың ізгілігімен тығыз байланысты.

Сондықтан да, тек кәсіптік ұғыммен ғана байланысты, қоғамдағы моральдық- этикалық құндылықтармен байланысы жоқ түсінік қоғам және қоршаған орта үшін өте қауіпті. Бұл мақсатта, заңгердің кәсіби этикасы кәсіптік этикалардың құқықтық және адамдар арасындағы қатынастардың басты межесі болуы керек. Бұл жағдайда екі түсінікті айыра білу қажет. Олардың айырмашылығы неде екеніне тереңірек тоқтала кететін болсақ.

Кәсіби этика дегеніміз- белгілі бір моральдық-құқықтық құндылықтар мен мөлшерлері мен кез-келген адамның өмір сүруі. Біз өзіміздің өмірге

келуіңізге байланысты, белгілі бір құқықтық аумақта өмір сүреміз, сондықтан да біз құқықтық субъект бола отырып, құқықтық мәдениетке өз тарапымыздан өз бағамызды береміз.

Заңды субъективтік құқықтар мен міндеттері анықталған, құқықтық қатынастардың мүшесі және өзінің іс-қимылы мен әрекеті арқылы осы құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырушы адам болып табылады. Құқықтық субъектісіндегі этика ұғымы- дербес зат. Ол адамның мемлекетпен бекітілген құқық пен заңдарға деген өзіндік арақатынасы болып табылады. Бұл арақатынас адамның жеке азаматтық және саяси институттарға деген көзқарасы арқылы білінеді. Сонымен, құқықтық этиканың субъектілігіне кез-келген, құқықтар мен міндеттерді иеленген адам ие бола алады. Ол құқықтарды жүзеге асыра отырып, өзінің қалыптасқан құқықтық межелерге деген қатынасы мен көзқарасын көретеді. Заңгерлік этиканың субъектісі дегеніміз- заң шығарушылық пен қолдануды тікелей жүзеге асыратын маман адам. Заң әр түрлі мақсатта пайдаланылуы мүмкін. Бұл заңға байланысты емес, бұл заңды өзінше түсініп, қолданып отырған заңгерге тікелей байланысты. Кәсіби этика субъектісінде бірінші орынға құқыққа деген бағалы қатынас қалыптасуы керек. Оның құқықтық шығармашылықтағы рөлі өте төмен. Ал заңгерлік этика субъектісінде құндылық көзқарас кейінге ысырылып, бірінші орынға, нормативтік құжаттарды білу мен оны қолдануы, яғни заң әліппесін білуі бірінші орынға қойылады. Бұл жағдайда заңгер маманның білімі мен ішкі қарым-қатынасы, заңның нормаларымен сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл жағдайда адамның азаматтық көзқарасы мен маманның көзқарасының арасында тайталас туады. Заңгердің кәсіптік жұмысы сан-қилы болуына байланысты (бас прокурор, тергеуші, заң кеңесшісі, мәжіліс депутаты, қала әкімі, кеденші, нотариус, еңбек ұжымының жетекшісі және т.б.) құқықтық-этикалық көзқарасы мен заңгерлік қызметтік көзқарасы өзара байланысты болып, этикалық моральдың қиын таңдау жасауға мәжбүр етті. Заңгерлік этикаға анықтама беруге тырысып көрейік: маманның қатынасы, яғни маманның құқықтық

құндылықтарының, заңдық нормаларға, ережелерге деген қатынасы және осы қатынастың жұмыста пайдаланылуы. Заңгерлік этиканың бұл анықтамасы белгілі бір жұмыс атқарады, былайша айтқанда, осы арқылы жеке адамның көзқарасын зерттеп, оның кәсіптік міндетін қалай атқарғанын және жекелеген құжаттар мен заңгерлік шешімдердің мазмұнын білуге болады. Өйткені, осы құжаттар мен заңгерлік шешімдер заң шығарушылардың этикалық, адамдық көзқарастарын айқын көрсете алады. Яғни, бұл дегеніміз қабылданған заңгерлік құжаттардың моральды - этикалық құндылығын анықтауға себеп бола алады, көмектесе алады деген сөз.

Дегенмен де, кез-келген анықтама толық болмауы және бұрмаланып берілуі мүмкін. Сондықтан да, ол көптеген сұрақтар туғызып, қосымша анықтамалар мен түзетулерге енгізуді қажет етеді. Заңгерлік этика- өзгеріп отыратын білім. Оның өзгеруі біріншіден, адамның өзгеруіне, оның көзқарасының өзгеруімен тікелей байланысты. Сондай-ақ, заңгер мамандығының ерекшеліктеріне де тығыз байланысты. Өз кезегінде заңгер мамандығы да өзгеріп, заңгердің жұмыс кеңестігі ұлғаяды, (мысалы, коммерциялық фирмада заң кеңесшісі). Заңгерлік этиканың өзгеруіне: қоғамның дамуы, қоғамдық ой-пікірдің мазмұны мен қалыптасуы және әлеуметтік құрылымдардың даму дәрежесі де өзіндік әсер етті. Заңгерлік этиканың дамуының тағы бір себебі - ол этикалық білімнің ішкі логикасы, яғни әр адамның рефлексік, қоршаған ортаға деген қатынасы.

Заңгерлік әдебиеттерде құқықтың қайнар көзі туралы мәселелер жиі кездеседі. Этика кеңестігі өте кең болғандықтан, біз этиканың қайнар көзі ретінде көптеген түсініктер мен феноменалдық қатынастарды алуымызға болады. Сондықтан да біз әдістер мен әдістемелерді қарастыруымызға болады.

Біздің әдістемемізге байланысты этикалық көзқарас - мәдениет пен мәдени құндылықтарды даму нәтижесінде пайда болады және қалыптасады.

Ал құқықтық көзқарас мәдениет пен этиканың дамуы арқылы қалыптасады және сол құндылықтармен толығып отырады. Зерттеу әдісі арқылы, осы этиканың қайнар көздерін үлкен үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа- әдет-ғұрып, мифтік, діни сенімдік топтар жатады. Бұл түсініктер даму нәтижесінде азаматтардың құқықтары мен этикалық-моральдық құндылықтарды құрайды. Екінші топқа- адамның құқықтарын зерттеп, танып-білуі, яғни қазіргі моральдық этикалық құқықтарды, өткен тарихи құқықтарды зерттеу арқылы қол жеткізген түсініктері жатады. Бұл топқа адам туралы- антропология ғылымын да жатқызуға болады. Үшінші топқа- практикалық, ашып айтқанда, қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени дамуын зерттеулері жатады. Бұл жағдайда біз негізінен әлеуметтік мәліметтердің адамның құқықтық-этикалық түсінігінің қатынасындағы маңызы мен әсерін айтып отырмыз. Сонымен қатар, осы үш топты, үш түсінік ретінде қарауға болады: 1) аксиологиялық (әдет-ғұрып, миф, дін); 2) гнесологиялық (ғылым, римдік құқық, дамушы немесе позитивтік құқық, жалпы құқық); 3) праксиологиялық (әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық процестер). Құқықтар мен этикалық құқықтардың қайнар көзі - біреу. Олардың құрамына әдет- ғұрып, діни және жекелеген тыйым салушы ғұрыптар жатады. Құқықтық этиканың қайнар көзін анықтауда үш принципті басқаруға алуға болады. Бірінші, қазіргі уақытта пайдаланылып жүрген, құқықтық және моральды-этикалық жүйелерді зерттеу.

Екінші принцип, осы құқықтық және моральды-этикалық жүйелердің даму динамикасы мен олардың өзгеруін, өзара байланысын және бір-біріне қарама-қайшылықтарын көрсету.

Үшінші принцип- сыртқы, көрінетін реттеуші механизмдердің және көрінбейтін, жасырын механизмдердің есебін жүргізу. Бұл механизм тек қана сырттай бақылаушы ғана емес, адам үшін де, жасырын құпия. Сыртқы және ішкі себептердің өзара салмағы және байланысы, әр түрлі жағдайларда өзгеріп отырады.

Сонымен, заңгер этикасы қоғамның дамуы, адамның қоғамдық құндылықтарға деген көзқарасының дамуы мен өзгеруі және әлеуметтік инфрақұрылымдардың өзгеріп, даму дәрежесіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, маманның заңды, құқықтық нормативтік актілерді білу дәрежесіне және сол заңдар мен нормативтік актілерді, қоғамда қалыптасқан моральды-этикалық құндылықтарды сәйкестендіріп, жұмыс жасауына тығыз байланысты.

Қорытынды.

Егемендікке қол жеткізгеннен соң жаңа тәуелсіз мемлекеттер өздерінің ұлттық ой-сана, салт-дәстүрлерімен қоса, жалпы мәдени – рухани дүниелеріне зер сала бастады. Ұлттық қоғамдық ойлар ішінде дәстүр мен қазіргі уақыт арасындағы қайшылық пайда болды. Батыстың рухани байлықтарына тәнті болудан арылып, ұлттық ойдың ерекшелігін менгерудің уақыты келді. Бірақ Еуропаға тән нәрсенің барлығын бойды ала қашудың қажеті жоқ. Қазіргі кезде ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлықтары тиімді үйлестіру мәселесін алға қоя отырып, оларды мүлдем жаңа жағдайда сабақтастыра жүйелеу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі өркениеттіліктің тіке жолына түсінуге мүмкіндік берумен қатар, біздің қоғамдық-әлеуметтік және рухани өміріміздегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Осы айтылып отырған тұжырым студенттердің қазіргі ұлттық санамыздың өткенін, бүгінігі игілігін, болашақ мақсатын диалектикалық тұтастыққа қарастырып, дүниетанымдарының сапалық нәтижелерін дамытуға мүмкіндік береді.

Белгілі тарихшы Л. Гумилев “Өз тарихын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес”, - деген пікірін қолдауға тұрарлық. Ендігі жерде қоғамның рухани өміріндегі қажеттіліктерді (факторлар. әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени-рухани кешендер, т.б.) жан-жақты түбегейлі зерттеп, бағыт-бағдарын саралап, жасөспірімдердің дүниетанымдарын нарықтық экономика талаптарына сай қалыптастыру білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған ауқымды мақсат. Әдеп қарым-қатынас жасау жағдайында әсіресе, қайталанып келетін

жағдаяттарда (амандасу, танысу, қонақ қабылдау, қоғамдық жерлердегі мінез-құлық және т. б.) тез бағыт алуға көмектеседі. Әдеп нормалары ереже бойынша, қарым-қатынас нормаларының әліппесі болып саналады. Әдеп мәдениеті, әлеуметтік және ізгіліктің қиындықтары мен қайшылықтарына байланысты қоғаммен бірге дамиды. Танысу кезіндегі әдеп ережесі бойынша жалпы таныс адам сізді таныс емес адамға (немесе оны сізге) таныстыруы талап етеді. Біріншіден, әдеп өте жақын адамды таныстыруды үйретеді. Егер ер адам мен әйел адамның жастары шамалас болса, онда ер адам әйел адамды таныстыруы тиіс.

Қарым-қатынастың этикалық формаларын қалыптастыруда прагматикалық (іскери) байып өз әсерін тигізеді. Мұндағы қарым-қатынастың әртүрлі этикалық формаларының түрлі қызметтегі өкілдерді бар. ПБ инспекторының қарым-қатынас формасынан экономикалық қылмыстармен күрес бойынша бөлім инспекторының қарым-қатынас формасының ерекшелігі бар.

Әдепте эстетика мен әдеп үйлесім табады. Әдеп — әдемі «эстетикалық әдеп» болып табылады.

8 – дәріс. Дәріс тақырыбы - «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбие жүйесі».

Дәріс жоспары:

Кіріспе

1. Адамгершіліктік тәрбиенің түсінігі, мәні және міндеттері.
2. ПО қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбиедегі негізгі салалары мен құралдары.
3. Адамгершіліктік – кәсіби деформация.

Қорытынды

Кіріспе.

ПО қызметкерлерінің тұлғалар арасындағы қарым-қатынас этикасы сенімділігімен, қайырымдылығымен, сыйластығымен ерекшеленеді. Бұлардың барлығы өзара әрекеттерінде, көзқарастарында, пікірлерінде, сонымен қатар ыммен білдіруде байқалады. Бірақ зұлым адам, қылмыскерді сыйлауға бола ма? Әрине, адамды мысалы, қылмыскерді оның кемшіліктеріне қарамай сыйлау мүмкін емес. Сыйлаудың шегі өзгеруі мүмкін, ал оның диапазоны кең.

Ішкі істер органы қызметкерлері қылмыскер адамның да адамзаттың түп тамырынан шыққан өкілі екендігін есте сақтаған жөн. Оның әрекетіне тек өзі ғана емес, оны қоршаған ортаның, жалпы қоғамның да кінәлі екендігін ұмытпағандығымыз жөн. Егер сіз оны сыйлай алмасаңыз да, оның бойындағы адами қасиетті сөндіріп алмай, мүмкіндігінше түсіністікпен қарауға тырысуыңыз керек. Қылмыскермен, құқық бұзушымен қарым-қатынас барысында оған деген кері көзқарасыңызды білдірмеу керек. Өзіңіздің қадір-

қасиетіңізді жоғары ұстауыңыз қажет (тергеу барысында ол адам шындықты айтса да, ал қызметкер оның адами қадір-қасиетіне қысым көрсетуі мүмкін).

Қылмыскердің өзіне де оның қадір-қасиеті, құны туралы айтудан қорықпау керек. Ол оның тұйықтықты, басылып қалуын, ызалығы мен жатсынуын еңсеруге көмектесіп, ойын ашық айтады.

Ішкі істер органының мамандары арасында қарым-қатынас жасауда көптеген қиындықтар туындайды. Оларды объективті және субъективті деп екіге бөлуге болады. Қарым-қатынастың объективті қиындықтарына еңбек сипатына сай, мақсатқа жетудегі бірегей және қайталанбайтын әдістер мен құралдарды жатқызуға болады. Қарым-қатынастың субъективті жағына тұлғаның өзін-өзі бағалауға бағытталған қиындықтар жатады. Өзін-өзі бағалау жоғары (өсіріп көрсету) немесе төмен (кешенді кемдік) болады. Тұлғаның өзін-өзі бағалауының екі жағы да көптеген жағдайда маманның қарым-қатынаста объектінің жарақат алуына әкеліп соқтырады, яғни қоршаған тараптардың әрекетін бағалауды тиісті дәрежеде төмендетеді.

Әрбір адамның құндылықты бағалауы оның нақты іс-әрекетінен, жалпы тәртібі мен пікірінен байқалады. Ішкі істер органының мамандары күнделікті қарым-қатынаста өзінің мәнеріне, қағидаларына, дағдыларына басқа адамдарды да көндіруіне болмайды. Ең қауіптісі өзінің мәнері негізінде адамды соттау болып табылды. Д. Карнеги: «Егер адамдардың сізбен қарым-қатынас жасауында қуанышқа бөленгенін қаласаңыз, сіздің өзіңіз адамдармен қарым-қатынас жасауда қуанышқа бөленуіңіз керек» — деген тұжырым айтады. Осы ережені негізге ала отырып, адамдармен қарым-қатынас жасау үдерісінде тартысты белгілі дәрежеде төмендетеміз. Қарым-қатынас жасау мәдениетінің ұстанымдарының ішіндегі ең маңыздыларының бірі төзімділік (сабырлылық) болып табылады. Өкінішке орай, бұл ұстанымның құндылығы жалпыға танылған жоқ. Неге екені белгісіз оны жуастықпен, тізе бүгумен, бетімен кетушілікпен және т. б. жиі ұқсастырады. Төзімділік жұмыста да, тұрмыста да тәртіп формасына жатқызылуы мүмкін. Қай жерде болмасын бұл ұстаным өзара

сенімділікті, түсіністікті, бүкпесіздікті туындатады, тартысты, жанжалды болдырмауға көмектеседі, адал көңіл мен терең адами қасиетті қалыптастырады, мінез-құлықтың психологиялық тұрғыдан дұрыс дамуына көмектеседі. Егер ішкі істер органы маманы төзімсіз болса, онда оның өмір сүріп, жұмыс істеуінде, қиындықтар көп туындайды. Ол қылмыскер не болмаса іске қатысы бар адамның қарым-қатынас жасау барысындағы асқақтығына, өктемдігіне, оның айтқан өтірігіне және өзінің тарапына тікелей немесе жанама айтылған балағаттауына төзуі тиіс. Бірақ төзімділік қабілетін өзара тұлғалық қарым-қатынасты ізгілендіру көп көмектеседі.

1. Адамгершіліктік тәрбиенің түсінігі, мәні және міндеттері.

Қарым-қатынас жасаудың ізгі әдебіне сонымен қатар жалпы адами адамгершілік құндылықтар, яғни сенімділік, ашықтық, адалдық, риясыздық, рақымдылық (мойындаушылық), парызды өтеу мен сөзге адалдық жатады. Қарым-қатынас жасау сонымен қатар жалпы адами адамгершілік-психологиялық сезімдер, яғни кінәлілік, ұялу, өкіну сияқты сезімдер де анықталады. Бұл сезімдердің мәдениеті қарым-қатынас жасаудың ізгі әдебінде тиісті дәрежеде анықталады. Қарым-қатынас жасаудың нормалары да шындық болып табылады. Француздың философы мен жазушысы Альберт Камю: «Өтірік айтпайтын адам ғана бостандықта болады» деген ойды айтады.

Ішкі істер органының қызметін жүзеге асырудағы нақты тәжірибеде аталған қарым-қатынас жасаудың нормаларын әрқашанда тура орындау мүмкін емес. Ізгі мақсаттарға жету үшін бұл қағидалардан бас тарту мүмкіндігі нұсқаулықтар мен басқа да нормативтік құжаттарда жіберіледі. Қолда бар жалған болжамдарды дайындау түрлері, «шыншылдық» мәліметтерін және т. б. алады.

Қарым-қатынас жасауда жала жабуға, өсек-аяң айтуға жол берілмеуі тиіс, себебі олар қарым-қатынас жасау мәдениетін қатты бұзуға ықпал жасайды. Қарым-қатынас жасау үдерісі үш абстрактілі үлгіде ұсынылуы мүмкін:

1. Субъектілердің бірі «жоғары жағында» орналасады.

2. Субъектілердің бірі «төменгі жағында» орналасады.
3. Екі субъекті де «тең дәрежеде» араласады.

Аталған бөлімдердің жасының, атқаратын қызметінің, білімінің, ақылының, тәрбиесінің, мәдениетінің және т. б. тең болмауын ұйғарады Қарым-қатынас жасау — бұл, біріншіден, қайтымды байланыс арқылы субъективтік қарым-қатынас жасау. Ол бағытталған негізгі мақсат пен құндылыққа тәуелді. Қарым-қатынас жасау үдерісі тұлғаның адамгершілік мәдениетімен, яғни ар-ұждандық ой санасының деңгейімен анықталады.

Қарым-қатынас жасауда адамның мамандығы үлкен рөл атқарады.

Айналадағылармен өзара қарым-қатынас жасаудың түрін, оның стилін негізінен мамандық анықтайды. Қарым-қатынас жасауда ұлттық ерекшеліктер де ескеріледі. Әрбір ұлттың мәдениетінің өзінің ерекше белгілері бар. Барлығымызға кавказдардың қонақжайлылығы, жапондардың кішіпейілділігі, ағылшындардың әдептілігі белгілі. Шығыс халықтарының арасында қалыптасқан дәстүр бойынша адамның жайсыз көңіл-күйде болуына тыйым салады, ол қандай қайғыда болса да, жарқын жүзді қалпын сақтауы тиіс. Бұндай әдептердің қатарына кішінің үлкенге амандасуы мен қарым-қатынас жасаудағы басқа да ерекшеліктер жатады.

Қарым-қатынас жасауда тікелей қатынас жасау ерекшеленеді, яғни тікелей және жанама жанасу кезінде серіктестер арасында кеңістік пен уақыттың ара қашықтығы бар.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органы туралы» Заңында қатаң түрде белгіленген міндеттер, арнайы шешімдер ішкі істер органының маманының қарым-қатынас жасаудағы мінез-құлқына, ырғағына, олардың іс-әрекеті мен амалына өзіндік ізін қалдырады. ПО мамандары көптеген уақытын қызметте, яғни ұжымда өткізеді. Сондықтан да адамның тәрбиелі тәртібі ұжым мүшелерінің арасындағы қары-қатынасқа өз әсерін тигізеді, әрбір маманның ар-

ұждандық психологиялық көңіл-күйі өзінің еңбегін сапалы және тиімді атқаруда, жалпы және күнделікті міндеттерін айқын, дер кезінде жасауда септігі зор.

Жалпы кәсіби қызметке қойылатын коммуникативтілік талаптары ішкі істер органы маманының жеке тұлға ретінде коммуникативті тұрғыда дамуына ықпал етеді.

Ішкі істер органы мамандарының жұғысқыштық қасиеті саралаушылық сипатқа ие болады және көптеген нақты формаларды сақтауды талап етеді: аталған жүйенің басшыларымен қарым-қатынас жасайды, жұмыстағы ұжыммен, жәбірленушімен, куәгермен, айыпталушымен, балалармен және ересектермен, қоғамдық деңгейі, білімі әртүрлі адамдармен түрлі жағдайда, әсіресе, тартыс, жанжал жағдайында, эмоционалды-психологиялық қиын жағдайларда қарым-қатынас жасайды.

ПО мамандары қарым-қатынас жасауда «аталған қызметтегі қарым-қатынаста субъект ретінде адамның басқа да қасиеттерінің қарым-қатынас жасаудағы ерекшелігін анықтайтын және оның талаптарын алға тартатын негізгі топтарды» ерекшелейді. Қарым-қатынас жасаудың мұндай топтарына: ішкі істер органының жұмыскерлері, құқық бұзушылар, қылмыскерлер жатады. Құқық бұзушы, қылмыскер тұлғасы — бұл коммуникативті бұзылған әлеуеттің тұлғасы, яғни әлеуметтік пайдалы байланыс пен қарым-қатынасы үзілген, өзінің жеке тәртібіне талапшылдығы төмендеген, қоғамдық пайдалы қызметке деген құлшыныс жоғалған (немесе мүлдем дамымаған), өзін-өзі жетілдіруді не әрекетін бір уақытта, бір қатарда дамытуы тұлғаның қоғамнан тыс қалған. Ішкі істер органы мамандарының қарым-қатынас жасаудағы мақсаты — тұлғаның бұзылған құрылымын түзетіп, оның әлеуметтік пайдалы байланысқа қайтып оралуына көмектесу. Бірақ тұлғаның коммуникативтілігін қалпына келтіру жолында жұғымпаздықтың жолын жасандылықпен, тұлғаны қоғамнан уақытша оқшаулау мен иеліктен айырудың қиындықтары мен диалектикалық қайшылықтары туындап отырады.

Бұдан қызметтің басқа түрлерінде жоқ қарым-қатынас жасаудың мынадай формалары келіп шығады: беттестіру, жауап алу, тану, тінту, еңбекпен түзету мекемелеріндегі қарым-қатынас жасау жүйелері. Бұдан субъектінің құқыққа қарама-қайшы қызметінің өткір коммуникативті еместігі келіп шығады. Егер қызметтегі қарым-қатынастың басқа түрлерінде субъектілердің байланыста өзара түсіністікпен қарауға талпынатын болса, ал ішкі істер органының қызметкерлері белсенді түрдегі коммуникативті емес жағдайлармен жиі кездеседі, мысалы, олардың жасырынуға тырысуы, өтірік айтуы немесе шындықты бұрмалауға талпынуы, жалған істің, қарым-қатынас нәтижелерін жоққа шығаратын жолдарға бағыттауы т. б.

Біз қарастырып отырған қарым-қатынастың бірнеше көздері бар, олардың ішіндегі ең маңыздысы тіл болып табылады. Сөйлеуге қойылатын талаптар, оның дұрыстығы, мәнерлілігі, туралығы, ым мен ишараның эстетикалығы негізгі талаптарға жатады. Полиция қызметкері мен еңбекпен түзеу мекемесі мамандарының жаргонмен сөйлеуі, былапыт сөйлеуі, ұятсыз ым, ишара жасауы — жалпы тәртіптің кері әсерінің жүйесі.

Аталған салада пән мен әрекетте белгі болып табылмайтын, бірақ белгілі бір жағдаяттарда олардың рөлін атқаратын мағыналық міндеттерге мыналар жатады: реттеушінің таяғы мен жалаушасы, полиция бас киімі, кезекші полиция көлігінің дауысы немесе жарығы. Полицияның әдебі мен формасының мәні басты орын алатынын атап өткен жөн. Әдепті ишара «бас киімді шешу» — әдептіліктің белгісі. «Мырза» немесе «азамат» деген өтініштің өзі бағалаудың басы; үлкендерге амандасу — қызметтік субординация сақтау мен құптау. Әрбір азаматтың ұқыпсыз киімі — оның өзіне және қоғамға деген қарым-қатынасының ұқыпсыздығын куәландырады. Маманның ұқыпсыз формасы — оның қызметіне деген белгіленген қарым-қатынасын куәландырады.

Сыртқы түрдің, эстетикалық мақамның эстетикалық талғамға сай болуы (оларды таңдау мен барлық жағдаяттарға байланысты), қызметтік орын қарым-қатынас жасаудың міндеттерін жүзеге асыруға, тұлғаның коммуникативті

деңгейін өсіруді жүзеге асырады, бұларсыз ішкі істер органының мамандары өз қызметін атқаруы мүмкін емес.

Ішкі істер органының мамандарының еңбегін бағалау кезінде әрекет ету, уәждемелік, сипаттық, мағыналық формаларының сәйкестігі негізге алынады. Қай қызметкердің болса да айқын, ұқыпты әрекеті пайдалы әрі көркем болмақ. Керісінше, ұқыпсыз, немқұрайлы, салақ жасалған әрекеті кері әсер етеді.

Адамның ішкі сенімі (қалайтын) қарым-қатынаста баламалы түрде көрініс табатынын, логика мен сөйлеу мәдениетінің негізгі рөл атқаратындығын әрқашанда айтып отырамыз. Сөйлеу — бұл адам өзінің ойы мен сезімін білдіретін форма. Барлық сөз байлығын пайдаланып, логикалы, анық сөйлеу, оны дұрыс қабылдауға септігін тигізеді. Жөнсіз, ретсіз сөйлеу өте терең және дұрыс ойды бұзуы мүмкін. Адамның көпшілік алдында сөз сөйлеген кезде сөйлеу мәдениетінің белгіленген ережелері мен нормаларын сақтап, ерекше дайындалуы тиіс. Ішкі істер органының мамандарының қашанда дұрыс және логикалы сөйлеуге тырысуы керек. Дөрекі сөздерді, жаргонды тіркестерді қолдануға жол бермеу керек. Қажетсіз шетел сөздері мен терминдерін қолдана беруге болмайды.

Әсіресе, қарапайым адамдармен-азаматтармен қарым-қатынас жасау ережесін сақтау керек. Біріншіден, қажетті дәрежеде тыңдай білуі керек. Егер әңгіме қызықсыз не болмаса іске ешқандай қатысы болмаса да, әріптесті дөрекі сөздермен тоқтатып тастауға болмайды. Сөйлесуде өз ойын қысқа және анық жеткізу әріптестің сөзшендігіне ескерту жасайды, ал маманның салмақты, байсалды жауабы қатты дауысты, тұлғаның эмоционалдығын, даусын басуға мәжбүрлейді.

Полиция қызметкерінің әрекеті барлық қатаңдығымен және шешімділігімен әділдік тұрғысынан қарағанда, мінсіз әрі түсінікті болуы тиіс.

Егер әрекет ету барысында қателіктер жіберілсе, онда оны тезірек түзету қажет. Мұны қашанда түсінеді және бағалайды. «Егер сіздікі дұрыс болмаса,

онда оны тез және шешімді түрде мойындаңыз». Дейл Карнегидің бұл ережесі бүгінгі таңда ішкі істер органының қызметкерлері үшін негізгі қағида болуы тиіс.

Ішкі істер органының қызметкерлері өзінің талаптары мен ескертулерін әдепті және көңілге қонымды формада білдіруі тиіс. Маман өзінің әрекеті арқылы азаматқа деген ықыласты, адал пейілді қарым-қатынасын көрсетуі тиіс. Ашу шақырып, қорқып немесе сасқалақтаған адамға ерекше көңіл бөлу керек.

2. ПО қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбиедегі негізгі салалары мен құралдары.

Ішкі істер органының қызметкерлері қылмыскермен қарым-қатынас жасауда өзіне тән ерекшеліктері болады. Біріншіден, қызметкерге ойлап істеген құқық бұзушылықты ойланбай, білместіктен істеген құқық бұзушылықтан ажырата алуы тиіс. Егер бірінші жағдайда, төзімділік пен сыпайылықты көрсетсе, құқық бұзушылықтың жолын шешімді түрде кесуге болады, ал екінші жағдайда, құқық бұзушыға ізгі түсініктер мен кеңестер береді.

Құқық бұзушыға қойылған талаптар заңдық күші бар нормативтік актілерден тікелей шыққан, негізделген, әділ және түсінікті, әдепті, өнегелі, нағымды түрде айтылуы тиіс. Аталған оқиға болған жерді қоршаған адамдарға деген маманның тәртібі мен қарым-қатынасына көп нәрсе байланысты. Құқық бұзушының өзімен де дөрекі қарым-қатынас жасау қоршаған адамдарға кері әсер етуі мүмкін. Заңға сәйкес және шешімді әрекет қашанда қолдау табады.

Ішкі істер органы қызметкерлері бұзылған құқықтық тәртіпті қоршаған азаматтармен бірігіп, қалпына келтіру барысында тартысқа жол беруі мүмкін.

Ашуланған құқық бұзушының ашуын басуы үшін уақыт беру керек. Содан кейін тиісті дәрежедегі заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып, оған құқыққа қарсы әрекетін тоқтату керектігіне

ұсыныс жасау керек. Құқық бұзушыны ұстаған кезде оның азаматтармен қарсыласуына жол бермеу керек.

Дауласу мен қызу пікір таласта қызметкерге аса төзімділік қажет, өзара реніш пен ұрысуға бармау керек. Ұрысу мен пікірталас — бұл пікір алмасу формасы. Әрқашанда өзіңіздің әріптесіңіздің өз ойын айтуға, оның пікірін тыңдауға тырысу керек, тек өзіңіздің пікіріңізде қалуға болмайды. Дәлелдерді салмақты, сыпайы, логикалы түрде және ешқандай дәрекі көңіл-күйсіз айту керек. «Дауда жоғарыға көтерілудегі бір ғана амал, — деп жазады Д. Карнеги, бұл — одан бас тарту». Бас тарту — басқа жаққа жай ғана кету емес, дауда түсінісу болып табылады.

Қарым-қатынас жасаудағы стиль мен мақам қарым-қатынастың негізгі элементтері болып табылады. Стиль — бұл қарым-қатынастың жалпы композициясы, адамдарға және өз-өзіне, тұлғаның ізгілік бағдарына бағытталған қарым-қатынастағы мінез-құлықтың қасиеті мен ерекшелігі. Қарым-қатынас стилінің негізгі элементтеріне мыналар жатады: қадір-қасиет, ізеттілік, әдептілік, ілтипат.

Қарым-қатынас мәнері — бұл әрбір адам үшін бір қалыпты, оның образына дағды болып енген, әртүрлі тиянақты белгілер: сөйлеу, тыңдау, қимылдау және т. б. енгізетін әрекеттер.

Қарым-қатынастың нормалары мен ережелерін шартты түрде әдепті (стереотипті) және әдепсіз немесе шығармашылық деп бөлуге болады. Бұлай бөлу нақты қарым-қатынаста әдеп нормаларын, элементтерді, жат қалыптарды (яғни шығармашылық сипат алған қарым-қатынас элементтері) орындауда шартты түрде алынған.

Қарым-қатынастың әдептілік формасын қарастырамыз. К. Стошкус: «Әдеп — жай ғана мінез-құлықтың стандарты емес, ол қарым-қатынастың ұғынықты рәсімнің формасы», — деп қорытындылайды. Әдеп бұрыннан пайда болған, ол дәстүрдің символикалық рәсімімен тығыз байланысты. Мінез-

құлықтың әдеп формаларының үдерісі мен құрылуы мінез-құлықтың ізгілігімен тығыз байланысты.

«Әдеп» сөзі — француздардан шыққан. Бұл сөз орыс тіліне ХҮІІІ ғасырда, абсолюттік монархияның кезеңінде қалыптасқан. Қазіргі орыс тілінің академиялық сөздігінде әдепті «мінез-құлықтың белгіленген тәртібі, қайсыбір қоғамда айналып өту формасы» деп түсіндіріледі.

Әдеп рәсім ретінде пайда болған. Бірақ ол басқарудың монархиялық формасымен бірге пайда болды. Ежелгі Римде, мысалы, Юлий Цезарьды жай ғана «Цезарь» деп атаған кезеңде. Императорлық билікті бекітумен аулашының өмірін реттейтін, монархқа қарым-қатынас жасаудың ерекше ережелері пайда бола бастады.

Әдеп қарым-қатынас жасау жағдайында әсіресе, қайталанып келетін жағдаяттарда (амандасу, танысу, қонақ қабылдау, қоғамдық жерлердегі мінез-құлық және т. б.) тез бағыт алуға көмектеседі. Әдеп нормалары ереже бойынша, қарым-қатынас нормаларының әліппесі болып саналады. Әдеп мәдениеті, әлеуметтік және ізгіліктің қиындықтары мен қайшылықтарына байланысты қоғаммен бірге дамиды. Танысу кезіндегі әдеп ережесі бойынша жалпы таныс адам сізді таныс емес адамға (немесе оны сізге) таныстыруы талап етеді. Біріншіден, әдеп өте жақын адамды таныстыруды үйретеді. Егер ер адам мен әйел адамның жастары шамалас болса, онда ер адам әйел адамды таныстыруы тиіс.

Қарым-қатынастың этикалық формаларын қалыптастыруда прагматикалық (іскери) байып өз әсерін тигізеді. Мұндағы қарым-қатынастың әртүрлі этикалық формаларының түрлі қызметтегі өкілдерді бар. ІБ инспекторының қарым-қатынас формасынан экономикалық қылмыстармен күрес бойынша бөлім инспекторының қарым-қатынас формасының ерекшелігі бар.

Әдепте эстетика мен әдеп үйлесім табады. Әдеп — әдемі «эстетикалық әдеп» болып табылады.

Қызметтік әдеп ережелер мен нормалардың жиынтығы ретіндегі ішкі істер органы қызметкерлерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасау ережесі болып саналады. Ішкі істер органы қызметкерлерінің қызметтік әдебінің ерекше белгісі ретінде ол нормативті сипат алады: бұл жерде қарым-қатынас жарғымен, бұйрықпен, тәлімгерлікпен, нұсқаулықтармен, міндетті болып саналатын міндеттерді орындаумен реттеледі.

Сыпайылық (әдептілік) — сезімнің жоғары өлшемі. Бұл қалыптасқан жағдайда адам өз сезімдері мен әрекетін басқа адамның сезімдері мен әрекетін тура және нақты өлшеуге қабілетті болады, мінез-құлықтың осындай формасын таңдай біледі, қайшылықтарға сай адамның абыройы мен намысын сақтаған жағдайда рұқсат беріледі.

Сыпайылық — адамдар арасындағы қарым-қатынастың қажетті сәтті жағдайы. Сыпайы адам дегеніміз кім? Сыпайы адамды көп жағдайда тәрбиелі адам деп атайды. Тәрбиелі адам — бұл өзін жақсы ұстай білетін адам. Тәрбиелі адам тиісті дәрежедегі сыпайылыққа ие, ол көпшілік орында өзін ұстай алады, жақсы дағдыларды иеленген адам болып саналады.

Әдептілік — бұл ізгілік-эстетикалық феномен. Ол адамның ізгілік, эстетикалық және зияткерлік мәдениетінің жоғары дамуының негізінде қалыптасады.

Тәрбиелі адам түсінігімен арсыздық — озбыр, ұятсыз мінез-құлықтың, адамдар мен мәдениетке өткір енуі сынды түсініктермен сәйкес келмейді. Арсыздық — бұл тәрбиесіздіктің көрінісі, ішкі мәдениеттің болмауы, адамдар мен мәдениетті сыйламаушылық.

Қарым-қатынас пен мінез-құлықтың мәдениеті — бұл әрбір адамның өзінің шынайы тәртібін көрсететін айна.

Қызметтік әдеп ережелер мен нормалардың жиынтығы ретіндегі ішкі істер органы қызметкерлерінің бір-бірімен және азаматтармен қарым-қатынас жасау ережесі болып саналады. Ішкі істер органы қызметкерлерінің қызметтік әдебінің ерекше белгісі ретінде ол нормативті сипат алады: бұл жерде қарым-қатынас жарғымен, бұйрықпен, тәлімгерлікпен, нұсқаулықтармен, міндетті болып саналатын міндеттерді орындаумен реттеледі.

Мамандар арасындағы сыпайы қарым-қатынаспен қамтамасыз ететін негізгі нормалар мен ережелерге мыналар жатады: қатаң әскери субординация, саналы тәртіп, өзара сыйластық, шені, лауазымы, жасы бойынша жоғары тұраған адамды сыйлау, орындаушылық, ұқыптылық, бастама көтеру, ұстамдылық, сабырлылық және т. б.

3. Адамгершіліктік – кәсіби деформация.

Негізгі нормалар барлық қызметтік әдеп нормаларын толықтырмайды. Бүгінгі таңда ғалымдар мінез-құлық ережелерін құрайтын арнайы еске салуды дайындап жатыр. Бұл еске салуды дайындау — ұжымда жайлы психологиялық климат құруы үшін өзінің жеке мінез-құлқын ұйымдастыруда басшыларға көмек.

Еске салудың кейбір ұсыныстарын келтіреміз:

- «жоқ» деп айтуды үйрен;
- керексіз жерде сынама, сын - құрал, мақсат емес;
- ісінің жағдайын түзетіп отырған адамның атына бірде бір сыни кемшіліктерді көпшілік алдында айтып, қайталама;
- бағынышты адамның ісіне қажетсіз араласпа;
- бастық ренжітпейді, ол талдау жасайды;
- өзінің сенімсіз шешімінен бас тартуды үйрену, жалған атақтан маңыздырақ;
- билікті пайдаланбай сендіру, әлі барлық басқа құралдарды сарқыған жоқ;
- әрқашанда жақсы жұмысқа мадақ айт, бірақ жаман жұмысқа мадақ айтпа;

- бағынышты адамдарға бөгде адамдардың көзінше ескерту жасама;
- қашанда сынның объектісі болып, адам емес нашар жұмыс саналуы тиіс;
- бағынышты адамның қатесін сынау, оның өз бетінше жұмыс жасау сезіміне нұқсан келтірмеуі тиіс;
- басшының дәрежесі жоғарылаған сайын, ол болашақтағы жұмыстарға көп көңілін бөліп, уақытын арнауы тиіс;
- сөйлеуді, сөйлесуді, тыңдауды үйрен; ешқашан ашуланба, төзімді бол; — ешқашан өтірік айтпа; тәкаппар болудан ұялма;
- сенің қызметкерлерінді жұмыстан алаңдататын шаруалардан босатылуына қамқорлық жаса;
- өзіңнің жіберген қателеріңнен үйрен, басқа адамның пікіріне абай бол;
- сен үшін жайсыз адамдардан шыққан ұсыныстарын бағалауда объективті бол;
- пайдасыз ұсыныстарға зейінді және объективті бол. Қазір пайдасыз ұсыныстарды дәрекі қайтарып тастау, яғни келешекте пайдалы ұсыныстарды алу мүмкіндігінен өзіңді айыру;
- ұсынысты қайтару кезінде сыпайы және әдепті бол, бірақ сыпайылыққа талпыну шешімнің мәнін өзгертпеуі тиіс;
- егер басшының орны өзгермейтін атмосферада құрылса, оның сәтті болып келуі мүмкін емес;
- талантты бағынышты адамдардан қорықпа;
- сыни тұрғыдағы мамандардың арасындағы сенімділікті бұзбауы тиіс, бірақ сенім үшін сәтсіздікке ұрынуға болмайды;
- өзінің мамандарының мүмкіндігін білу — жақсы бастықтың қадір-қасиеті мен артықшылығы;
- адамгершілікті талапшылдықпен үйлестіре білу — ұжымда жақсы ар— ұждандық ортаның алғышарты;
- өзінің жеке тобындағы жұмысты тоқтату — беделін жоғалтудың ең жақсы құралы;

- өкімді қысқа түрде бер;
- бағынышты адамдарды сыйламаудың ең жоғарғы түрі — басшының кешігуінен жұмысты бастауды кешіктіру немесе жиналысқа дайындықсыз келу;
- жақсы бастық ескертуді жұмыстағы бағынышты адамның кемшілігін байқаған кезде айтады, ал жаман бастық көпшілік алдында тарату үшін кемшілікті жинайды;
- істің жетістігіне жетудегі сенің сенімділігің — барлық ұжымның сенімділігі;
- егер жұмыс кезінде жұмыс кабинетін тастап кететін болсаң, болатын орның туралы хабарла. Қайтатын тура уақытыңды хабарла, телефонмен қысқа сөйлес, бағынышты бола біл;
- егер бағынышты адамдардың сапалы жұмыстағы пайдалы істерді иеленуі үшін, бірінші оларды өзің иелен;
- бастықтың қадір-қасиеті — басқару жетістігіндегі күшті фактор;
- бағынышты адамды таңдау мен оқыту — істі басшының өзі орындауға қарағанда, әрқашанда жайлы міндет;
- мәселелерді шешу үшін сенің қатысуың (сенің тәжірибең, дүниетанымың, беделің) міндетті болып табылатын мәселелермен ғана айналыс;
- ұжымның сіңірген еңбегін бір ғана адамның еңбегімен салыстыруға болмайды;
- кез-келген жұмыскерді сынау арқылы, іскери жауап пен кемшілікке дайын ортаны қалыптастыр;
- белгіленген жұмыскерге бір жұмысты тапсыру үшін жұмыстың қиындықтарымен жұмыскердің мүмкіндігін объективті түрде салыстыр;
- өзіңді-өзің сына;
- жұмыста ғана бастық бол. Жұмыс үрдісінен тыс жерде сен ұжым мүшелерінің кез-келген қызметкерімен тең дәрежедесің; мәдениетті адам бірінші болып амандасады;

- күмәнді ақпарат көздерінің (өсек-аяңның) біріншіден, саған зиянды екенін есте сақта;
- егер сендердің қарым-қатынастарың жақсы болуды қаласа да, адамның қызметтік мінездемесіне адал бол. Оның саған деген қарым-қатынасы сенің кемеліне жетпеген тұстарыңды іздеу болуы да мүмкін;
- қызметтік міндеттеріңді бастағанда, жұмыстың басынан бастап сенің тиімді қағидаларың бағынышты адамдарға түсінікті болуын қамтамасыз ет;
- сен адамның оң бағасын кейде тексермеуің де мүмкін. Бірақ өзіңнің бағынышты адамдардың кез-келген теріс мінездемесін тексеріссіз қолдануға құқығың жоқ;
- өзіңді мақтаушылардан сақ бол. Олардың әрекетіне уәж ізде;
- бағынышты адамдардың өмірдегі ұсақ-түйек білімдермен мазалама, бірақ бұл білімдерді таратпа (қажетсіз жағдайда көпшілік алдындағы баяндамаларда оларды пән ретінде алма);
- адамдар әрекетінің уәжін білу — іскери көңіл-күйдің қалыптастырудың негіздерінің бірі;
- бағынышты адамдардың отбасы бар екенін, отбасы мүшелерінің атаулы күндерінің бар екендігін ұмытпа;
- белгіленген ережелердің орындалуын тексер, оларды сенің өзің орындай алатындығыңды тексер;
- бастамасы жоқ жұмыскерді емес, келбеттіні артық көр, сенің зор бедел мен еліктеу объектісіне арналған кемшіліктерің бағынышты адамдардың есебінен көбейіп отырғандығын есте сақта.

Қызметтік әдеп көптеген әртүрлі міндеттерді орындайды. Ол қызметкерлердің ұйымшылдығын, жайлы психологиялық климатты ұйымдастыру, адамгершілік пен эстетикалық тәрбиенің қызметтік істегі тиімділігін қамтамасыз етеді.

Қызметтік әдептің аталған формаларын қызметкердің мінез-құлқының мәдениетіне айналдыру үшін қажеттілер:

- қызметтік әдептің қағидалары мен нормаларының мәнін ашуды кең насихаттау;
- қызметкердің қызметтік әдепті сақтауын немесе сақтамауынан келіп шығатын салдарды нақты мысалдармен көрсету;
- қызметкердің жұмысын бағалаудың көрсеткішін оның қызметтік әдепте мінез-құлықтың нормаларын сақтауға байланысты енгізу;
- қызметтік әдептің нормаларын сақтауға байланысты мәселелерді қызметтік жиналыстарда қарау.

Қорытынды.

Жоғарыда көрсетілген қызметтік әдептің нормаларына ресми емес қарым-қатынастар да, яғни негізін ізгілік, сыпайылық, турашылдық пен міндеттілік құрайтын нормалар жатады.

Аталған түсініктің мазмұнын ашпай тұрып, әдептің ресми және ресми емес нормалары мен ережелерінің дұрыс үйлесімділігіне ар-ожданлық психологиялық ортаға, өмірге ризашылдық, ұжымдағы ұйымшылдық, қызметтік істердің өзара әдемі қарым-қатынасы мен тиімділігіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. (өзгерістер мен толықтырулар 2017 ж.).
2. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір.
4. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 06 қаңтардағы Заңы. (өзгерістер мен толықтырулар).
5. 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы.
6. Қазақстан Республикасының «ПО туралы» Заңы. 2014 жылғы 23 сәуір № 199-V.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің этикалық кодексі» туралы №153 Жарлығы.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспары. 2015 жылғы 20 мамыр.
9. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты жыл сайынғы Жолдауы. Астана, 30.11.2015 ж.
10. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996
11. Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2004
12. М.Е. Уалиев. Заңгердің кәсіптік этикасы. Оқу құралы. – Қарағанды, 2012 жыл.

Мазмұны

Дәріс №1. Этика ұғымы және оның пәні	3
Дәріс № 2. ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының категориялары	19
Дәріс № 3. Мораль. Мораль функциялары, оның құрылымы және элементтері	36
Дәріс № 4. ПО қызметкерлерінің кәсіптік қарым-қатынас жасау мәдениеті	51
Дәріс № 5. Жанжал және оның моральдық-ізгілік құрылысы	68
Дәріс № 6. Кәсіби деонтология	85
Дәріс № 7. ПО қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі әдептілік	102
Дәріс № 8. ПО қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбие жүйесі	117
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	133